

**Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану қағидасын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № 1525 қаулысына өзгеріс енгізу туралы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 12 мамырдағы № 506 Қаулысы.

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.12.2024 № 1042 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану қағидасы бекітілсін.

2. 2011 жылғы 17 қарашаға дейін Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану қағидасының 8-тармағының қолданысы тоқтатыла тұрсын, тоқтата тұрған кезеңде осы тармақ мынадай редакцияда қолданылады:

"8. Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде тік эшелондау төмендегідей жартылай шеңбер жүйесі бойынша жүзеге асырылады:

1) әуе трассаларын, жергілікті әуе желілерін және ұшу жолының нақты белгіленген бұрыштары 0-ден 179<sup>0</sup>-ға дейінгі (қоса алғанда) маршруттарды бағыттау кезінде мынадай ұшу эшелондары белгіленеді: 900, 1500, 2100, 2700, 3300, 3900, 4500, 5100, 5700, 6300, 6900, 7500, 8100, 9100, 10100, 11100, 12100, 14100 (метр);

2) әуе трассаларын, жергілікті әуе желілерін және ұшу жолының нақты белгіленген бұрыштары 180-нен 359<sup>0</sup>-ға дейінгі (қоса алғанда) маршруттарды бағыттау кезінде мынадай ұшу эшелондары белгіленеді: 1200, 1800, 2400, 3000, 3600, 4200, 4800, 5400, 6000, 6600, 7200, 7800, 8600, 9600, 10600, 11600, 13100, 15100 (метр).

3. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 11.09.2015 № 774 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

4. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 28 ақпандағы № 285 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., № 9, 67-күжат);

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 28 ақпандағы № 285 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 қаңтардағы № 61 қаулысы;

3) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне авиация мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 2 ақпандағы № 61 қаулысының 1-тармағының 1) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПАЖ-ы, 2010 ж., № 9, 109-құжат).

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2011 жылғы 12 мамырдағы  
№ 506 қаулысымен  
бекітілген

## **Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану қағидасы**

### **1. Жалпы ережелер**

1. "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және 1944 жылы 7 желтоқсанда Чикаго қаласында қол қойылған Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияға сәйкес әзірленген Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану қағидалары әуе кеңістігін пайдаланушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру, әуе кеңістігін пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында, ел экономикасы мен қорғанысы мүддесінде Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану тәртібін айқындайды.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.04.2023 № 294 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

2. Осы Қағидаларда мынадай анықтамалар пайдаланылады:

1) авиациялық жұмыстар ауданы – әуе кемелерінің авиациялық жұмыстарды орындауы шегінде географиялық координаттармен белгіленген аудан;

2) ағымдағы ұшу жоспары (CPL) – ұсынылған ұшу жоспарындағы ықтимал өзгерістерді көрсететін ұшу жоспары, бұл өзгерістер әуе қозғалысына қызмет көрсету органының кейінгі диспетчерлік рұқсаттарымен негізделеді;

3) аэростат – күштік қондырғы қозғалысқа түсірмейтін, ауадан жеңіл ұшу аппараты;

4) автожир (гироплан) – ұшқан кезде шамамен тігінен орналасқан, осьтердің айналысында еркін айналып тұратын бір немесе бірнеше тірек бұрандамен ауаның реакциясы есебінен ұсталып тұратын, ауадан ауыр ұшу аппараты;

5) әуеайлақ ауданы (тораптық диспетчерлік аудан (Terminal control area (ТМА) – бір немесе бірнеше ірі әуеайлақ маңында әуе қозғалысына қызмет көрсету маршруттарының түйісу орнында құрылатын диспетчерлік аудан;

6) әуе кеңістігін пайдалану қауіпсіздігі – әуе кеңістігін адам өмірі мен денсаулығына қауіп төндірмей, мемлекетке, азаматтарға және заңды тұлғаларға материалдық залал келтірмей пайдалану жөніндегі қызметтің барлық түрлерінің орындалуын қамтамасыз ету қабілетін айқындайтын әуе кеңістігін пайдаланудың белгіленген тәртібінің кешенді сипаттамасы;

7) әуе кеңістігін пайдалану – жүру барысында түрлі материалдық объектілердің (әуе кемелерінің, зымырандар мен басқа да объектілердің әуе кеңістігінде қозғалуы жүзеге асырылатын қызмет, сондай-ақ әуе қозғалысының қауіпсіздігіне қатер төндіруі мүмкін басқа да қызмет (биік құрылыстар салу, жүру барысында электр магниттік және басқа да сәулелер бөлінетін қызмет, көру мүмкіндігін нашарлататын заттардың атмосфераға таралуы, жарылыс жұмыстарын жүргізу және т.с.с.);

8) әуе кеңістігін пайдалануды үйлестіру – әуедегі жағдайларға, метеорологиялық, аэронавигациялық жағдайларға байланысты және әуе кеңістігін пайдаланудағы мемлекеттік басымдықтарға сәйкес әуе кеңістігін пайдалануды онтайландыруға бағытталған, әуе кеңістігін пайдалануды жоспарлау және әуе қозғалысына қызмет көрсету (басқару) барысында жүзеге асырылатын қызмет;

9) әуе кеңістігін пайдалану жоспары – әуе қозғалысын жоспарлау органдарына ұсынылатын жоспарланған қызмет туралы белгілі бір мәліметтер;

10) әуе кеңістігін пайдалануды жоспарлау – әуе кеңістігін пайдалануды, әуе қозғалысын ұйымдастыруды, әуе кеңістігін, мемлекеттік басымдықтарға сәйкес, оның пайдаланушылары арасында орны, уақыты және биіктігі бойынша бөлу жолымен әуе қозғалысы ағынын ұйымдастыруды рұқсат ету және барлау тәртібінде қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылатын қызмет;

11) әуе кеңістігінің құрылымы – әуе кеңістігін пайдалану қызметін жүзеге асыруға арналған әуе кеңістігі элементтерінің тік және көлденең жазықтықта шектелген жиынтығы;

12) әуе қозғалысына қызмет көрсету (бұдан әрі – ӘҚҚ) маршруты – әуе қозғалысына қызмет көрсетуді қамтамасыз ету мақсатында қозғалыс легін бағыттауға арналған белгіленген маршрут. "ӘҚҚ маршруты" термині тиісті жағдайларда әуе трассасын, бақыланатын немесе бақыланбайтын маршрутты, ұшып келу немесе ұшып шығу маршрутын және басқа да маршруттарды айқындау үшін пайдаланылады.

ӘҚҚ маршруты ӘҚҚ маршрутының индексін, негізгі нүктелерге (жол нүктелеріне) дейінгі немесе кері бағыттағы жол сызығын, негізгі нүктелер арасындағы қашықтықты, хабарламаларды беруге қатысты талаптарды және ең төменгі қауіпсіз абсолюттік биіктікті қамтитын маршруттық техникалық талаптармен айқындалады;

13) әуе қозғалысына қызмет көрсету аумағы – белгіленген мөлшердегі әуе кеңістігі, олардың шекарасында әуе трассалары бойынша әуе қозғалысына және олардан тыс маршруттарға қызмет көрсету диспетчерлік орталықтың диспетчері арқылы жүзеге асырылады;

14) әуеайлақтағы қозғалыс аймағы (Aerodrome Traffic Zone) – әуеайлақтағы қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін белгіленген, әуеайлақ маңындағы белгілі бір өлшемдегі әуе кеңістігі;

15) әуе шабуылына қарсы қорғаныс органдары (бұдан әрі – ӘШҚҚ органдары) – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әуе шабуылына қарсы қорғаныс бойынша жауынгерлік кезекшілік жүргізу міндеті жүктелген жедел органдары;

16) бойлық эшелондау – әуе кемелерін бір биіктікте уақыт немесе жол сызығы бойындағы ара қашықтық бойынша белгіленген аралықтарға шоғырландыру;

17) бүйірден эшелондау – әуе кемелерін бір биіктікте ұшу сызықтары арасындағы арақашықтық немесе бұрыштық жылжу бойынша белгіленген аралықтарға шоғырландыру;

18) "Брифинг" тобы – әуе қозғалысына қызмет көрсету органының және қозғалысын жоспарлау және ұшу алдында ақпараттық қызмет көрсету функциясын қамтамасыз ететін құрылымдық бөлімшесі;

19) диспетчерлік аудан (СТА) – жер бетінде белгіленген шекарадан жоғары жайылған бақыланатын әуе кеңістігі;

20) диспетчерлік аймақ (CTR) – жер бетінен белгіленген жоғарғы шекараға дейін жоғары жайылған бақыланатын әуе кеңістігі;

21) диспетчерлік рұқсат – ұшуды орындаумен және тиісті жағдайлармен және белгіленген ұшу қағидаларымен байланысты әуе кемесінің экипажына әуе қозғалысына қызмет көрсету органы беретін рұқсат;

22) диспетчерлік нұсқау – пилотқа нақты жағдайда нақты іс-қимылды ұйғаратын әуе қозғалысын пайдалану органының директивті нұсқаулары;

23) дирижабль – күштік қондырғы қозғалысқа түсіретін ауадан жеңіл ұшу аппараты ;

23-1) еркін маршруттаудың әуе кеңістігі (Free Route Airspace) (бұдан әрі – FRA) – бақыланатын әуе кеңістігінің белгілі бір көлемі, оның шегінде пайдаланушылар әуе кеңістігінің қолжетімділігін ескере отырып, белгілі бір кіру нүктесі мен белгілі бір шығу нүктесі арасындағы маршрутты ӘҚҚ бекітілген маршруттық желісіне байланыстырмай, аралық жол нүктелері арқылы маршрут салу мүмкіндігімен еркін жоспарлай алады;

24) жауапкершілік аймағы (ауданы) – әуе қозғалысына қызмет көрсету (әуе қозғалысын басқару) органдары өз функцияларын жүзеге асыратын белгіленген өлшемдегі әуе кеңістігі;

25) жауап бергіштің (транспондердің) міндетті түрде болуы талап етілетін әуе кеңістігінің аймағы (TMZ) – белгіленген рәсімдерге сәйкес пайдаланылатын бақылау жүйесіне арналған жауапкердің әуе кемесін міндетті жабдықтау талап етілетін ұшу кезіндегі белгілі бір өлшемдегі әуе кеңістігінің аймағы;

26) тікелей көру аймағынан тыс ұшу (BVLOS) – пилотсыз әуе кемесі тұрақты тікелей визуалды байланыстан тыс немесе сыртқы пилот немесе оператор пилотсыз әуе кемесінің орналасқан жерін көзбен шолып бақылауға және басқа әуе кемелеріне, адамдарға және соқтығысуды болдырмау үшін кедергілерге қатысты пилотсыз әуе кемесінің ұшу траекториясын бақылауға мүмкіндігі бар қашықтықтан тыс орналасқан пилотсыз әуе кемесінің ұшу түрі;

27) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан ұшып өтудің әуе дәлізі – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасының үстіндегі әуе кеңістігінің халықаралық ұшуды орындайтын әуе кемелерінің қиып өтуі үшін белгіленген бөлігі;

28) қашықтықтан сәйкестендіру жүйесі – ұшуды орындау процесінде пилотсыз әуе кемесі туралы ақпаратты жергілікті таратуды қамтамасыз ететін жүйе;

29) қайталанатын ұшу жоспары (RPL) – ӘҚҚ органдары сақтау және қайта пайдалану үшін пайдаланушы ұсынатын, негізгі ерекшеліктері бірдей, жиі қайталанатын, тұрақты түрде орындалатын бірқатар жеке ұшумен байланысты ұшу жоспары;

30) қалыптарды жинаудың есептік уақыты – әуе кемесі ұшумен байланысты қозғалысты бастаған кездегі есептеу уақыты;

31) қосарлы мақсаттағы өнім – өзінің қасиеттері мен техникалық ерекшеліктеріне қарай жаппай жою қару-жарақтарын және оларды жеткізу құралдарын жасау мақсаттарына арналған өнім;

32) қосымша тұрақты рейс – авиакомпанияның өзінің тұрақты рейсіне қосымша сол авиамаршрутта бір күнде орындайтын рейсі;

33) қысқа мерзімді шектеу – әуе кемелерінің ұшуды қауіпсіз орындауын қамтамасыз ету үшін әуе кеңістігінің белгілі бір бөлігін пайдалануға тыйым салу немесе шектеу;

34) радиобайланыс міндетті түрде жүргізілетін әуе кеңістігінің аймағы (RMZ) – ұшу кезінде бортта белгіленген рәсімдерге сәйкес пайдаланылатын екіжақты радиобайланыс жүргізуге арналған жабдықтың міндетті түрде болуы тиіс белгілі бір өлшемдегі әуе кеңістігінің аймағы;

35) пилотсыз әуе кемелерінің ұшуына арналған әуе кеңістігінің аймағы (UFZ – unmanned flight zone) – пилотсыз әуе кемелерінің ұшуын орындауға арналған белгілі бір мөлшердегі әуе кеңістігінің арнайы аймағы;

36) пилотсыз әуе кемелерінің ұшуына шектеу қойылған аймақ – пилотсыз әуе кемелерінің ұшуы белгілі бір шарттармен шектелген, Қазақстан Республикасы аумағының үстінде белгіленген мөлшерлердегі әуе кеңістігінің бөлігі;

37) пилотсыз авиациялық жүйелерді қолдана отырып, ұшуларды орындау үшін әуе кеңістігін пайдалануға арналған өтінім – пилотсыз авиациялық жүйелерді қолдана отырып, ұшуларды орындау кезінде әуе кеңістігін пайдалануға байланысты қызметті жүзеге асырудың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында әуе кеңістігін пайдаланушылар беретін белгіленген нысандағы құжат;

38) пилотсыз әуе кемесі (бұдан әрі – ПӘК) – бортында пилотсыз автономды жұмыс істеуге және (немесе) қашықтан басқаруға арналған немесе пайдаланылатын әуе кемесі;

39) пилотсыз авиациялық жүйе (бұдан әрі – ПАЖ) – пилотсыз әуе кемесін әуе кеңістігінде қауіпсіз және тиімді пайдалану үшін қажетті пилотсыз әуе кемесі және онымен байланысты элементтер (пилотсыз әуе кемесін басқаратын байланыс арналары мен компоненттерін қоса алғанда);

40) планер – күштік қондырғы қозғалысқа түсірмейтін ауадан ауыр ұшу аппараты, оның көтеру күші негізінен осы ұшу жағдайларында қозғалмайтын беттердегі аэродинамикалық реакциялар есебінен құрылады;

41) радиокөру аймағы шегінде ұшу (RLOS) – ұшуды басқару үшін пайдаланылатын таратқыш (тар) мен қабылдағыш (тар) радиобайланыстың бірлескен желісінің қолданылу аймағы шегінде болатын пилотсыз әуе кемесінің ұшуы;

42) радиокөру аймағынан тыс ұшу (BRLOS) – ұшуды басқару үшін пайдаланылатын таратқыш (тар) мен қабылдағыш (тар) бірлескен радиобайланыс желісінің әрекет ету аймағы шегінде болмайтын пилотсыз әуе кемесінің ұшуы;

43) тікелей көру аймағы шегінде ұшу (VLOS) – сыртқы пилот немесе оператор сыртқы пилоттың немесе оператордың орналасқан жерінен көлденеңінен 500 метрден аспайтын қашықтықта бөгде адамның көмегінсіз пилотсыз әуе кемесімен тұрақты визуалды байланыс жасай алатын және пилотсыз әуе кемесінің басқа әуе кемелеріне, адамдарға және соқтығысуды болдырмау үшін кедергілерге қатысты ұшу траекториясын бақылай алатын пилотсыз әуе кемесінің ұшу түрі;

44) тігінен эшелондау – әуе кемелерін биіктігі жағынан белгіленген аралықтарға келтіру;

45) уақытша режимдер белгілеуге ұсыным - әуе кеңістігін пайдалануға байланысты қызметті жүзеге асыру қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында әуе кеңістігін пайдаланушылардың әуе кеңістігінің басқа пайдаланушыларының қызметіне тыйым салу немесе әуе кеңістігін пайдаланушыларға берілетін уақытша режимдерді белгілеуге берілетін өтінім;

46) ұсынылған ұшу жоспары (FPL) – ӘҚК органдарының пайдалануы үшін пилот, пайдаланушы немесе оның уәкілетті өкілі ұсынған ұшудың соңғы жоспары;

47) ұшу ақпаратының аймағы (FIZ) – шекарасында ұшу ақпаратының әуеайлақтық қызметі (AFIS) немесе басқа орган берген өкілеттікке сәйкес ұшу-ақпараттық қызмет көрсету мен авариялық хабар таратуды қамтамасыз ететін ұшу ақпараты аймағының бөлігі;

48) ұшып келудің есептік уақыты:

аспаптар бойынша ұшу кезінде – аспаптар бойынша қонуға беттеу маневрін орындау болжанатын навигациялық құралдармен белгіленетін межелі нүктеге әуе кемесі ұшып келуінің есептік уақыты немесе осы әуеайлақпен байланысты навигациялық құралдардың болмауы кезінде – әуе кемесінің әуеайлақ үстіндегі нүктеге келу уақыты;

визуалды ұшу қағидалары (бұдан әрі – ВҰҚ) бойынша ұшуды орындау кезінде – әуе кемесінің әуеайлақ үстіндегі нүктеге келуінің есептік уақыты;

49) ұшу биіктігі – белгіленген деңгейден әуе кемесіне дейінгі тігінен алғандағы қашықтық;

50) ұшу маршруты – негізгі пунктпен анықталған жер (су) бетінде әуе кемесі ұшуының берілген (белгіленген) траекториясының проекциясы;

51) ұшу ақпаратының ауданы (FIR) – шегінде ұшу-ақпараттық қызмет көрсету және авариялық хабардар ету қамтамасыз етілетін белгілі бір өлшемдегі әуе кеңістігі;

52) халықаралық әуе трассасы – халықаралық ұшуларға арналған ашық әуе трассасы;

53) эшелондау – әуе кемелерін әуе кеңістігінде белгіленген аралықтарға тік, бойлай немесе бүйірлей шоғырландыру;

54) NOTAM-офис – NOTAM хабарламасын шығаратын аэронавигациялық қызмет көрсетушінің құрылымдық бөлімшесі;

55) NOTAM хабарламасы – кез келген аэронавигациялық жабдықты, қызмет көрсетуді және қағиданы қолданысқа енгізу, жай-күйі немесе өзгерту туралы ақпаратты, сондай-ақ ұшуды орындаумен байланысты қауіп туралы алдын ала ескертудің персонал үшін маңызды мәні бар қауіп туралы ақпаратты, сондай-ақ өзге де аэронавигациялық ақпаратты қамтитын хабарлама.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.04.2023 № 294 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 09.12.2024 № 1042 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 21.04.2026 № 302 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік радиолокациялық тану жүйесімен жабдықталған мемлекеттік авиациядағы әуе кемелері, Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде ұшуды мемлекеттік радиолокациялық тану жүйесі аппаратурасы арқылы орындайды.

4. Осы Қағиданы Қазақстан Республикасының барлық мемлекеттік органдары, республикалық маңызы бар облыстардың, қалалардың және астананың, облыстық

маңызы бар аудандардың, қалалардың жергілікті атқарушы органдары, әуе кеңістігін пайдаланушылар, сондай-ақ әуе қозғалысына қызмет көрсету (бұдан әрі - ӘҚК) немесе әуе қозғалысын басқару (бұдан әрі - ӘҚБ) органдары қолданады.

## **2. Қазақстан Республикасы әуе кеңістігінің құрылымы мен сыныптамасы**

### **§ 1. Қазақстан Республикасы әуе кеңістігінің құрылымы**

**5. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 19.10.2017 № 650 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

6. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 19.10.2017 № 650 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

7. Әуе кеңістігінің құрылымы мынадай элементтерді қамтиды:

1) ұшу ақпаратының аудандары (аймақтар) және диспетчерлік аудандар;

2) әуе қозғалысына қызмет көрсету маршруттары;

3) тораптық диспетчерлік аудандар, диспетчерлік аймақтар мен әуеайлақтағы қозғалыс аймақтары;

4) бақыланбайтын әуе кеңістігінің аудандары;

5) мемлекеттік авиацияның арнайы ұшу аймақтары;

6) тыйым салынған аймақтар;

7) қауіпті аймақтар;

8) ұшуды шектеу аймақтары;

9) әуе трассалары;

10) жауапкердің (транспондердің) міндетті түрде болуы талап етілетін әуе кеңістігінің аймағы (TMZ);

11) радиобайланыс міндетті түрде жүргізілетін әуе кеңістігінің аймағы (RMZ);

12) пилотсыз әуе кемелерінің ұшуын шектеу аймағы;

13) пилотсыз әуе кемелерінің ұшуына арналған әуе кеңістігінің аймағы;

14) FRA.

Әуе қозғалысына қызмет көрсетуді қамтамасыз ету туралы шешім қабылданған әуе кеңістігінің белгілі бір бөліктері мен белгілі бір әуеайлақтар әуе қозғалысына қызмет көрсету түріне сәйкес белгіленуге тиіс.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.04.2023 № 294 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 09.12.2024 № 1042 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

7-1. Әуе қозғалысына қызмет көрсету қамтамасыз етілуге тиіс әуе кеңістігін бөлу ӘҚК маршруттарының құрылымына және тиімді қызмет көрсетуге негізделеді.

Ұлттық шекарадан тыс жатқан әуе кеңістігін бөлу жөніндегі келісім әуе қозғалысына қызмет көрсетуге мүмкіндік берген жағдайда орынды болады.

Әуе кеңістігін бөлу мемлекеттік шекараны ескере отырып жүзеге асырылған жағдайда, іргелес мемлекетпен уағдаластық негізінде басқаруды тапсырудың ыңғайлы орналасқан нүктесін белгілеу қажет.

**Ескерту. Қағидалар 7-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 19.10.2017 № 650 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

7-2. Ұшу ақпаратының ауданын жоғарғы және төменгі аудандарға бөлу қажеттігін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға ведомстволық бағынысты аэронавигациялық қызмет көрсетуші айқындайды.

**Ескерту. Қағидалар 7-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 19.10.2017 № 650 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 21.04.2026 № 302 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

7-3. Аспаптар бойынша ұшу қағидалары (бұдан әрі – АҰҚ) бойынша ұшуларға диспетчерлік қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге шешім қабылданған әуе кеңістігінің бөліктері диспетчерлік аудандар, әуеайлақ аудандары (тораптық диспетчерлік аудандар ) немесе диспетчерлік аймақтар ретінде белгіленеді.

ВҰҚ бойынша ұшуды орындауды да қамтамасыз ететін диспетчерлік қызмет көрсетілетін әуе кеңістігінің бақыланатын бөліктері В, С немесе D сыныбындағы әуе кеңістігі ретінде белгіленеді.

**Ескерту. Қағидалар 7-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 19.10.2017 № 650 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

7-4. Диспетчерлік аудандар мен диспетчерлік аймақтар ұшу ақпаратының ауданы шегінде белгіленген жағдайда, олар осы ұшу ақпараты ауданының құрамдас бөлігі болып табылады.

**Ескерту. Қағидалар 7-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 19.10.2017 № 650 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

7-5. Қозғалысқа диспетчерлік қызмет көрсетуге шешім қабылданған әуеайлақтар бақыланатын әуеайлақтар болып белгіленеді. Әуеайлақтағы қозғалысқа диспетчерлік қызмет көрсету қамтамасыз етілмейтін әуеайлақтар бақыланбайтын әуеайлақтар болып белгіленеді.

**Ескерту. Қағидалар 7-5-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 19.10.2017 № 650 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

7-6. Әуе трассалары мен тораптық диспетчерлік аудандарды қамтитын диспетчерлік аудандардың шекаралары АҰҚ немесе олардың бөліктері бойынша әдетте, осы ауданда

пайдаланылатын навигациялық құралдардың мүмкіндіктері ескерілген әуе қозғалысына диспетчерлік қызмет көрсетудің тиісті түрлерін қамтамасыз ету орынды болатын ұшулардың траекториясын қосу үшін қажетті әуе кеңістігін қамтуы үшін белгіленеді.

Диспетчерлік ауданның төменгі шекарасы жер немесе су бетінен 200 биіктікте белгіленеді.

Осы Қағидалардың 37-тармағының ережелерін ескере отырып диспетчерлік ауданның жоғарғы шекарасы мынадай:

1) әуе қозғалысына диспетчерлік қызмет көрсету осы шекарадан жоғары қамтамасыз етілмеген;

2) осы диспетчерлік аудан жоғарғы диспетчерлік ауданнан төмен орналасқан және оның жоғарғы шекарасы жоғарғы диспетчерлік ауданның төменгі шекарасына сәйкес келген жағдайда белгіленеді.

**Ескерту. Қағидалар 7-6-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 19.10.2017 № 650 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

7-7. Диспетчерлік аймақтардың бүйірлік шекаралары әуеайлақтарға келген және әуеайлақтардан ұшып шығатын әуе кемелерінің АҰҚ бойынша ұшу траекториясын өтетін, диспетчерлік ауданға кірмейтін әуе кеңістігінің бөлігін қамтиды.

Диспетчерлік аймақтардың шеткі шекаралары тиісті әуеайлақ немесе әуеайлақтар орталығынан қонуға бет алу жүргізілетін бағытта кемінде 9,3 км қашықтықта болады. Диспетчерлік аймақ екі немесе бір-біріне жақын орналасқан бірнеше әуеайлақты қамтуы мүмкін.

Егер диспетчерлік аймақ диспетчерлік ауданның бүйірлік шекаралары шегінде орналасқан болса, ол жер бетінен кем дегенде диспетчерлік ауданның төменгі шекарасына дейін жайылады. Қажет болған жағдайда, жоғарғы шекараны диспетчерлік ауданның төменгі шекарасынан жоғары етіп белгілеуге болады.

**Ескерту. Қағидалар 7-7-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 19.10.2017 № 650 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

7-8. E немесе G сыныптарының кеңістігі бөлігінде ВҰҚ бойынша ұшу, сондай-ақ радиобайланыс міндетті жүргізілетін әуе кеңістігі аймағы ретінде белгіленген G сыныбының әуе кеңістігі бөлігінде АҰҚ бойынша ұшу, егер аталған аудан үшін жауапты әуе қозғалысына қызмет көрсету органымен алдын ала өзгеше келісілмеген болса, белгіленген жұмыс регламентінде "әуе-жер" екіжақты радиобайланысын жүргізу кезінде орындалады.

Жауап бергіш (транспондер) міндетті түрде болатын әуе кеңістігі аймағындағы (TMZ) әуе кемелерінің барлық ұшулары, егер аталған аудан үшін жауапты әуе қозғалысына қызмет көрсету органымен алдын ала өзгеше келісілмеген болса, қосылған жауап бергіш (транспондер) арқылы жүргізілуге тиіс.

Ескерту. Қағидалар 7-8-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 19.10.2017 № 650 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

7-9. Пилотсыз әуе кемелерінің ұшуына арналған әуе кеңістігі аймақтарының шекаралары (UFZ – unmanned flight zone) тыйым салынған және қауіпті аймақтарды, ұшуды шектеу аймақтарын және пилотсыз әуе кемелерінің ұшуын шектеу аймақтарын қоспағанда, жер бетінен 200 метр биіктікке дейінгі республикалық және облыстық маңызы бар қалалардың әкімшілік шекаралары шегінде белгіленеді.

Пилотсыз әуе кемелерінің ұшуы үшін әуе кеңістігі аймақтарының шекаралары осы Қағидаларға 3-1-қосымшада келтірілген тәртіпке сәйкес белгіленеді.

Пилотсыз әуе кемелерінің ұшуы үшін әуе кеңістігі аймақтарының шегінде пилотсыз әуе кемелерінің барлық ұшулары қашықтықтан сәйкестендіру жүйесі қосылған кезде орындалуы тиіс.

Ескерту. Қағидалар 7-9-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 13.04.2023 № 294 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

8. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 19.10.2017 № 650 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

9. Әуе кеңістігі құрылымы элементтерінің шекаралары географиялық координаттар мен биіктіктер бойынша белгіленеді. Әуе кеңістігі құрылымының элементтерін пайдалану шекаралары мен талаптары азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бекітетін Әуе кемелерін пайдаланушыларды аэронавигациялық ақпаратпен қамтамасыз ету қағидаларына сәйкес аэронавигациялық ақпарат құжаттарында жарияланады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.10.2017 № 650 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

10. Ұшу ақпараты аудандары (аймақтары) мен диспетчерлік аудандардың тізбесін және олардың шекараларын азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға ведомстволық бағынысты аэронавигациялық қызмет көрсетуші айқындайды және ол аэронавигациялық ақпарат құжаттарында жарияланады.

Тораптық диспетчерлік аудандардың және диспетчерлік аймақтардың шекараларын, TMZ және RMZ аэронавигациялық қызмет көрсетуші әзірлейді және ол аэронавигациялық ақпарат құжаттарында жарияланады.

Бақыланбайтын әуеайлақтың әуеайлақтық қозғалыс аймағының шекараларын әуеайлақты пайдаланушы әзірлейді, ол жауапкершілік ауданында әуеайлақ орналасқан әуе қозғалысына қызмет көрсету және (немесе) әуе қозғалысын басқару органымен келісіледі және ол аэронавигациялық ақпарат құжаттарында жарияланады.

Әуе қозғалысын басқару аудандарының (аймақтарының) шекаралары ұшу ақпараты аудандарының (аймақтарының) және диспетчерлік аудандардың шекараларына сәйкес келеді.

FRA, оның негізгі нүктелерін, шекаралары мен жұмыс уақытын аэронавигациялық қызмет көрсетуші азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйыммен келісу бойынша айқындайды және ол аэронавигациялық ақпарат құжаттарында жарияланады.

Еркін маршруттаудың әуе кеңістігінің мақсаттары үшін негізгі нүктелер мыналарға бөлінеді:

- 1) кіру және шығу;
- 2) аралық;
- 3) келу маршрутына қосылу нүктесі;
- 4) ұшып шығу маршрутына қосылу нүктесі.

**Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.12.2024 № 1042 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**11. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 19.10.2017 № 650 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

12. Әуе трассалары азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бекіткен Әуе трассаларын пайдалануға беру қағидаларына сәйкес пайдалануға беріледі. Әуе трассалары бойынша сипаттамаларға (PBN) негізделген навигацияны қолдану үшін азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйыммен келісу бойынша аэронавигациялық қызмет көрсетуді беруші азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бекіткен Әуе қозғалысын ұйымдастыру және қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес навигациялық ерекшеліктерді белгілейді.

Халықаралық әуе трассаларын ашу шекаралас мемлекеттердің құзыретті органдарымен және Халықаралық азаматтық авиация ұйымымен (бұдан әрі – ИКАО) келісу бойынша жүзеге асырылады.

Әуе трассаларының жабдықтарын ұшуды радиотехникалық қамтамасыз ету құралдарымен қамтамасыз етуді аэронавигациялық қызмет көрсетуді беруші жүзеге асырады.

**Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 01.08.2019 № 569 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**13. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 19.10.2017 № 650 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**14. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 19.10.2017 № 650 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**15. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 19.10.2017 № 650 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

16. Әуеайлақ аудандарының (тораптық диспетчерлік аудандардың) шекараларын анықтаған кезде ұшып шығу және қонуға бет алу, екінші айналымға кету, күту аймағында ұшу схемалары, сондай-ақ аспаптар (SID) бойынша ұшып шығу, аспаптар (STAR) бойынша ұшып келудің стандартты маршруттары, әуе трассаларына кіру (олардан шығу) маршруттары ескеріледі.

Көрсетілген схемаларды әзірлеу авиация саласындағы уәкілетті органдар бекітетін Қазақстан Республикасының азаматтық және (немесе) мемлекеттік авиациясы салаларында ұшуды жүргізу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

**Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.10.2017 № 650 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**17. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 19.10.2017 № 650 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

17-1. Атыс, ракета ұшыруды, жарылыс жұмыстарын, басқарылмайтын аэростат ұшыруды (осы Қағидалардың 83-1-тармағына сәйкес жеңіл деп жіктелетін басқарылмайтын аэростаттарды қоспағанда) жүргізумен байланысты жұмыстар жүргізілетін және ұшу қауіпсіздігіне қатер төндіретін өзге қызмет жүзеге асырылатын әрбір объект (полигон, атыс орны, оқу орталығы, карьер, кен орны, кеніш, қима) үшін меншік иесі немесе объектіні пайдалануға жауапты орган ӘҚБ орталықтарымен өзара іс-қимыл жөніндегі келісімді әзірлейді, онда ӘҚБ орталығы мен ӘҚҚ органы арасындағы жұмысты бастау және тоқтату уақыты, тік және көлденең шекараларды белгілеу бойынша үйлестіру шаралары және өзара іс-қимыл бойынша шаралар көрсетіледі. Өзара іс-қимыл жөніндегі келісім жауапкершілік ауданында объект орналасқан ӘҚБ орталығымен және ӘҚҚ органымен келісіледі және оны объектінің жауапты тұлғасы (басшысы) бекітеді.

Өзара іс-қимыл жөніндегі келісімді келісу кезінде ӘҚҚ органы ұшуды жүргізу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында тік және көлденең шекараларды, сондай-ақ қолданылу кезеңін өзгертуге бастама жасай алады.

**Ескерту. Қағидалар 17-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 30.12.2013 № 1429 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 21.04.2026 № 302 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

17-2. Елді мекендердің тығыз қоныстанған аудандарында пилотсыз авиациялық жүйелерді қолдана отырып ұшуларды, сондай-ақ осы Қағидалардың 82-1-тармағында көрсетілген ұшуларды орындау кезінде пайдаланушы Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде пилотсыз авиациялық жүйелерді пайдалану қағидаларында айқындалатын нысан бойынша ПАЖ пайдаланушы мен ӘҚБ тиісті орталығы арасындағы өзара іс-қимыл жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді, бекітеді және ӘҚБ орталығына және

жауапкершілік аймағында ұшуларды орындау жоспарланған ӘҚК органына келісуге ұсынады.

Ескерту. 2-тарау 17-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2021 № 994 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.04.2023 № 294 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

18. Мемлекеттік авиацияның арнайы ұшу аймақтары деп сынақ ұшуларын, әуеде отын құю, аз және өте аз биіктікте ұшуды, зымыранды ұшыру, әуедегі атыстарды және басқа да арнайы ұшуды орындау үшін арнайы белгіленген белгіленген өлшемдегі әуе кеңістігі.

19. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 19.10.2017 № 650 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

20. Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде тыйым салынған аймақтар маңызды мемлекеттік нысандарды, негізгі өнеркәсіптік кешендерді (атом электр станциялары, ядролық-радиациялық нысандар, химиялық қауіпті нысандар, сондай-ақ елдің ұлттық қауіпсіздігі тұрғысынан басқа да аса маңызды нысандар), күзетілетін нысандарды әуе кеңістігінде болуы мүмкін оқиғалардың нәтижесінде туындайтын зиянды әсерден және бүлінулерден қорғау үшін белгіленеді. Тыйым салынған аймақтар аэронавигациялық ақпарат құжаттарында жарияланады.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.10.2017 № 650 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

21. Қауіпті аймақтарды, ұшу шектелген аймақтарды мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органның Әуе қозғалысын басқарудың бас орталығы (бұдан әрі – ӘҚБ БО) белгілейді және NOTAM хабарламасы арқылы пайдаланушылардың назарына жеткізеді немесе аэронавигациялық ақпарат құжаттарында жарияланады. Мүддесіне орай қауіпті аймақ, ұшуға шектеу қойылған аймақ белгіленетін әуе кеңістігін пайдаланушылар қауіпті аймақты, ұшуға шектеу қойылған аймақты белгілеу үшін қауіпті аймақ, ұшуға шектеу қойылған аймақ іске қосылғанға дейін 9 тәуліктен кешіктірмей ӘҚБ БО-ға қауіпті аймақты, ұшуға шектеу қойылған аймақты олардың тік және көлденең шекараларын, әрекет ету кезеңін және жүзеге асырылатын қызметтің сипатын көрсете отырып белгілеуге сұрау салуды жібереді.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2021 № 994 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

22. Қауіпті аймақтар ұшу қауіпсіздігіне қатер төндіруі мүмкін кез келген қызмет түрлерінің мүддесі үшін Қазақстан Республикасының ӘҚК немесе ӘҚБ органдарының

жауапкершілік аймағындағы шекара маңы белдеуінен тыс Каспий теңізі акваториясының үстінде белгіленеді.

Егер осы аймақтағы қызмет әуе кеңістігін пайдаланушылар хабардар етілуі қажет тәуекелмен байланысты болғанда, қауіпті аймақтар ӘҚБ БО шешімі бойынша Қазақстан Республикасы аумағының үстінде белгіленуі мүмкін.

**Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.04.2023 № 294 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

23. Ұшуды шектеу аймақтары Қазақстан Республикасы аумағының үстінде, сондай-ақ аумақтық сулардың үстінде мыналармен байланысты қызметтің мынадай қызмет түрлерінің мүддесі үшін белгіленеді:

- 1) атыстардың барлық түрлерін жүргізу аудандары;
- 2) зымырандарды ұшыру;
- 3) жарылыс жұмыстары;
- 4) мемлекеттік табиғи қорықтар;
- 5) ұлттық саябақтар;
- 6) тарих және мәдениет ескерткіштері;
- 7) мүдделі мемлекеттік органдардың ұсынысы бойынша қорғалатын объектілердің үстінде;
- 8) оқ-дәрілер сақталатын объектілерде олармен жұмыстар жүргізу;
- 9) атмосферада ғылыми зерттеулерді жүзеге асыру;
- 10) электромагниттік сәулелену;
- 11) жарық сәулелену;
- 12) басқарылмайтын аэростаттарды немесе зондтарды (осы Қағидалардың 83-1-тармағына сәйкес жеңіл деп жіктелетін басқарылмайтын аэростаттарды немесе зондтарды қоспағанда) іске қосу аудандары;
- 13) тасымалдағыш зымырандардан бөлінетін бөліктердің құлау аймақтары.

**Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.04.2023 № 294 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

23-1. Пилотсыз әуе кемелерінің ұшуын шектеу аймақтары белгіленген шарттарға сәйкес пилотсыз әуе кемелерінің ұшуын толық немесе ішінара шектеуге арналған.

Пилотсыз әуе кемелерінің ұшуын шектеудің тұрақты жұмыс істейтін аймақтары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 қазандағы № 1151 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік күзетілуі тиіс объектілерді айқындау қағидаларында көрсетілген мемлекеттік күзетілуі тиіс объектілердің, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің,

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің объектілерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі объектілерінің үстінде белгіленеді.

Пилотсыз әуе кемелерінің ұшуына шектеу қойылған аймақтары басқа мемлекеттік объектілердің, мүдделі мемлекеттік органдарды ұсыну жөніндегі сыни инфрақұрылым объектілерінің үстінде, сондай-ақ бақыланатын әуеайлақтардың маңында белгіленуі мүмкін.

Пилотсыз әуе кемелерінің ұшуына шектеу қойылған аймақтар осы Қағидаларға 3-1-қосымшада келтірілген тәртіпке сәйкес белгіленеді.

Пилотсыз әуе кемелерінің ұшуына шектеу қойылған аймақтарды белгілеу кезінде мыналар ескерілуі мүмкін:

- 1) ПӘК-тың құрылыс түрі;
- 2) ПӘК-тың ең жоғары ұшу салмағы;
- 3) ПӘК қозғалтқышының түрі (электр, ішкі жану қозғалтқышы);
- 4) авиациялық жұмыстардың түрі.

**Ескерту. Қағидалар 23-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 13.04.2023 № 294 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

24. Егер мүддесіне орай қауіпті аймақ, ұшуға шектеу қойылған аймақ, пилотсыз әуе кемелерінің шектеу қойылған аймағы белгіленген қызмет тұрақты сипатта болмаса, қауіпті аймақтың, ұшуға шектеу қойылған аймақтың және пилотсыз әуе кемелерінің шектеу қойылған аймағының әрекеті уақыт кезеңімен шектеледі.

Уақыт кезеңімен шектелген қауіпті аймақтардағы, ұшуға шектеу қойылған аймақтардағы қызмет туралы мәліметтер осы Қағидаларға 3-қосымшада көзделген әуе кемелерінің қозғалысы және әуе кеңістігін пайдалануға байланысты қызметті жүргізу туралы хабарламалардың түрлеріне сәйкес NOTAM хабарламасы арқылы жеткізіледі.

Пилотсыз әуе кемелерінің ұшуына шектеу қойылған аймақтарын уақытша белгілеу туралы мәліметтерді әуе кеңістігін пайдаланушыларға жауапкершілік аймағында осы аймақ белгіленген ӘҚБ орталықтары жеткізеді.

**Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.04.2023 № 294 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

25. Әуе кемелері ойламаған жерден қауіпті аймаққа, ұшуларды шектеу аймағына ұшып кірген жағдайда, сондай-ақ осы Қағиданың 27-тармағының 2) - 4) тармақшаларында көзделген жағдайларда әуе кеңістігін пайдалану қызметі аталған аймақтарда шектетіледі немесе тоқтатылады.

26. Мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті орган тыйым салынған аймақтарды осындай аймақтарды белгілеуге мүдделі адамдардың ұсынысы бойынша белгілейді.

Тыйым салынған аймақтар мен ұшуларды шектеу аймақтарының тізбесі Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметімен және ұлттық қауіпсіздік органдарымен келісіледі.

**Ескерту. 26-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 16.10.2014 N 1098 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

26-1. Тыйым салынған аймақтарды, қауіпті аймақтарды, ұшу шектелген аймақтарды бастапқы белгілеген кезде әр аймаққа белгі тағайындалады.

Пилотсыз әуе кемелерінің ұшуын шектеу аймақтары үшін әрбір аймаққа белгі осы аймақ тұрақты негізде белгіленгенде ғана беріледі.

**Ескерту. Қағидалар 26-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 30.12.2013 № 1429 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.04.2023 № 294 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

26-2. Берілген белгі осы аймаққа қатысты барлық кейінгі өзгерістерде аймақты белгілеу үшін пайдаланылады.

**Ескерту. Қағидалар 26-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 30.12.2013 № 1429 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

26-3. Белгілеу әріптер мен цифрлардың мынадай тобынан құралады:

- 1) әріптік белгілеу UA;
- 2) R әрпі – тиісінше тыйым салынған аймақ үшін, R әрпі – ұшуды шектеу аймағы үшін. RU әріптері –пилотсыз әуе кемелерінің ұшуын шектеу аймағы үшін және D әрпі – қауіпті аймақ үшін;
- 3) Қазақстан Республикасының аумағы шегінде қайталанбайтын нөмір.

**Ескерту. Қағидалар 26-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 30.12.2013 № 1429 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.04.2023 № 294 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

27. Қызмет тұрақты негізде жүзеге асырылатын тыйым салынған аймақтардағы, ұшуды шектеу аймақтарындағы немесе пилотсыз әуе кемелерінің ұшуларына шектеу қойылған аймақтарындағы әуе кеңістігін пайдалануға төмендегі жағдайлардан басқа жағдайларда тыйым салынады:

- 1) мүддесі үшін осындай аймақтар белгіленген адамдардың әуе кеңістігін пайдалануы;
- 2) тәртіп бұзушы әуе кемелерін ұстау үшін ұшуды орындау, сондай-ақ мемлекет мүддесінде басқа да шұғыл тапсырмаларды орындау;

3) төтенше жағдайларда іздестіру-құтқару жұмыстарын және көмек көрсету жұмыстарын жүргізу мақсатында ұшуларды орындау;

4) әуе кемелерінің Қазақстан Республикасымен жасалған халықаралық шарттарға сәйкес жүзеге асырылатын ұшуларды орындауы.

**Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.04.2023 № 294 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

28. Осы Қағидалардың 27-тармағында көзделмеген жағдайларда, қызмет тұрақты негізде жүзеге асырылатын тыйым салынған аймақтағы немесе ұшуды шектеу аймағындағы әуе кеңістігін пайдалану қажет болған кезде әуе кеңістігін пайдаланушылар мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органның рұқсатын алады.

**Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.04.2023 № 294 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

28-1. Қауіпті аймақтың әуе кеңістігін пайдалануға әуе кемесінің командирі осы әуе кеңістігінің ұшуы кезінде ұшу үшін елеулі салдарлар туындамайтыны туралы шешім қабылдаған жағдайда ғана жол беріледі.

**Ескерту. Қағидалар 28-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 13.04.2023 № 294 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

29. Қазақстан Республикасының аумағы үстімен, оның Мемлекеттік шекарасы бойымен шекаралық белдеу - Қазақстан Республикасының құрлықтағы Мемлекеттік шекарасымен шектесетін, ені 25 километр болатын, сондай-ақ аумақтық су үстіндегі ені 12 теңіздік миля болатын (22.2 километр) әуе кеңістігі белгіленеді.

30. Шекаралық белдеу үстіндегі әуе кеңістігін пайдалануға байланысты қызмет жүргізу Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің шекара қызметі органдарымен, ӘШҚҚ әскерлерінің органдарымен, әуе қозғалысын басқару органдарымен қызмет басталғанға дейін 5 тәулік бұрын келісіледі.

Әуе кемесінің экипажы әуе қозғалысына қызмет көрсету (әуе қозғалысын басқару) органымен радиобайланысқа шықпай, шекаралық белдеуде ұшпайды.

30-1. Пилотсыз әуе кемелерінің шекаралық белдеудің үстіндегі әуе кеңістігінде ұшуы "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 33-бабының 4-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

**Ескерту. 2-тарау 30-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2021 № 994 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; жана редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.04.2023 № 294 (алғашқы**

ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

31. Шекаралық белдеудегі әуе кеңістігін пайдалану кезінде әуе қозғалысына қызмет көрсету маршрутынан және ұшу маршрутынан мәжбүрлі ауытқу Қазақстан Республикасының аумағына қарай жасалады.

31-1. Ұшып шығу, ұшып келу, әуеайлақтарға қонуға кіру және екінші айналымға кету схемалары әуе кемелерінің елді мекендер үстінен ұшып өтуін болдырмауға, ал болдырмау мүмкін болмаса, барынша шектеуге тиіс. Мұндай схемаларды (маршруттарды) белгілеу тәртібі азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бекіткен Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында ұшуды жүргізу қағидаларында және мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті орган бекіткен Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиациясының ұшуды жүргізу қағидаларында айқындалады.

Ескерту. Қағида 31-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 01.08.2019 № 569 (01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

32. Адамдардың өмірін құтқару және денсаулығын қорғау, қылмыстардың жолын кесу және ашу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру мақсатында әуе кемелерінің белгіленген схемалардан (маршруттардан) тыс елді мекендердің халық тығыз орналасқан аудандарының үстінен ұшуы, сондай-ақ авиациялық жұмыстарды, парашюттен секіруді орындау, пилотсыз авиациялық жүйелерді қолдана отырып ұшулар, байланатын аэростаттардың көтерілуі осындай ұшуларды ұйымдастырушының ұшуды орындау қауіпсіздігін қамтамасыз етуімен, көрсетілген іс-шараларды іске асыруды қамтамасыз ететін биіктікте орындалады.

Ұшу және қону кезеңімен, адамдардың өмірін құтқару және денсаулығын қорғау, қылмыстардың жолын кесу және ашу жөніндегі іс-шаралармен байланысты ұшуларды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің күзет іс-шараларын өткізу шеңберінде орындалатын ұшуларды қоспағанда, белгіленген схемалардан (маршруттардан) тыс бақыланатын әуе кеңістігіндегі елді мекендердің үстінен визуалды ұшу (бұдан әрі – ВҰҚ) қағидалары бойынша азаматтық әуе кемелерінің ұшуларын орындауды келісуді әуе кемесін пайдаланушы осы Қағидалардың 63-тармағына сәйкес жүзеге асырады.

Белгіленген схемалардан (маршруттардан) тыс елді мекендердің үстінен КШҰ қағидалары бойынша мемлекеттік әуе кемелерінің ұшуына және авиацияның барлық түріндегі пилотсыз әуе кемелерінің ұшуына рұқсат беруді ӘҚБ орталықтары осы Қағидалардың 4-бөлімінде көзделген тәртіппен ұшу жоспарын (әуе кеңістігін пайдалануға өтінім) ұсынған кезде жүргізеді.

ӘҚБ орталықтары осындай ұшуларды келісу кезінде:

1) мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органның арнайы рұқсаты берілген ұшуларды қоспағанда, тыйым салынған аймақтарға және шектеу аймақтарына кіруді болдырмайды;

2) осы Қағидалардың 82-2-тармағында көзделген қажетті келісулердің болуын тексереді.

Күзет іс-шараларын жүргізу кезеңінде, пилотсыз әуе кемелерін қоса алғанда, әуе кемелерінің елді мекендер үстінде ұшуы Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік органдарымен және Мемлекеттік күзет қызметімен келісіледі.

Бақыланбайтын әуе кеңістігінде ВҰҚ қағидалары бойынша ұшуларды орындау кезінде әуе кемесін пайдаланушы, егер бұл ұшуға арналған тапсырмада немесе ұшу жоспарында көзделмесе, елді мекендердің үстінен ұшуды орындамайды.

**Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.04.2023 № 294 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**33. алып тасталды - ҚР Үкіметінің 01.08.2019 № 569 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

34. Әуе кемелерінің дыбыстан жоғары жылдамдықта ұшуына мемлекеттік авиацияның арнайы ұшу аймақтарында ғана немесе 11000 метрден астам биіктікте ғана рұқсат етіледі.

35. Әуе кемелері мен басқа да ұшу аппараттарын көрсетуге арналған ұшуды орындау үшін арнайы аймақтар (ұшу аймақтары) белгіленеді, бұлар белгілі бір аудандардан тысқары немесе елді мекендердің үстінде әуе кемесінің немесе ұшу аппаратының тұрғын үйлер алабы мен шоғырланған адамдар үстіне құлауын болғызбайтын қажетті қауіпсіздік шаралары сақтала отырып, бөлінген әуе кеңістігіне орналасады.

Әуе кемелері мен басқа да ұшу аппараттарын көрсетуге және таныстыруға арналған ұшуды ұйымдастырушы олардың орындалуы жөнінде арнайы нұсқаулық әзірлейді.

## **§ 2. Қазақстан Республикасы әуе кеңістігінің сыныптамасы**

36. ӘҚҚ әуе кеңістігі мынадай сыныптарға жіктеледі және былайша белгіленеді:

**А сыныбы.** АҰҚ бойынша ұшуларға ғана рұқсат беріледі; барлық әуе кемелері диспетчерлік қызмет көрсетумен және эшелондаумен қамтамасыз етіледі.

**В сыныбы.** АҰҚ және ВҰҚ бойынша ұшуларға рұқсат беріледі; барлық әуе кемелері диспетчерлік қызмет көрсетумен және эшелондаумен қамтамасыз етіледі.

**С сыныбы.** АҰҚ және ВҰҚ бойынша ұшуларға рұқсат беріледі; барлық әуе кемелері диспетчерлік қызмет көрсетумен қамтамасыз етіледі және АҰҚ бойынша ұшуды орындайтын әуе кемелері АҰҚ және ВҰҚ бойынша ұшуды орындайтын өзге әуе кемелеріне қатысты эшелонданады. ВҰҚ бойынша ұшуды орындайтын әуе кемелері АҰҚ бойынша ұшуды орындайтын әуе кемелеріне қатысты эшелонданады.

және ВҰҚ бойынша ұшуларды орындайтын әуе кемелерінің қозғалысына қатысты ақпарат алады.

Д сыныбы. АҰҚ және ВҰҚ бойынша ұшуларға рұқсат беріледі; барлық әуе кемелері диспетчерлік қызмет көрсетумен қамтамасыз етіледі; АҰҚ бойынша ұшуды орындайтын әуе кемелері АҰҚ бойынша ұшуды орындайтын өзге әуе кемелеріне қатысты эшелонданады және ВҰҚ бойынша ұшуларды орындайтын әуе кемелерінің қозғалысына қатысты ақпарат алады; ВҰҚ бойынша ұшуды орындайтын әуе кемелері барлық басқа әуе кемелерінің қозғалысына қатысты ақпарат алады.

Е сыныбы. АҰҚ және ВҰҚ бойынша ұшуларға рұқсат беріледі; АҰҚ бойынша ұшуды орындайтын әуе кемелері диспетчерлік қызмет көрсетумен қамтамасыз етіледі және АҰҚ бойынша ұшуды орындайтын басқа әуе кемелеріне қатысты эшелонданады. Барлық әуе кемелері мүмкіндігінше қозғалыс туралы ақпарат алады. Бақыланатын аймақтарда Е сыныбы пайдаланылмайды.

Г сыныбы. АҰҚ және ВҰҚ бойынша ұшуларға рұқсат беріледі және сұрау салуы бойынша ұшу-ақпараттық қызмет көрсетіледі.

Г сыныбындағы әуе кеңістігі бақыланбайтын әуе кеңістігі болып табылады. Құтқару және іздестіру үшін хабарландыруды ұйымдастыру пайдаланушыларға және (немесе) әуе кемесінің (ұшу аппараттары) иелеріне жүктеледі.

Ұшу түрін анықтайтын ерекшеліктер, әуе кемелерін өзара эшелондау, әуе қозғалысына қызмет көрсету түрі, әрбір сыныптағы радиобайланысқа қойылатын талаптар осы Қағидаларға 2-қосымшада айқындалады.

Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде белгіленген сыныптардың шекаралары аэронавигациялық ақпарат құжаттарында жарияланады.

**Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 01.08.2019 № 569 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

37. Бір сыныпты ӘҚҚ әуе кеңістігі тік жазықтықта басқа сыныпты ӘҚҚ әуе кеңістігіне түйіскен жерінде, яғни олардың біреуі екіншісінің үстінде тұрса, жалпы эшелонда ұшулар талаптары аса қатаң емес әуе кеңістігінің сыныбы үшін белгіленген талаптарды сақтаумен орындалады және оған тиесілі қызмет көрсетумен қамтамасыз етіледі.

**Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.10.2017 № 650 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

### **§ 3. Әуе кеңістігінің құрылымын жетілдіру жөніндегі іс-шаралар**

**Ескерту. 3-параграф алып тасталды - ҚР Үкіметінің 19.10.2017 № 650 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

### 3. Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалануды жоспарлау және үйлестіру

44. Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалануды жоспарлау мақсаты Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалануға байланысты қызмет қауіпсіздігін және үнемділігін қамтамасыз ету болып табылады.

45. Әуе кеңістігін пайдалануды жоспарлауды азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға ведомстволық бағынысты аэронавигациялық қызметті көрсетуді берушінің Әуе қозғалысын жоспарлаудың бас орталығы (бұдан әрі – ӘҚЖ БО) ӘҚБ БО-мен бірлесіп жүзеге асырады.

**Ескерту. 45-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.04.2023 № 294 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

46. ӘҚЖ БО әуе кеңістігін пайдалануды жалпы әуе қозғалысы үшін барлық ұсынылған ұшу жоспарлары негізінде жоспарлауды жүзеге асырады.

**Ескерту. 46-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.10.2017 № 650 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

47. ӘҚБ БО операциялық әуе қозғалысы үшін ұсынылған барлық ұшу жоспарлары, сондай-ақ әуе кеңістігін пайдалануға берілген өтінімдер негізінде әуе кеңістігін пайдалануды жоспарлауды жүзеге асырады.

**Ескерту. 47-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.04.2023 № 294 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

48. ӘҚЖ БО мен ӘҚБ БО әуе кеңістігін пайдалануды алдын ала, тәуліктік, ағымдағы жоспарлауды және өзара ақпаратпен алмасуды жүзеге асырады.

49. Әуе кеңістігін пайдалануды алдын ала жоспарлау, әуе кеңістігін пайдалануды жоспарлауға және оны қамтамасыз етуге байланысты мәселелерді келісу мақсатында әуе кеңістігін пайдалану жоспарланған күннен екі және одан көп тәулік бұрын жүзеге асырылады.

50. Әуе кеңістігін пайдалануды тәуліктік жоспарлау әуе кеңістігін жерге, уақытқа және биіктікке бөлу мақсатында әуе кеңістігін пайдаланар қарсаңында жүзеге асырылады.

51. Әуе кеңістігін пайдалануды ағымдағы жоспарлау жоспарланған қызметтің және жоспары ағымдағы тәулік ішінде келіп түсетін қызметтің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында әуе кеңістігін жерге, уақытқа және биіктікке қайта бөлу арқылы тәуліктік жоспарды орындау барысында жүзеге асырылады.

52. ӘҚЖ БО мен ӘҚБ БО-ның жоспарлау нәтижелер бойынша жасалған әуе кеңістігін алдағы тәуліктерде пайдалану жоспарлары ӘШҚҚ әскерлері органына, әуе

қозғалысына қызмет ету органдарына әуе қозғалысын басқару органдарына таратылады.

Әуе қозғалысына қызмет көрсету органдары әуе кеңістігін пайдаланудың жасалған жоспарын өзінің жауапкершілік аймағындағы әуежайлардың өндірістік-диспетчерлік қызметтеріне жеткізеді.

53. ӘҚЖ БО және ӘҚБ БО арасында әуе кеңістігін пайдалануды үйлестіруді қалыптасқан әуе, метеорологиялық, аэронавигациялық жағдайға байланысты әуе кеңістігін пайдаланушы мәлімдеген қызметті қамтамасыз ету мақсатында және әуе кеңістігін пайдаланудағы басымдықтарға сәйкес азаматтық-әскери үйлестіру тобы жүзеге асырады.

**Ескерту. 53-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.10.2017 № 650 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

54. ӘҚЖ БО мен ӘҚБ БО әуе кеңістігін пайдалануды жоспарлау мен үйлестіру барысында, әуе кеңістігін пайдалану мен ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету басымдықтарына қарай, әуе кеңістігін пайдаланушылар сұраған әуе кеңістігін пайдалану талаптарына қажеттігіне қарай (жер, уақыт пен биіктік) өзгерістер енгізеді. Әуе кеңістігін пайдаланудың сұралған талаптарына өзгерістер туралы өтінім (ұшу жоспарын) берген әуе кеңістігін пайдаланушыға хабарланады.

55. Әуе кеңістігін пайдалану жоспары төмендегідей бөлінеді:

- 1) әуе кемелерінің ұшу жоспарлары;
- 2) басқарылатын аэростаттардың, дирижабльдердің ұшу жоспарлары;
- 3) планерлердің (дельтапландар мен парапландардың) ұшуы кезінде әуе кеңістігін пайдалану жоспарлары;
- 4) пилотсыз авиациялық жүйелерді қолдана отырып ұшуды орындау кезінде әуе кеңістігін пайдалану жоспарлары;
- 5) басқарылмайтын аэростаттарды (зонд-шар) ұшыру, атыс, ракета ұшыру және жару жұмыстарын жүргізу жоспарлары.

**Ескерту. 55-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.04.2023 № 294 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

56. ӘҚЖ БО мен ӘҚБ БО арасындағы алынған ұшу жоспарларымен өзара алмасу, әуе кеңістігін пайдалануды жоспарлау мен үйлестіруді қамтамасыз ету мақсатында ӘҚЖ БО мен ӘҚБ БО арасындағы келісім бойынша жүзеге асырылады.

57. Әуе кеңістігін пайдаланушылардың әуе қозғалысына қызмет көрсету (әуе қозғалысын басқару) органдарының әуе кеңістігін пайдалануға (ұшуларды орындауға) қатысты беретін хабарламалары осы Қағиданың 3-қосымшасындағы талаптарға сәйкес қолданылады.

#### 4. Ұшу жоспары. Әуе кеңістігін пайдалануға берілетін өтінім

58. Ұшу жоспары А, В, С, D және Е кластарының әуе кеңістігін пайдалануға рұқсат алу үшін, сондай-ақ пайдаланушының сұрау салуы бойынша әуе қозғалысына қызмет көрсету (әуе қозғалысын басқару) органдарын хабардар ету және ұшу-ақпараттық қызмет көрсету мақсатында G класының әуе кеңістігін пайдалану кезінде ұсынылады.

Басқарылатын аэростаттың немесе дирижабльдің ұшу жоспары туралы хабарлама әуе кеңістігінің класына қарамастан әуе кеңістігін пайдалануға рұқсат алу үшін беріледі.

Басқарылатын аэростаттың немесе дирижабльдердің күзетілетін объектілердің үстінен ұшуларын пайдаланушылар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметімен осындай ұшулар басталғанға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын келіседі.

**Ескерту. 58-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.04.2023 № 294 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

59. Әуе кеңістігін пайдаланушы ӘҚЖ БО интернет-ресурсы арқылы немесе ортақ әуе қозғалысына қатысатын әуе кемелерінің ұшуларды орындауы кезінде ӘҚЖ қызметінің жақын жердегі "Брифинг" тобына ұшу жоспарын ұсынады.

**Ескерту. 59-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.10.2017 № 650 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

60. Ұшу жоспарын әуе кеңістігін пайдаланушы ӘҚБ БО-ға немесе операциялық әуе қозғалысына қатысатын әуе кемелерінің ұшулары орындалғанда жақын жердегі әуе қозғалысын басқару орталығына ұсынады.

**Ескерту. 60-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.04.2023 № 294 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

61. Ұшу жоспары төмендегі нысандардың бірінде ұсынылады:

1) деректерді берудің авиациялық жерүсті желілері арқылы таратылатын хабарлама және ұсынылған жоспар туралы ақпарат жазылған телеграфтық хабарламалар;

2) ұсынылған жоспар туралы ақпарат жазылған факсимильдік хабарламаны қоса алғанда, қағаз жеткізгіштегі хабарлама;

3) ұсынылған жоспар туралы ақпарат немесе ағымдағы жоспарға жасалатын өзгерістер туралы ақпарат жазылған әуе кемесінің бортынан берілетін экипаж хабарламасы;

4) ортақ пайдаланымдағы байланыстың телефон желісін немесе Интернет желісін пайдалану арқылы берілетін, ұсынылған жоспар туралы ақпарат жазылған хабарлама.

Ұсынылған жоспар туралы ақпарат қамтылған, Интернет желісі пайдаланылған хабарлама аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушінің интернет-ресурсына беріледі. Мұндай жоспарларды беру үшін әуе кеңістігін пайдаланушылар ұшуды орындау құқығын қуәландыратын қолданыстағы құжаттар болған жағдайда аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушінің интернет-ресурсында тіркеуден өтеді.

**Ескерту. 61-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 01.08.2019 № 569 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

62. Ортақ пайдаланымдағы байланыстың телефондық желісін пайдалану арқылы берілетін, ұсынылған жоспар туралы ақпарат жазылған хабарлама дыбыс жазу аппаратурасын қолдану арқылы бекітіледі.

63. Әуе кемесінің ұшу жоспарында:

1) әуе кемесінің тану индексі (рейс нөмірі, әуе кемесінің мемлекеттік және тіркелген тану белгілері) туралы;

2) ұшу қағидалары (АҰҚ және ВҰҚ) және ұшу типі (тұрақты (S), тұрақты емес (N), жалпы мақсаттағы авиация ұшуы (G), мемлекеттік авиация әуе кемесінің ұшуы (M), басқа кез келген ұшу (X) үшін) туралы;

3) әуе кемелерінің саны және типі, ізінің турбуленттілік санаты (азаматтық әуе кемелері үшін) туралы;

4) әуе кемесінің жабдығы туралы;

5) ұшып шығу әуеайлағы (ұшып шығу пункті) және ұшып шығу уақыты туралы;

6) ұшу маршруты туралы;

7) ұшып баратын әуеайлақ және жалпы есептік өткен уақыт (қонуға дейінгі), қосымша әуеайлақтар туралы;

8) ұшу маршрутының ерекшеліктерін, әуе кемесінің тіркеу белгілерін, пайдаланушының атауын, әуе кемесінің ұшу-техникалық деректерін, бортта қолданылатын жабдықты сипаттауға қажетті ақпарат және егер үлгі ақпараттан өзгеше болса немесе әуе қозғалысына қызмет көрсету (әуе қозғалысын басқару) органдары тарапынан ерекше қатынасты талап ететін ақпарат болса өзге де қажетті ақпарат осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес ұшу мәртебесі туралы;

9) отын қорына, борттағы адамдар санына, авариялық-құтқару жабдықтарына қатысты ақпарат қамтылады.

Азаматтық әуе кемесінің ұшу жоспары туралы хабарламаға кіретін ақпараттың үлгілік құрамы (көлемі) және көрсетілген жоспарды беру осы Қағидаларға 3, 5 және 6-қосымшаларда айқындалады.

Ұшуды орындау кезінде рейс нөмірлерінің қайталануын болдырмау мақсатында қазақстандық пайдаланушылар рейстерінің қолданылатын нөмірлерін үйлестіруді ӘҚ БЖО жүзеге асырады.

Басқарылатын аэростаттың немесе дирижабльдің ұшу жоспарына Қағидалардың осы тармағының 1), 3), 5), 6) және 8) тармақшаларында көрсетілген ақпарат енгізіледі.

Авиациялық жұмыстарға, оқу-жаттығу ұшуларына, мәдени-ағарту іс-шараларына, сондай-ақ бақыланатын әуе кеңістігіндегі елді мекендердің үстіндегі ВҰҚ бойынша жеке мақсаттағы ұшуларға байланысты ұшуларды орындау кезінде азаматтық әуе кемесін пайдаланушыға жауапкершілік аймағында ӘҚБ орталығына және ӘҚҚ органына келісуге арналған ұшу жоспарына түсініктеме береді.

Бақыланатын әуе кеңістігінде елді мекен үстіндегі ВҰҚ бойынша ұшуды орындау кезінде ұшу жоспарына түсініктеме:

- 1) елді мекеннің үстінен ұшу сызбасын (маршрутын), ұшу бейінін;
- 2) ұшуды ӘҚБ орталығымен және ӘҚҚ органымен келісу тәртібі;
- 3) орындалатын ұшудың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар;
- 4) әуе кемесін пайдаланушымен және (немесе) ұшуды ұйымдастырушымен байланыс тәсілдері қамтиды.

**Ескерту. 63-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.04.2023 № 294 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

64. Ұшу жоспары әуе қозғалысына қызмет көрсету (әуе қозғалысын басқару) органдарына мыналар басталғанға дейін ұсынылады:

- 1) диспетчерлік қызмет көрсетумен қамтамасыз етілуі үшін, ұшуға немесе оның бір бөлігіне дейін;
- 2) қажеттілігі тану немесе ұшу-ақпараттық қызмет көрсету мақсатында туындауы мүмкін ұсталып қалуды болдырмау үшін әуе қозғалысын басқару органдары жасайтын іс-қимылдарды үйлестіру мақсатында бақыланбайтын әуе кеңістігі шегінде орындалатын ұшуға дейін;
- 3) Мемлекеттік шекараларды кесіп өтетін ұшуға дейін.

**Ескерту. 64-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 30.12.2013 № 1429 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

64-1. Жоспарланған ұшуға немесе ұшудың бір бөлігіне қатысты ақпарат мынадай жағдайларда әуе қозғалысына қызмет көрсету (әуе қозғалысын басқару) органдарына ұсынылмайды:

- 1) әуе шабуылына тойтарыс беру, әуе кеңістігінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бұзушылықтардың немесе Қазақстан Республикасының аумағына қарулы басып кірудің алдын алу және тоқтату;
- 2) әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде көмек көрсету, ғарыш аппараттары мен олардың экипаждарын іздеу және эвакуациялау;
- 3) әуе кеңістігін пайдалану тәртібін бұзушылықтардың алдын алу және (немесе) тоқтату және (немесе) жолын кесу.

Ескерту. Қағидалар 64-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 13.04.2023 № 294 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

65. Ұшу жоспары ұшу уақытынан кемінде үш сағат бұрын ұсынылатын дирижабльдердің және басқарылатын аэростаттардың ұшуын қоспағанда, ұшу жоспары есептелген ұшу уақытынан кемінде 60 минут бұрын және есептелген ұшу уақытынан 120 сағат бұрын ұсынылады. Есептелген ұшу уақыты деп, егер қолданылатын болса, әуе кемесін бұру-жылжытуды бастау үшін оның тіреуіштерін алып тастау, ал қалған жағдайларда – әуе кемесінің ұшып көтерілу уақыты түсініледі.

Ескерту. 65-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.04.2023 № 294 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

66. Диспетчерлік қызмет көрсету талап етілетін ұшу жоспары есептелген ұшып шығу уақытынан 60 минут бұрын және есептелген ұшып шығу уақытынан бір тәулік бұрын немесе ұшып жүргенде ұсынылған жағдайда, оның тиісті әуе қозғалысына қызмет көрсету органы алатындай уақытта, әуе кемесінің төмендегілерге ұшып жетуінің есептелген уақытынан 10 минут бұрын ұсынылады:

- 1) диспетчерлік ауданға кірудің жоспарланған орнына;
- 2) әуе трассасын қиып өтетін нүктеге.

67. Бақыланатын әуе кеңістігінде ұшуға қатысты ұсынылған ұшу жоспарына ұсынылатын барлық өзгерістер, дереу жауапкершілік аймағында осы әуе кемесі ұшып бара жатқан әуе қозғалысына қызмет көрсету органына немесе әуе қозғалысын басқару органына хабарланады.

68. Бақыланатын ұшуды орындалған колодоктарды тазартудың есепті уақытынан кейін 30 минутқа немесе бақыланбайтын ұшуды орындаудан соң бір сағатқа кешіктірілген жағдайда, оларға берілген ұшу жоспары өзгертілуі тиіс.

69. Азаматтық әуе кемесін пайдаланушы тұрақты ұшуды орындау кезінде осы Қағиданың 58-тармағында көрсетілген ұшу жоспарынан басқа осы Қағидаға 3 және 7-қосымшаларға сәйкес қайталанатын ұшу жоспарын бірінші тұрақты ұшуды орындау күнінен кемінде күнтізбелік 15 күн бұрын ұсынады.

Пайдаланушы тұрақты ұшу кестесіне тұрақты сипаттағы өзгерістерді енгізген кезде қайталанатын ұшу жоспарына өзгерістер енгізу туралы хабарламаны көрсетілген өзгерістерді қолданысқа енгізгенге дейін кемінде күнтізбелік 7 күнде ұсынады.

Қазақстан Республикасының аумағы арқылы халықаралық тұрақты ұшуларды қонусыз орындауға ұсынылған қайталанатын ұшу жоспарын ӘҚЖ БО арқылы бекіту туралы хабарлама беру арқылы азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бекітуге тиіс.

Ұшу жоспарын ұсынған кезде, әуе кемесінің техникалық ақауымен және (немесе) ұшу маршруты бойынша метеожағдаймен байланысты және (немесе) ұшу

қауіпсіздігіне қауіп төнген және (немесе) еңсерілмейтін күш жағдайларымен байланысты оның қайталанатын ұшу жоспарынан біржолғы ауытқуға жол беріледі.

**Ескерту. 69-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 30.12.2013 № 1429 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.10.2017 № 650 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.**

70. Ұшу жоспары не оның бір бөлігі (бүкіл ұшуды немесе ұшудың орындалған бөлігін қоса алғанда) әуе кемесі межелі әуеайлаққа (межелі пункт) немесе аралық әуеайлаққа (аралық қону пункті) келгеннен кейін және ӘҚҚ (ӘҚБ) органымен байланыс аяқталғаны туралы әуе кемесі экипажының баяндамасын алғаннан кейін жабылады.

Келген әуеайлақта (қону алаңында) бақыланатын әуе кеңістігінде ӘҚҚ (ӘҚБ) органы болмаған жағдайда, экипаж өзінің ұшып келуі туралы баяндамасын қонғаннан кейін дереу қолда бар байланыс құралдарының көмегімен жауапкершілік аймағындағы жақын жердегі ӘҚҚ (ӘҚБ) органына береді. Әуеайлақта байланыс құралдары болмаған кезде экипаж тікелей қонар алдында әуе кемесі орналасқан жауапкершілік аймағында жақын жердегі ӘҚҚ (ӘҚБ) органына келуі туралы баяндауды жүзеге асырады. Пайдаланушы мен әуе қозғалысына қызмет көрсету органы арасындағы уағдаластық бойынша әуе кемесінің ұшу жоспарын (не оның бір бөлігін) жабу туралы ақпарат әуе кемесінің пайдаланушысына беріледі.

**Ескерту. 70-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.10.2017 № 650 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

71. Егер межелі пункті бақыланбайтын әуе кеңістігінде орналасса (немесе одан әрі ұшу бақыланбайтын әуе кеңістігімен өтсе) диспетчерлік қызметпен қамтамасыз етілетін ұшу жоспарының бір бөлігі бақыланбайтын әуе кеңістігіне кіруі туралы баяндаманы ұсыну арқылы жабылады. Ұшу жоспары әуе кемесінің межелі әуеайлаққа немесе аралық әуеайлаққа ұшып келгеннен кейін жабылады. Әуе кемесінің әуеайлақ (межелі пункт) ұшып келуі туралы баяндаманы әуе кемесінің экипажы радиотелефон байланысы, жалпы пайдаланудағы телефон байланысымен ұшуды ұйымдастыруға (аэроклубқа) хабарлайды.

72. Әуе кемесінің әуеайлаққа (қону алаңшасы) ұшып келгендігі туралы баяндамада ӘҚҚ (ӘҚБ) органы болмаса мынадай ақпарат элементтері болуы тиіс:

- 1) әуе кемесінің тану индексі;
- 2) ұшып шығу әуеайлағы;
- 3) әуеайлақ межесі (қосалқы әуеайлаққа қонған жағдайда);
- 4) ұшып келу әуеайлағы;
- 5) ұшып келу уақыты.

73. ӘҚК (ӘҚБ) органдары және әуе кеңістігінің пайдаланушылары беретін әуе кемелерінің қозғалысы туралы хабарламалар осы Қағидаға 3-қосымшаға сәйкес айқындалады. Осы Қағидаға 6 және 7-қосымшаларда белгіленген ұшу жоспары мен қайталанатын ұшу жоспарының форматтарын қоспағанда, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша әуе кемелерінің қозғалысы туралы хабарлама форматтарын белгілейді.

**Ескерту. 73-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.12.2013 № 1429 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

74. Экипаждың әуе кемесінің бортынан әуе кемесінің ұшу жоспарының өзгергендігі туралы хабарламаны G сыныбындағы әуе кеңістігін пайдаланған кезде пайдаланушының қалауы бойынша ӘҚК (ӘҚБ) органына, ал А және С сыныбындағы әуе кеңістігін пайдаланғысы келген жағдайда - А және С сыныбындағы әуе кеңістігіне кірер алдында 15 минут бұрын хабарлайды.

Әуе қозғалысының қарқыны ӘҚК (ӘҚБ) жоғары аудандарда органы әуе кемесінің экипажына әуе кемесінің бортынан берілетін ұшу жоспарына қатысты талаптарды немесе шектеулерді мәлімдейді.

75. Әуе кеңістігін пайдаланушы әуе кеңістігін пайдалануға өтінімді ӘҚБ БО-ға немесе жақын жердегі ӘҚБ орталығына:

осы Қағидалардың 83-1-тармағына сәйкес жеңіл деп жіктелетін метеорологиялық зондтардың немесе басқарылмайтын аэростаттардың ұшуларын қоспағанда, басқарылмайтын аэростаттардың (шар-зондтардың) ұшуларымен;

атыс, зымырандар ұшыруды, жарылыс жұмыстарын өткізумен;

планерлер (дельтапландар және парапландар) ұшуларымен;

пилотсыз авиациялық жүйелерді қолдана отырып ұшуларымен байланысты қызметті орындаған жағдайда ұсынады.

Әуе кеңістігін пайдалануға байланысты мәлімделген қызмет түріне өзгерістер енгізілген кезде әуе кеңістігін пайдаланушы ӘҚБ БО немесе жақын жердегі ӘҚБ орталығында әуе кеңістігін пайдалануға жаңа өтінім береді.

Жаңа өтінім осындай қызмет басталғанға дейін үш сағаттан кешіктірілмей ұсынылады.

**Ескерту. 75-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.04.2023 № 294 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

76. Әуе кеңістігін пайдалануға берілетін өтінім төмендегі нысандардың бірінде ұсынылады:

1) деректерді берудің жер үсті авиациялық желісі арқылы берілетін және қызмет түрі туралы ақпарат жазылған телеграф арқылы берілетін хабарлама;

2) қызмет түрі туралы ақпарат жазылған факсимильдік хабарламаны қоса алғанда, қағаз жеткізгіште берілетін хабарлама;

3) қызмет түрі туралы ақпарат жазылған Интернет желісі арқылы берілетін хабарлама.

77. Басқарылмайтын аэростаттардың ұшуына байланысты қызметті орындаған жағдайда, әуе кеңістігін пайдалануға берілетін өтінімде мынадай деректер болуы тиіс:

1) хабарлама түрі және аэростат (шар-зонд) жіберуге арналған анықтамалық деректер;

2) қызметінің белгіленуі;

3) аэростатты (шар-зондты) ұшыру орны, ұшыру уақыты (немесе ұшыруды бірнеше рет бастау немесе аяқтау уақыты);

4) ұшу аппаратының (шар-зондтың) түрі;

5) ұшу биіктігі, маршруты (ұшып көтерілудің орташа жылдамдығы, биіктік ауқымы);

6) аэростаттың қону орны;

7) аэростатты (шар-зондты) ұшыру күні;

8) ӘҚҚА шекараларынан ұшып өткенге дейінгі есептік өткен уақыт;

9) аэростаттың (шар-зондтың) тиесілілігі;

10) аэростаттың қайталама шолу радиолокаторының жауап бергішімен жабдықталғандығы, ұшудың жалпы ұзақтығы (шар зондтың ең көп ауа толтырылғандағы қабығы дөңгелегінің жердегі көлемі, ұшыру мақсаты).

77-1. Пилотсыз авиациялық жүйелерді қолдана отырып, ұшуларды орындау үшін әуе кеңістігін пайдалануға арналған өтінім осы Қағидаларға 7-1-қосымшада көрсетілген талаптарға сәйкес және нысан бойынша толтырылады.

**Ескерту. Қағидалар 77-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 13.04.2023 № 294 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

78. Атыс өткізу, зымырандар жіберу, жарылыс жұмыстарын жүргізуге байланысты қызметті орындаған жағдайда әуе кеңістігін пайдалануға берілетін өтінім мынадай деректерді қамтиды:

1) заңды немесе жеке тұлғаның атауы;

2) географиялық координаттары көрсетілген қызметті жүргізу орны (дары);

3) ату маршруты мен ұзақтығы (жарылыс жұмыстарын жүргізу үшін - топырақтың шашылу және сынықтардың шашырау радиусы);

4) снарядтардың (оқтардың), зымырандардың ұшуының, топырақтың шашылуының ең жоғарғы биіктігі;

5) қызметті жүргізу күні, бастау уақыты мен аяқтау уақыты.

78-1. Планерлердің (дельтапландар мен парапландардың) ұшуына байланысты қызмет орындалғанда әуе кеңістігін пайдалануға арналған өтінімде мынадай деректер болуға тиіс:

- 1) хабарлама типі;
- 2) ұшу аппаратының типі және анықтамалық деректер;
- 3) ұшу (бастау) пункті, ұшу (басталу) уақыты;
- 4) ұшу биіктігі, ұшу бағыты немесе ауданы;
- 5) отырғызу пункті (аяқталуы), отырғызу уақыты (аяқталуы);
- 6) қызметті белгілеу;
- 7) орындалу күні;
- 8) тиесілілігі;
- 9) байланыс деректері.

**Ескерту. Қағидалар 78-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 13.04.2023 № 294 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

79. Әуе кеңістігін пайдалануға берілетін өтінімдер қызметті бір рет жүзеге асыруға немесе белгілі бір уақыт кезеңіне (бірақ 90 тәуліктен артық емес) беріледі.

**Ескерту. 79-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.04.2023 № 294 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

80. Басқарылмайтын аэростаттар ұшырылатын, атыс, зымырандар ұшыру, жарылыс жұмыстары өткізілетін, планерлер (дельтапландар мен парапландар), пилотсыз авиациялық жүйелерді қолдана отырып ұшырылатын қызметті жүзеге асыруға әуе кеңістігін пайдаланушы әуе кеңістігін пайдалануға өтінімді ӘҚБ БО-ға немесе жақын жердегі ӘҚБ орталығына әуе кемелерінің қозғалысы және осы Қағидаларға 3-қосымшада көзделген әуе кеңістігін пайдалануға байланысты қызметті жүргізу туралы хабарламалар түрлеріне сәйкес ұсынады.

**Ескерту. 80-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.04.2023 № 294 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**81. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 13.04.2023 № 294 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

## **5. Пилотсыз авиациялық жүйелерді пайдалану шарттары**

**Ескерту. 5-бөлімнің атауы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.04.2023 № 294 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

82. Әуе кеңістігін пайдалануға өтінімдер ұсынылған пилотсыз авиациялық жүйелерді қолдана отырып ұшу өтінімде көрсетілген деректерге сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 82-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.04.2023 № 294 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

82-1. Пилотсыз авиациялық жүйелерді қолдана отырып ұшуды орындау үшін әуе кеңістігін пайдалануға өтінім мынадай:

1) егер пилотсыз әуе кемесінің жоспарланған ұшу биіктігі жер бетінен 50 метрден асатын болса, бақыланатын әуе кеңістігінде ұшу кезінде;

2) егер пилотсыз әуе кемесінің жоспарланған ұшу биіктігі жер бетінен 200 метрден асса бақыланбайтын әуе кеңістігінде ұшу кезінде;

3) егер ұшу тікелей көру аймағынан тыс орындалатын болса;

4) пилотсыз авиациялық жүйелерді қолдана отырып, авиациялық жұмыстарды орындау жоспарланған;

5) ұшу бағыты (жоспарланатын траектория) пилотсыз әуе кемелерінің ұшуы үшін әуе кеңістігі аймақтарының шегінде өтетін;

6) ұшу бағыты (жоспарланған траектория) әуеайлақтың бақылау нүктесінен 8 км шегінде өтетін;

7) маршрут (жоспарланған траектория) тыйым салынған аймақ, ұшуды шектеу аймағы, пилотсыз әуе кемелерінің ұшуын шектеу аймағы шегінде немесе солар арқылы өтетін және пайдаланушы мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органның арнайы рұқсат алған;

8) эксперименттік авиацияның ПАЖ қолданылып ұшқан кезде ЭҚБ орталықтарына жіберілуге тиіс.

Ескерту. Қағидалар 82-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 19.10.2017 № 650 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.04.2023 № 294 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 21.04.2026 № 302 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

82-2. Пилотсыз авиациялық жүйелерді қолдана отырып ұшулар:

1) тікелей көру аймағы шегінде (VLOS) немесе тікелей көру аймағынан тыс (BVLOS);

2) осы Қағидаларға 7-2-қосымшада көрсетілген ПАЖ қолдана отырып, ұшу үшін белгіленген метеорологиялық минимумдарға сәйкес жергілікті жеріне және ұшу түріне қарай;

3) бақыланатын әуе кеңістігінде:

осы Қағидалардың 144-тармағына сәйкес әуе қозғалысын басқару орталықтары қысқа мерзімді шектеулер енгізген жағдайда, пилотсыз әуе кемелерінің ұшуы үшін әуе кеңістігінің аймақтарын және осы тармақшаның екінші абзацында көзделген ережелерді қоспағанда, жер бетінен 50 метрден астам биіктікте ұшу;

пилотсыз әуе кемелерінің ұшуы үшін әуе кеңістігінің аймақтары белгіленбеген диспетчерлік аймақтың әуе кеңістігінде ұшулар жер бетінен қоса алғанда 50 метр биіктікке дейін тікелей көру шегінде ғана орындалады, ал ұшу бағыты әуеайлақтың бақылау нүктесінен 8 км жақын өтпейді;

пилотсыз авиациялық жүйелерді қолдана отырып, авиациялық жұмыстарды, жаппай демонстрациялық ұшуларды (аэрошоу), сондай-ақ барлық биіктіктерде жүргізілетін тікелей көру шегінен тыс ұшуларды орындау кезінде, жауапкершілік аймағында ұшуларды орындау жоспарланып отырған әуе қозғалысын басқару орталығымен келісілгеннен кейін ғана және осы Қағидалардың 144-тармағына сәйкес әуе қозғалысын басқару орталықтары қысқа мерзімді шектеулер енгізген жағдайда;

бақыланатын әуе кеңістігінде орналасқан бақыланбайтын әуеайлақтың әуеайлақтық қозғалыс аймағында ұшу – осы Қағидалардың 144-тармағына сәйкес әуе қозғалысын басқару орталықтары қысқа мерзімді шектеулер енгізген жағдайда, жауапкершілік аймағында осындай әуеайлақ орналасқан әуеайлақ пайдаланушысының және әуе қозғалысын басқару орталығының келісуі бойынша;

#### 4) бақыланбайтын әуе кеңістігінде:

осы тармақшаның екінші абзацында көзделген ережелерді қоспағанда, әуе қозғалысын басқару орталықтарының қысқа мерзімді шектеулерін енгізбестен, авиациялық жұмыстарды орындауды қоса алғанда, жер бетінен 200 метр биіктікке дейінгі тікелей көру аймағының маңындағы ұшулар;

жаппай демонстрациялық ұшуларды (аэрошоу) жүргізу, авиациялық жұмыстарды тікелей көру шегінен тыс орындау, жауапкершілік аймағында ұшуларды орындау жоспарланып отырған әуе қозғалысын басқару орталығымен келісілгеннен кейін ғана барлық биіктіктерде жүргізілетін эксперименттік авиацияның ПАЖ ұшулары кезінде және осы Қағидалардың 144-тармағына сәйкес әуе қозғалысын басқару орталықтары қысқа мерзімді шектеулер енгізген жағдайда;

бақыланбайтын әуеайлақтың әуеайлақтық қозғалыс аймағында G класты әуе кеңістігінде – әуеайлақ пайдаланушысының келісуі бойынша және әуеайлақтық ұшу-ақпараттық қызмет көрсету органымен үйлестірілгеннен кейін (болған жағдайда);

5) пилотсыз әуе кемелерінің ұшулары үшін әуе кеңістігі аймақтарында азаматтық авиацияның пилотсыз авиациялық жүйелерін қолдана отырып ұшулар:

жер бетінен қоса алғанда 200 метр биіктікке дейін елді мекендердің халық тығыз қоныстанған аудандарының үстінен пилотсыз әуе кемелерінің ұшуын орындауға рұқсат немесе Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде пилотсыз авиациялық жүйелерді пайдалану қағидаларының талаптарына сәйкес азаматтық авиация саласындағы

уәкілетті ұйым берген авиациялық жұмыстарды орындауға рұқсат болған кезде орындалады;

Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде азаматтық пилотсыз авиациялық жүйелерді пайдалану қағидаларының талаптарына сәйкес жұмыс істейтін қашықтықтан сәйкестендіру жүйесімен ұшулар орындалады.

Ескерту. Қағидалар 82-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 19.10.2017 № 650 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.04.2023 № 294 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

82-3. Қағидалар 82-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 19.10.2017 № 650 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); алып тасталды - ҚР Үкіметінің 31.12.2021 № 994 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

82-4. Қағидалар 82-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 19.10.2017 № 650 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); алып тасталды - ҚР Үкіметінің 31.12.2021 № 994 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

82-5. Қағидалар 82-5-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 19.10.2017 № 650 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); алып тасталды - ҚР Үкіметінің 31.12.2021 № 994 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

82-6. Пилотсыз авиациялық жүйелерді қолдана отырып ұшуды қамтамасыз ету үшін әуе кеңістігінде қысқа мерзімді шектеулер енгізілген кезде оларды пайдалану шарттары ескертіледі.

Ескерту. Қағидалар 82-6-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 19.10.2017 № 650 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.04.2023 № 294 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

83. 83-1-тармаққа сәйкес жеңіл деп жіктелетін метеорологиялық зондтардың немесе басқарылмайтын аэростаттардың ұшуын қоспағанда, басқарылмайтын аэростаттардың ұшуы осы Қағидалардың 84, 85, 86, 87, 88, 89, 90, 91, 92, 93-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

Аэрологиялық станциялардан метеорологиялық зондтарды тұрақты іске қосу туралы ақпарат Қазақстан Республикасының аэронавигациялық ақпарат жинағында жарияланады.

**Ескерту. 83-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.04.2023 № 294 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

83-1. Басқарылмайтын аэростаттар мынадай болып жіктеледі:

1) жеңіл – егер осы тармақтың 3) тармақшасының екінші, үшінші немесе төртінші абзацына сәйкес ол ауыр жүк ретінде жіктелмесе, жалпы салмағы 4 кг кем бір немесе одан көп орамада пайдалы жүкті көтеретін басқарылмайтын аэростат;

2) орташа – егер осы тармақтың 3) тармақшасының екінші, үшінші немесе төртінші абзацына сәйкес ол ауыр жүк ретінде жіктелмесе, жалпы массасы 4 кг және одан көп, бірақ 6 кг кем екі немесе одан да көп орамдағы пайдалы жүкті көтеретін басқарылмайтын аэростат;

3) ауыр – басқарылмайтын аэростат, ол:

жалпы салмағы 6 кг немесе одан көп пайдалы жүкті көтереді;

салмағы 3 кг немесе одан көп қаптаманы қамтитын пайдалы жүкті көтереді;

салмағы 2 кг немесе одан да көп, шаршы сантиметрге 13 г нақты жүктемесі бар қаптаманы қамтитын пайдалы жүкті көтереді (нақты жүктеме граммдағы пайдалы жүк қаптамасының жалпы массасын шаршы сантиметрдегі ең кіші беттің ауданына бөлу арқылы есептеледі);

аспалы жүкті аэростаттан бөлу үшін 230 Н немесе одан да көп соққы жүктемесіне төтеп беретін пайдалы жүкті ілу үшін тросты немесе басқа құрылғыны пайдаланады.

**Ескерту. 5-тарау 83-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2021 № 994 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

84. Басқарылмайтын аэростатты пайдалану 18 000 метр биіктікте немесе төмендегілерден төмен биіктікте жүзеге асырылмайды:

1) бұлт немесе төрт октанттан көп басқа бұлыңғырлағыштар бар жерден;

2) көлденең көру мүмкіндігі 8 километрден аз жерден.

85. Басқарылмайтын аэростат ірі қалалардың, қалалардың немесе кенттердің халық қоныстанған аудандары үстінен немесе ұшуға қатысы жоқ адамдардың ашық жердегі шоғырлары үстінен ұшуы 300 метрден төмен емес биіктікте өтетіндей ұшырылады.

86. Ұшуды аяқтау үшін басқарылмайтын аэростатты пайдаланушы оны қондыратын құрылғыларды іске қосады:

1) ауа райы жағдайлары көзделген жағдайлардан нашар екені белгілі болған жағдайда;

2) ақауы немесе кез келген басқа жағдай әрі қарай ұшуды әуе қозғалысы немесе жердегі адамдар немесе мүлік үшін қауіпті етсе;

3) шет мемлекет аумағының үстіндегі әуе кеңістігіне кірер алдында рұқсат болмаған жағдайда.

87. Пайдаланушы басқарылмайтын аэростатты ұшырғаннан кейін ӘҚБ БО-ға (ӘҚБ органына) дереу төмендегі ақпаратты ұсынады:

- 1) аэростаттың ұшуын (мақсатын) белгілеу;
- 2) ұшыру орны;
- 3) нақты ұшыру уақыты;

4) егер ол 18 000 метр немесе одан төмен биіктікте болса, 18 000 метр биіктікке өтудің есептік уақыты немесе крейсерлік эшелонға жетудің есептік уақыты, есептік орналасқан жері;

5) әуе кеңістігін пайдалану үшін берілген өтінімде алдын ала хабарланған ақпараттағы кез келген өзгерістер.

88. Осы Қағидалардың 77-тармағына сәйкес алдын ала хабарланған, басқарылмайтын аэростатты болжанған ұшыру болмайтыны белгілі болса, пайдаланушы дереу ӘҚБ БО-ға (ӘҚБ орталығына) хабарлайды.

**Ескерту. 88-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.10.2017 № 650 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

89. 18 000 метр немесе одан төмен биіктікте ұшып келе жатқан басқарылмайтын аэростат пайланушысы аэростаттың ұшу траекториясын қадағалап, аэростаттың кімнің жауапкершілік аймағында ұшып бара жатқанына қарай, ӘҚҚ немесе ӘҚБ органдарының талап етуі бойынша оның қай жерде ұшып бара жатқаны туралы хабарлама жібереді. Егер ӘҚҚ (ӘҚБ) органдары аз уақыт ішінде аэростаттың қай жерде ұшып бара жатқандығы туралы хабарламаны талап етпесе, онда пайдаланушы оның ұшып бара жатқан жерін әр екі сағат сайын тіркеп отырады.

90. 18 000 метр биіктіктен жоғары биіктікте ұшып бара жатқан басқарылмайтын аэростатты пайдаланушы, аэростаттың ұшу барысын қадағалап, ӘҚҚ (ӘҚБ) органдарының талап етуі бойынша аэростаттың ұшып бара жатқан жері туралы хабарлама жібереді. Егер ӘҚҚ (ӘҚБ) органдары аз уақыт ішінде аэростаттың қай жерде ұшып бара жатқандығы туралы хабарлама талап етпесе, онда пайдаланушы оның ұшып бара жатқан жерін әр 2 сағат сайын тіркеп отырады.

91. Егер осы Қағиданың 89 және 90-тармақтарына сәйкес, оның ұшып бара жатқан жерін тіркеу мүмкін болмаса, пайдаланушы соңғы тіркелген ұшып бара жатқан жерін қоса алғанда, бұл туралы дереу ӘҚҚ (ӘҚБ) органына хабарлайды. Егер тіркеу жалғастырылса, онда дереу ӘҚҚ (ӘҚБ) органына хабарланады.

92. Пайдаланушы басқарылмайтын аэростат төмендей бастағанға дейін 1 сағат бұрын, тиісті ӘҚҚ (ӘҚБ) органына аэростат туралы мынадай ақпарат жібереді:

- 1) осы сәттегі орналасқан географиялық орны;
- 2) ұшудың осы сәттегі эшелоны (барометрлік биіктігі);

3) 18 000 метр биіктіктен өтетін есептелген уақыты, орын алған жағдайда;

4) жерге қонатын есептелген уақыты мен орны.

93. Басқарылмайтын аэростатты пайдаланушы тиісті ӘҚК (ӘҚБ) органына ұшудың аяқталғаны туралы хабарлайды.

## **6. Әуе кеңістігін пайдалануды рұқсат ету және хабарлау тәртібі**

94. Әуе кеңістігін пайдалануды рұқсат ету тәртібі ӘҚК (ӘҚБ) - әуе кеңістігін пайдаланушылар әуе кеңістігін пайдалануға рұқсаты болған жағдайда, өз қызметін ұшу жоспарлары мен әуе кеңістігін пайдалануға берілген өтінімдер негізінде жүзеге асыратын, әуе кеңістігін пайдалану тәртібі болып табылады.

ӘҚЖ БО немесе ӘҚБ БО-ның әуе кеңістігін пайдаланушыдан ұшу жоспарын (әуе кеңістігін пайдалануға берілген өтінім) қабылдауы, алынған деректерді әуе кеңістігін пайдалану жоспарларына енгізуі - әуе кеңістігін пайдалануды рұқсат ету болып табылады, олар әуе қозғалысына қызмет көрсету органдарына, (әуе қозғалысын басқару органдарына) оларға қатысты бөлігінде, Қазақстан Республикасының ӘШҚК әскерлерінің органдарына хабарланады.

95. Әуе кеңістігін пайдалануға рұқсат беру тәртібі:

1) А, В, С, D және Е сыныптарындағы әуе кеңістігінде ұшуды орындайтын әуе кеңістігін пайдаланушылар үшін (осы Қағидалардың 96-тармағында көрсетілген қызметті қоспағанда);

2) әуе кеңістігінің сыныбына тәуелсіз "Қазақстан Республикасы әуе кеңістігін пайдалану және авиация саласының қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес қызметті жүзеге асыратын әуе кеңістігін пайдаланушылар үшін белгіленеді.

**Ескерту. 95-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.10.2017 № 650 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

96. А, В, С, D және Е сыныптарындағы әуе кеңістігін пайдалануға рұқсат беру тәртібі:

1) әуе шабуылына тойтарыс беру, әуе кеңістігінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бұзуды немесе Қазақстан Республикасының аумағына қарулы басып кіруді болғызбау және тоқтату;

2) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде көмек көрсету, ғарыш аппараттары мен олардың экипаждарын іздестіру және эвакуациялау;

3) әуе кеңістігін пайдалану тәртібінің бұзылуын болғызбау және (немесе) тоқтату жағдайларында қолданылмайды.

**Ескерту. 96-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.10.2017 № 650 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

97. Әуе кеңістігін пайдалану жоспарларын жүргізуді ӘҚЖ БО және ӘҚБ БО жүзеге асырады.

98. ӘҚЖ БО әуе кеңістігін пайдалану жоспарларын мынадай:

1) әуе кемелері ұшуды әуе қозғалысына қызмет көрсету маршруттары бойынша орындаған жағдайда;

2) ұшуларды авиациялық жұмыстар аудандарында орындаған жағдайда;

3) әуе кемелері FRA-да ұшқан кезде жүзеге асырады.

**Ескерту. 98-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.04.2023 № 294 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 09.12.2024 № 1042 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

99. ӘҚБ БО әуе кеңістігін пайдалану жоспарларын жүргізуді мына жағдайларда:

1) мемлекеттік авиацияның әуе кемелері ұшуды әуе қозғалысына қызмет көрсету маршруттарынан тыс жерде, арнайы аймақтарда және мемлекеттік авиацияның басқа да ұшу аудандарында орындаған жағдайда;

2) пилотсыз авиациялық жүйелерді, басқарылатын аэростаттарды, дирижабльдерді, планерлерді (дельтапландар мен парапландарды) қолдана отырып ұшуларды орындау кезінде;

3) әуе кеңістігін пайдалану жөніндегі қызметті Заңның 18-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес жүзеге асырған жағдайда жүзеге асырады.

**Ескерту. 99-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.04.2023 № 294 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

100. Мынадай:

1) пайдаланушының қолданыстағы сертификаты және оған қоса берілетін пайдалану ерекшеліктері (авиакомпаниялар үшін) болса;

2) авиациялық жұмыстарды орындауға құқық беретін қолданыстағы куәлік және оған қоса берілетін пайдалану ерекшеліктері (авиациялық жұмыстар орындауды жоспарлап отырған пайдаланушылар үшін) болса;

3) ұшуды орындау құқығын беретін қолданыстағы куәлік және оған қоса берілетін пайдалану ерекшеліктері (сертификатталған ең жоғарғы ұшу массасы 5700 килограммнан асатын ұшақтарды пайдаланатын жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушылар үшін), сондай-ақ сертификатталған ең жоғары ұшу массасы 5700 килограммнан аз ұшақтарды және сертификатталған ең жоғары ұшу массасына қарамастан, тікұшақтар пайдаланылатын жалпы мақсаттағы авиацияны пайдаланушылар үшін қолданыстағы ұшуға жарамдылық сертификаты болса;

4) қолданыстағы ұшуға жарамдылық сертификаты және азаматтық әуе кемесін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік (әуе кемелерінің барлық пайдаланушылары үшін), ал

қолданыстағы ұшуға жарамдылық сертификаты жоқ әуе кемелері үшін – азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның арнайы ұшуды орындауға берген рұқсаты болса;

5) ұсынылған ұшу жоспары осы Қағидада белгіленген нысанға және мазмұнға сәйкес келсе (әуе кемелерінің барлық пайдаланушылары үшін);

6) әуе кемесінің сынақтық ұшуды немесе айналып ұшуды орындауға әзірлігі туралы жөндеу немесе құрастыру кәсіпорнының бірінші басшысының қолы қойылған анықтамасы болса;

7) аэронавигациялық қызмет көрсетушімен жасалған шарттарға сәйкес ұшуды іздестіру-құтқарумен қамтамасыз ету жөніндегі кезекшілікке жұмылдырылған (мәлімделген) әуе кемелері үшін – ұшу жоспарында осы Қағидаға 4-қосымшаға сәйкес HUM, HOSP, MEDEVAC, SAR, FFR, 04, 02 шартты белгілері, "OK" және "PK" литерлері бар мақсаттарға сәйкес келетін ұшу мақсаттары мен ұшу литерлерінің атауы көрсетілген ұшуды орындаса және жауапкершілік ауданын іргелес іздестіру және құтқару аудандарының кезекші іздестіру-құтқару әуе кемелерінің қамтуы шартымен ӘҚЖ БО әуе кеңістігінің қазақстандық пайдаланушысынан алған ұшу жоспарын әуе кеңістігін пайдалану жоспарына енгізеді.

Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым пайдаланушының берілген сертификаттарының, авиациялық жұмыстарды орындауға арналған куәліктердің, ұшуды орындау құқығын беретін куәліктердің, ұшуға жарамдылық сертификаттарының және азаматтық әуе кемелерін мемлекеттік тіркеу туралы куәліктердің көшірмелерін ӘҚЖ БО-ға дереу ұсынады.

**Ескерту. 100-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 21.04.2026 № 302 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

101. ӘҚБ БО әуе кеңістігін пайдаланушыдан алған ұшу жоспарын (әуе кеңістігін пайдалануға берілген өтінімді), ұсынылған ұшу жоспары осы Қағидада белгіленген нысан мен мазмұнға сәйкес келген жағдайда, әуе кеңістігін пайдалану жоспарына енгізеді.

102. ӘҚЖ БО әуе кеңістігінің шетелдік пайдаланушысынан алған ұшу жоспарын, ұсынылған ұшу жоспары осы Қағидада белгіленген нысан мен мазмұнға сәйкес келген жағдайда және осы Қағиданың 7-тарауына сәйкес шетелдік әуе кемелерінің халықаралық ұшуларды орындауына берілетін рұқсат болған жағдайда, әуе кеңістігін пайдалану жоспарына енгізеді.

103. Ұшу жоспарлары, алдын ала ұсынылған ұшу жоспарлары және әуе кеңістігін пайдалануға берілген өтінімдер осы Қағидада белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда және Қағидада белгіленген мерзімдер сақталмай берілген жағдайда әуе

кеңістігін пайдалану жоспарына енгізуге жатпайды. Бұл жағдайда, ӘҚЖ БО (ӘҚБ БО) ұшу жоспарының бекітілмегендігі туралы хабарламаны осы Қағиданың 3-қосымшасында белгіленген нысанда, мекен-жайларға және мерзімдерде жібереді.

104. Әуе кеңістігін пайдалану туралы шешім қабылдаған мемлекеттік органдар, осы Қағиданың 96-тармағында көрсетілген жағдайларда, бұл туралы дереу ӘҚЖ БО мен ӘҚБ БО-ға хабарлайды.

105. Диспетчерлік рұқсатты ӘҚҚ (ӘҚБ) органдары әуе кеңістігін пайдалану жоспарында көрсетілген алдағы ұшу туралы ақпарат негізінде немесе осы Қағиданың 96-тармағында көрсетілген жағдайларда, әуе кемесі командирінің сұрауы негізінде береді.

106. Әуе кеңістігін пайдаланудың хабарламалық тәртібі деп әуе кеңістігін пайдаланушыларға ұшуды бақыланбайтын әуе кеңістігінде диспетчерлік қызмет көрсетусіз орындауға мүмкіндік беру түсіндіріледі.

**Ескерту. 106-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.12.2013 № 1429 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

107. Әуе кеңістігін пайдаланудың хабарламалық тәртібі G сыныбындағы әуе кеңістігінде белгіленеді.

G сыныбындағы әуе кеңістігінде ұшатын әуе кеңістігін пайдаланушылар тиісті ӘҚҚ (ӘҚБ) органдарына өзінің қызметі туралы ұшу жоспарын ұсыну жолымен ұшу басталғанға дейін кем дегенде бір сағат бұрын хабарлайды.

Ұшу-ақпараттық қызмет көрсету әуе кемесін пайдаланушының сұрау салуы бойынша ұсынылады.

108. G сыныбындағы әуе кеңістігінде ұшуды орындар алдында әуе кеңістігін пайдаланушыларда, Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, ұшуды орындау қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажет аэронавигациялық және метеорологиялық ақпараттары болады.

109. G сыныбындағы әуе кеңістігінде ұшу кезінде әуе кемесінің командирі өзі басқарып келе жатқан әуе кемесінің басқа әуе кемелерімен және ауадағы басқа да материалдық объектілері мен, сондай-ақ жер бетіндегі (су бетіндегі) кедергілері мен соқтығыспауын қамтамасыз етеді.

## **7. Шетелдік әуе кемелерінің халықаралық ұшуды орындауына рұқсат ету**

110. Шет мемлекеттердің әуе кемелерінің Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде ұшуы:

1) Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың;

2) Қазақстан Республикасының әуеайлақтарына қонбай не қона отырып, Қазақстан Республикасының аумағы арқылы коммерциялық емес мақсаттарда халықаралық тұрақты ұшуды орындауға арналған рұқсаттардың;

3) халықаралық тұрақты емес (біржолғы) ұшуды орындауға арналған рұқсаттардың;

4) біржолғы ұшуды орындауға берілетін арнайы (дипломатиялық) рұқсаттардың негізінде жүзеге асырылады.

111. Қазақстан Республикасының әуеайлақтарында қонбай не қона отырып, Қазақстан Республикасының аумағы арқылы коммерциялық емес мақсаттарда халықаралық тұрақты ұшуды орындауға рұқсаттарды, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бекіткен Қазақстан Республикасының ішкі және халықаралық авиамаршруттарындағы тұрақты рейстердің кестесін бекіту нұсқаулығына сәйкес азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган береді.

112. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі:

1) мемлекеттік және эксперименттік әуе кемелерінің;

2) осы Қағиданың 113-тармағында аталған шет мемлекеттердің лауазымды адамдарын тасымалдайтын азаматтық әуе кемелерінің;

3) шет мемлекеттердің әскери құралымдарын, қару-жарақтары мен әскери техникасын, сондай-ақ қос мақсатта пайдаланылатын өнімдерін тасымалдау үшін әуе кемелерінің біржолғы ұшуын орындауға арналған арнайы (дипломатиялық) рұқсаттарды береді.

113. Осы Қағиданың 112-тармағының 2) тармақшасында аталған шет мемлекеттердің лауазымды адамдары:

1) Мемлекет басшылары;

2) Үкімет басшылары;

3) Парламент палаталарының спикерлері;

4) Мемлекет хатшылары;

5) Үкімет басшыларының орынбасарлары;

6) министрлер;

7) Мемлекет басшылары мен Үкімет басшыларының арнайы өкілдері;

8) халықаралық ұйымдар басшылары;

9) Қазақстан Республикасы Президентінің жеке қонақтары;

10) корольдік отбасылар мүшелері;

11) Қазақстан Республикасы Президентінің немесе Премьер-министрінің шақыруы (алдын ала уағдаласуы) бойынша Қазақстанға келетін шет мемлекеттердің үкімет комиссиялары;

12) Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі анықтайтын өзге де адамдар.

114. Шет мемлекеттердің әскери құралымдарын, қару-жарақтары мен әскери техникасын, сондай-ақ қосарлы мақсатта пайдаланылатын өнімдерін тасымалдау үшін әуе кемесінің бір жолғы ұшуын орындауға арналған арнайы (дипломатиялық)

рұқсаттарды мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органмен және азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органмен алдын ала келісе отырып, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі береді.

Осы ұшуды азаматтық әуе кемесі орындаған жағдайда, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетін хабардар етеді.

115. Біржолғы ұшуды орындауға арналған арнайы (дипломатиялық.) рұқсатты алу үшін Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің атына дипломатиялық өкілдіктер және шет мемлекеттердің консулдық мекемелері, шет мемлекеттердің сыртқы саяси ведомстволары, шетел мекемелері немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары ресми сұрау салу жолдайды, онда төмендегідей ақпарат қамтылған:

- 1) пайдаланушының толық атауы, пошталық мекенжайы;
- 2) рейстің ИКАО коды мен нөмірі;
- 3) әуе кемесінің үлгісі, тіркеу нөмірі, MTOW, радио арқылы шақыру белгісі;
- 4) әуе кемесі тіркелген мемлекет;
- 5) ұшу мақсаты, жолаушылар мен жүктің болуы;
- 6) навигациялық және байланысу жабдықтарының үлгісі;
- 7) бортта қару-жарақтың, оқ-дәрілердің, фотоаппаратураның болуы;
- 8) жолаушыларды/жүкті жөнелту және жеткізу орны мен аралық қону орны;

9) ұшу маршрутындағы әуе авиатрассалары, Қазақстан Республикасының әуе кеңістігіне кіру/шығу нүктелері көрсетілген, әуе кемесі қозғалысының күні, толық авиамаршруты мен кестесі (UTC);

10) жүкті жөнелтуші, жүкті қабылдаушы (толық атауы, мекен жайы, телефоны, факсы).

Бір-бірімен байланысты біржолғы ұшулар сериясын орындауға берілетін арнайы (дипломатиялық) рұқсат күнтізбелік 30 күннен аспайтын мерзімге беріледі.

116. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі осы Қағиданың 112-тармағының 1), 2) тармақшаларында көрсетілген әуе кемелерінің біржолғы ұшуларды орындауын алдын ала келісу үшін сұратуды мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органға және азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға жібереді.

117. Авиация салаларындағы уәкілетті органдар біржолғы ұшуды орындауға келісім беру (келісім бермеу) туралы жауапты Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне жолдайды. Азаматтық немесе мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті орган біржолғы ұшуды орындауға келісім бермеген жағдайда, осы орган дәлелді бас тарту ұсынады.

118. Авиация салаларындағы уәкілетті органдардың біржолғы ұшуды орындауға берген келісімі (келіспеушілігі) негізінде Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі:

1) арнайы (дипломатиялық) рұқсат береді;

2) арнайы (дипломатиялық) рұқсатты беруден бас тартқандығы туралы хабарлайды.

119. "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 40-бабының 5-тармағында көзделген ережелер арнайы (дипломатиялық) рұқсатты беруден бас тартуға негіз болады.

Осы Қағиданың 115-тармағында көзделген ақпарат толық болмаған, жағдайда сұрау салулар қаралмастан кері қайтарылады.

120. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде біржолғы ұшуларды орындауға берілетін арнайы (дипломатиялық) рұқсаттар тізілімін жүргізеді.

121. Азаматтық әуе кемелерінің халықаралық тұрақты емес (біржолғы) ұшуларын орындауға арналған рұқсаттарды осы Қағиданың 112-тармағындағы ережелерді ескере отырып, және азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган басшысының бұйрығымен бекітілген Халықаралық тұрақты емес ұшуды орындауға рұқсаттар берудің және рұқсаттар беруден бас тартуға арналған негіздердің қағидасына сәйкес азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган береді.

122. Тиісті органдардың біржолғы халықаралық ұшуларды орындауға берген рұқсаттары немесе олар жойған рұқсаттар туралы ақпарат дереу ӘҚЖ БО-ға және ӘҚБ БО-ға жеткізіледі.

## **8. Әуе қозғалысын ұйымдастыру және қызмет көрсету (әуе қозғалысын басқару)**

123. Әуе қозғалысын ұйымдастыруға мыналар кіреді:

1) әуе қозғалысына қызмет көрсету (әуе қозғалысын басқару);

2) әуе қозғалысының ағындарын ұйымдастыру;

3) әуе кеңістігін ұйымдастыру.

Әуе қозғалысына қызмет көрсетуді (әуе қозғалысын басқаруды) ӘҚЖ (ӘҚБ) органдары жүзеге асырады.

124. Әуе қозғалысына қызмет көрсетуге мыналар кіреді:

1) әуе қозғалысына диспетчерлік қызмет көрсету;

2) әуе қозғалысына ұшу-ақпараттық қызмет көрсету;

3) авариялық хабар беру.

125. Әуе қозғалысын басқару құрамына мыналар кіретін кешенді үдеріс болып табылады:

1) ұшуды жоспарлау;

2) ұшуды үйлестіру;

3) ұшуды қамтамасыз ету;

4) әуе кемелерінің қозғалысын әуеде және жерде тікелей басқару;

5) ұшудың белгіленген режимінің және әуе кеңістігін пайдалану тәртібінің сақталуын бақылау.

Әуе кемелерінің қозғалысын жерде және әуеде тікелей басқаруға мыналар жатады:

1) әуеайлақ аудандарында (қону алаңдарында) мемлекеттік авиация әуе кемелерінің ұшуын жерде және әуеде басқару басшылығы (басқару);

2) дүлей және өзге де зілзалалар болған аудандарда, іздестіру-құтқару жұмыстарын жүргізу аудандарында, мемлекеттік авиацияның әуе трассаларынан тыс маршрут бойынша ұшуларды орындау кезіндегі әуе қозғалысын тікелей басқару әуе трассалары бойынша ӘҚК органдарымен келісу арқылы жүзеге асырылады (осы Қағидалардың 129-5-тармағын есепке ала отырып);

3) әуе шабуылына тойтарсыс беру, әуе кеңістігінде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасын бұзуды, әуе кеңістігін пайдалану тәртібінің бұзылуын болғызбау және тоқтату, Қазақстан Республикасының егемендігіне, аумақтық тұтастығына және қауіпсіздігіне қарсы күш қолдану қатерін жою барысында авиацияны әскери басқару;

4) мемлекеттік авиацияның арнайы бөлінген аймақтарда, полигондарда, десанттау алаңдарында жауынгерлік пайдалану міндеттерін және арнайы міндеттерді орындау барысындағы әскери басқаруы.

**Ескерту. 125-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.10.2017 № 650 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

126. Әуе қозғалысына диспетчерлік қызмет көрсетуге мыналар кіреді:

1) аудандық диспетчерлік қызмет көрсету;

2) қонуға жақында диспетчерлік қызмет көрсету;

3) әуеайлақтың диспетчерлік қызмет көрсету.

127. Әуе қозғалысының ағындарын ұйымдастыруды ӘҚК (ӘҚБ) органдарының өткізу қабілеті үстіндегі әуе қозғалысы қажеттіліктерін арттыруды реттеу үшін ӘҚЖ БО мен ӘҚБ БО жүзеге асырады.

Әуе қозғалысының ағындарын ұйымдастыру әуе кеңістігін пайдалануды жоспарлаудың барлық кезеңдерінде қамтамасыз етіледі.

128. Әуе кеңістігін ұйымдастыруды әуе қозғалысына қызмет көрсетуді (басқаруды) қамтамасыз ету және әуе қозғалысының ағындарын ұйымдастыру мақсатында ӘҚК (ӘҚБ) органдары жүзеге асырады.

129. Әуе қозғалысын ұйымдастыру және қызмет көрсету Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

## **8-1. ӘҚК және ӘҚБ органдары арасындағы іс-қимылдарды үйлестіру**

**Ескерту. Қағидалар 8-1-бөліммен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 19.10.2017 № 650 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

129-1. ӘҚҚ және ӘҚБ органдары арасындағы әуе кемесінің ұшуына қатысты іс-қимылдарды үйлестіру әуе кеңістігін пайдалануды алдын ала, тәуліктік, ағымдағы жоспарлау кезінде, сондай-ақ әуе қозғалысына қызмет көрсету (әуе қозғалысын басқару) кезінде жүзеге асырылады.

129-2. Әуе қозғалысы екі түрге бөлінеді:

жалпы әуе қозғалысы;

операциялық әуе қозғалысы.

129-3. Жалпы әуе қозғалысы мемлекеттік авиацияның арнайы белгіленген ұшу аймағын қоспағанда, Қазақстан Республикасының бүкіл әуе кеңістігіндегі барлық авиация саласы түрінің әуе кемелері қозғалысын білдіреді. Жалпы әуе қозғалысының әуе кемелері үшін әуе қозғалысына қызмет көрсетудің барлық түрі ӘҚҚ органының құзыретіне жатады.

129-4. Жалпы әуе қозғалысына қатысатын әуе кемелерінің барлық ұшуы азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бекітетін Әуе қозғалысын ұйымдастыру және қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулыққа және азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бекітетін Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында ұшуды жүргізу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

129-5. Операциялық әуе қозғалысы сынаудан өткізу үшін ұшыруды, әуеде отын толтыруды, кіші және шекті кіші биіктікте ұшуды, зымыран ұшыруды, әуеде атуды, маневр жасау тәсілдерін және басқа да арнайы ұшуды меңгеруді, әуе кемелерінің экипаждары жалпы әуе қозғалысы үшін белгіленген талаптардың орындалуын қамтамасыз ете алмаған жағдайда, орындау үшін арнайы белгіленген аймақтарда (маршруттарда) мемлекеттік авиация саласының ұшуын білдіреді.

Операциялық әуе қозғалысын басқару ӘҚБ органының немесе мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті орган бекітетін Қазақстан Республикасының мемлекеттік авиациясында ұшуды жүргізу қағидаларына сәйкес ұйымдастырылатын авиациялық әскери бөлімнен ұшуларға жетекшілік ететін топтың құзыретіне жатады.

Нақты мемлекеттік авиация саласы әуе кемесінің ұшуын операциялық әуе қозғалысына жатқызу туралы шешімді ӘҚБ БО немесе ӘҚБ орталығы басқару пункттерін белгілеу (тағайындау), уақытша режимді немесе әуе кеңістігін пайдалануда қысқа мерзімді шектеулерді енгізу жолымен қабылдайды.

129-6. Операциялық әуе қозғалысы кезінде әуе кемелерінің ұшуы мемлекеттік авиация саласының уәкілетті органының шешімімен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік авиация саласындағы ұшуларды жүргізу қағидаларына және Әуе қозғалысын басқару жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады.

129-7. Азаматтық және мемлекеттік авиация бірге орналасқан әуеайлақтардың аудандарында бір уақытта аралас жалпы және операциялық әуе қозғалысын жүзеге асыруға байланысты әуе қозғалысына қызмет көрсету (әуе қозғалысын басқару) ерекшелігі азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган және мемлекеттік авиация

саласындағы уәкілетті орган бекітетін Қазақстан Республикасының азаматтық және мемлекеттік авиациясының бірлесіп орналастыру әуеайлақтарын пайдалану қағидаларына сәйкес айқындалады.

129-8. Мемлекеттік авиация әуе кемесінің бортында авариялық жағдай туындаған және азаматтық авиация әуеайлағына қону қажет болған жағдайда осы әуеайлақтың әуе қозғалысына қызмет көрсету органы экипажға ұшу-қону жолағының жұмыс шегіне (сынап бағанасының миллиметрі) қатысты атмосфералық қысымды және басқа да қажетті ақпаратты сұрау салу бойынша береді.

129-9. Іргелес ӘҚҚ органдары және ӘҚБ орталықтары арасында осы органдардың басшылары бекітетін өзара іс-қимыл жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес әуе кемелерінің ұшуын қауіпсіз және кедергісіз жүргізуге қатысты ақпарат алмасу жүргізіледі.

Өзара іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық:

1) әуе кеңістігі құрылымының осы өзгерісі кезінде ұшу қауіпсіздігіне бағалау жүргізуді ескере отырып, ұшу қауіпсіздігіне қатер төндіретін қызмет үшін (полигон, атыс алаңы, оқу орталығы, карьер, кен орны, кеніш, қима, аэрологиялық станция) жаңадан енгізілетін ұшуға шектеу қойылған аймақтарды ӘҚҚ органының келісуі кезіндегі іс-қимылдардың сипаттамасын;

2) ӘҚБ БО басшысы бекіткен қысқа мерзімді шектеулерді және уақытша режимдерді әзірлеу мен белгілеу жөніндегі әдістемеге сәйкес есептелген қызметтің әрбір түрі (полигон, атыс орны, оқу орталығы, карьер, кен орны, кеніш, қима, аэрологиялық станция) үшін ӘҚБ орталығы жоспарлаған шектеулерді;

3) операциялық әуе қозғалысында әуе кемелерінің ұшуы үшін қысқа мерзімді шектеулерді енгізу кезіндегі іс-қимылдардың сипаттамасын қамтиды.

Операциялық әуе қозғалысындағы әуе кемесінің ұшу маршруты бойынша қысқа мерзімді шектеу ӘҚБ орталықтарының екі және одан да көп жауапкершілік ауданын қозғаса, шектеу ӘҚБ орталықтарымен және ӘҚҚ органдарымен келісілген өзара іс-қимыл негізінде азаматтық-әскери үйлестірудің тұрақты жұмыс істейтін тобымен келісіледі.

**Ескерту. 129-9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2021 № 994 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**8-2. Ұшуды орындау және әуе қозғалысына қызмет көрсету (әуе қозғалысын басқару) мақсаты үшін өлшем бірліктері**

**Ескерту. Қағидалар 8-2-бөліммен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 19.10.2017 № 650 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

129-10. Мемлекеттік авиацияда координаталардың, биіктіктердің, гравиметрлік және спутниктік өлшемдердің (1942 жылғы координаталар жүйесі) бірыңғай жүйесі

белгіленген. Координатаның бастауы – Пулков обсерваториясы Дөңгелек залының орталығы және биіктіктердің бастапқы деңгейі – Ресей Федерациясының аумағында орналасқан Балтық теңізіндегі Кронштадт футштогының нөлдік мәні.

129-11. "Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясына дүниежүзілік геодезиялық координаталар жүйесін – 1984 (WGS-84) енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 5 мамырдағы № 376 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде ұшуды орындау және әуе қозғалысына қызмет көрсету мақсаты үшін азаматтық авиацияда 1984 жылғы (WGS-84) дүниежүзілік геодезиялық координаталар жүйесі, тік жазықтықтың есептеу жүйесі ретінде негіз болатын теңіздің орта деңгейі (MSL) қолданылады. Азаматтық авиацияда қолданылатын координаталар, биіктіктер өлшемдерінің гравиметрлік және спутниктік өлшемдердің (1942 жылғы координаталар жүйесі) бірыңғай жүйесі осы Қағидаларға 8-қосымшада келтірілген.

129-12. Мемлекеттік және азаматтық авиацияда уақытты есептеу жүйесі ретінде Григориан күнтізбесі және Дүниежүзілік үйлестірілген уақыт (UTC) қолданылады.

## **9. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қиып өту қағидасы**

130. Халықаралық ұшу үшін ашық әуе трассалары бойынша халықаралық ұшуды орындау кезінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан ұшып өтудің әуе дәлізі әуе қозғалысына қызмет көрсету маршрутының Әуе трассасының Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы сызығымен қиылысу жеріндегі әуе кеңістігінің бір бөлігі болып табылады.

131. Әуе кемелерінің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын оны халықаралық әуе трассалары қиып өтетін жерлерден тыс жерде ұшып өтуі мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті орган белгілеген арнайы әуе дәлізі бойымен жүзеге асырылады.

132. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын ұшып өтудің әуе дәлізі әуе қозғалысына қызмет көрсету маршруты осінің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы сызығымен қиылысу нүктесінің географиялық координаттарымен белгіленеді.

133. "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 40-бабына сәйкес және осы Қағиданың 7-тарауында белгіленген тәртіппен халықаралық ұшуды орындауға берілген рұқсат - шетелдік әуе кемелерінің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қиып өтуінің негізі болып табылады.

Мұндай рұқсат болмаған жағдайда Қазақстан Республикасының әуе кеңістігіне кіруге көрсетілген рұқсатты алуға мүмкіндік бермейтін барлық мәселелер шешілгенге дейін рұқсат етілмейді.

134. Қазақстан Республикасының және шектес мемлекеттің ӘҚК органдары арасында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өту шарттарын келісу белгіленген байланыс арналары арқылы жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өту шарттары әуе кемесінің экипажына хабарланады.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өту шарттарын алған әуе кемесінің экипажы ӘҚК органына Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өтудің нақты уақытын және ұшу эшелонын (биіктігін) хабарлайды.

**Ескерту. 134-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.10.2017 № 650 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

135. ӘҚК органы шектес аумақ жағынан Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өткенге дейін 10 минут бұрын әуе қорғаныс әскері органына рейс нөмірін (шақыратын), ұшу эшелонын (биіктігін) және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өтудің есептік уақытын хабарлайды. Әуе кемесі шектес аумақта Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасына тікелей жақын орналасқан әуеайлақтан ұшып шыққан жағдайда, ақпарат әуе кемесінің ұшып шығуы туралы хабар алғаннан кейін оның Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өтуіне дейін беріледі.

**Ескерту. 135-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.10.2017 № 650 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

135-1. Әуе қорғаныс әскерлері органдары мен ӘҚК органдары арасындағы іс-қимылды үйлестіруді қамтамасыз ету үшін көрсетілген органдардың басшылары өзара іс-қимыл жасау жөніндегі нұсқаулықты бекітеді.

**Ескерту. Қағидалар 135-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 19.10.2017 № 650 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

136. Егер халықаралық шарттарда (келісімдерде) өзгеше көзделмесе және ӘҚК (ӘҚБ) органдарынан басқа нұсқаулар берілмесе, Қазақстан Республикасында және шекаралас мемлекетте қабылданған эшелондау жүйелерінде айырмашылықтар болған жағдайда, эшелонды ауыстыру Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қиып өткенге 30 километр қалғанда аяқталуы тиіс.

137. Егер халықаралық ұшуды орындайтын әуе кемесі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қиып өткеннен кейін ұшуды жалғастыра алмаса және әуе кемесінің экипажы ұшып шығу әуеайлағына қарай қайта ұшу туралы шешім қабылдаса, онда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кері маршрутта қиып өту әуе қозғалысына қызмет көрсетудің немесе ұшудың сол маршруты бойынша орындалады. ӘҚК (ӘҚБ) органы әуе кемесінің экипажына ұшуды орындау және

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қиып өту талаптарын хабарлап, бұл туралы ӘШҚҚ органын ақпараттандырады.

138. Радио байланысы әуе кемесінің экипажы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қиып өту талаптарын алғаннан кейін, ұшып келе жатқан кезде істен шыққан жағдайлардан басқа жағдайларда, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын радиобайланысы жоқ әуе кемесімен қиып өтуге тыйым салынады. Егер әуе кемесінің экипажы ұшып шығу әуеайлағына қарай қайта ұшу туралы шешім қабылдаса, онда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кері маршрутта қиып өту, ілеспе эшелонды иеленіп, әуе қозғалысына қызмет көрсетудің, ұшудың сол маршруты бойынша орындалады.

139. Дүлей апаттар, апаттар, авариялар жағдайында, әуе кемесіндегі авариялық жағдайларда және адамдардың өміріне немесе денсаулығына қауіп төндіретін басқа да жағдайларда әуе кемелерінің Қазақстан Республикасының әуе кеңістігіне мәжбүрлі түрде ұшып кіруі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қиып өту қағидасын бұзу болып табылмайды.

140. Әуе кемесінің экипажы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын мәжбүрлі түрде қиып өткен жағдайда бұл туралы дереу тиісті ӘҚК (ӘҚБ) органына хабарлап, әрі қарай осы органның берген нұсқауы немесе (ӘҚБ) органына хабарлап, әрі қарай осы органның берген нұсқауы немесе Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің осындай қиып өту фактісін анықтау үшін көкке көтерілген әуе кемесінің кезекші командирінің нұсқаулары бойынша әрекет етеді. ӘҚК (ӘҚБ) органы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын мәжбүрлі қиып өту туралы ӘШҚҚ органына хабарлайды.

141. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын белгіленген ережелерді бұзып қиып өткен әуе кемелері, "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бұзушылар болып танылады.

#### **9-1. Аса маңызды ұшуды орындау үшін әуе кеңістігін пайдалану ерекшелігі**

**Ескерту. Қағидалар 9-1-бөліммен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 19.10.2017 № 650 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

141-1. Аса маңызды ұшу А, В, С және D сыныптарындағы тұрақты белгіленген бақыланатын әуе кеңістігінде көрсетілген сыныптар үшін белгіленген талаптарға сәйкес орындалады.

Барлық басқа жағдайларда аса маңызды ұшу орындалатын маршруттың айналасындағы әуе кеңістігі А, В, С немесе D сыныптарындағы уақытша бақыланатын

әуе кеңістігі ретінде белгіленеді. Уақытша әуе кеңістігінің сыныбын осы Қағидалардың 141-2-тармағында көрсетілген ӘҚҚ органы ұшудың аса маңызды (АҰҚ және АҰК) түріне және осы ауданда әуе қозғалысының қарқындылығына негізделіп айқындайды.

141-2. Уақытша бақыланатын әуе кеңістігіндегі әуе қозғалысына қызмет көрсету үшін жауапты ӘҚҚ (ӘҚБ) органы уақытша бақыланатын әуе кеңістігінің белгіленген жоғарғы шекарасының үстінде әуе қозғалысына тұрақты қызмет көрсетуді (әуе қозғалысын басқаруды) жүзеге асыратын орган (органдар) болып табылады.

Бақыланбайтын әуеайлақтарда уақытша диспетчерлік аймақтарды және уақытша әуеайлақтық диспетчерлік пункттерді аэронавигациялық қызмет көрсетуші енгізуі мүмкін.

Уақытша бақыланатын әуе кеңістігін енгізу туралы ақпарат оның құрылымы мен қолданылатын әуе кеңістігінің сыныбы көрсетіле отырып, әуе кеңістігін пайдаланушыларға NOTAM түрінде жеткізіледі, сондай-ақ ақпараттық ресурстарда ( веб-сайтта) орналастырылады.

141-3. Уақытша бақыланатын әуе кеңістігі мыналарды қамтиды:

1) уақытша диспетчерлік аймақ. Уақытша диспетчерлік аймақтар тұрақты жұмыс істейтін диспетчерлік аймақтары жоқ, аса маңызды ұшуға шығатын және межелі әуеайлақтар аймағында орнатылады. Аса маңызды ұшуға арналған диспетчерлік аймақ әуеайлақтың бақыланатын нүктесінен 20 километрге дейінгі радиуспен және биіктігі бойынша жер (су) бетінен әуе кемесінің типі мен әуеайлақ айналасындағы әуе кеңістігінің құрылымына байланысты әрбір аса маңызды ұшу үшін тағайындалған ұшу эшелонына дейін орнатылады. Уақытша диспетчерлік аймақ мына кезеңге белгіленеді:

ұшып шығатын әуе кемелері үшін – әуе кемесінің ұшып шығуының күтілетін уақытына дейін 20 минут және әуе кемесінің ұшып шығуының күтілетін уақытынан кейін 20 минутқа дейін;

ұшып келетін әуе кемелері үшін – әуе кемесі қонуының күтілетін уақытына дейін 20 минут және әуе кемесі қонуының күтілетін уақытынан кейін 20 минутқа дейін.

Уақытша диспетчерлік аймақ әрекетінің уақытын ұзартуды азаматтық (мемлекеттік) әуеайлақтарда аса маңызды ұшуды орындайтын әуе кемесінің ұшып шығу (ұшып келу) уақытының кідіруіне байланысты ӘҚҚ (ӘҚБ) органдары белгілейді;

2) уақытша диспетчерлік аудан. Уақытша диспетчерлік аудан бақыланбайтын әуе кеңістігінде аса маңызды ұшуды орындау кезеңінде оның маршрутының бойында орнатылады. Уақытша диспетчерлік ауданның өлшемі аса маңызды ұшуды қауіпсіз орындауды қамтамасыз ету үшін енгізілетін ӘҚП уақытша режимінің өлшемдерімен, ол басқа жағдайларда – ені бойынша АМҰ жол желісі осінен ені және биіктігі бойынша жер (су) бетінен және тұрақты әрекет ететін диспетчерлік ауданның төменгі шекарасына дейін кемінде 20 километр болып белгіленеді.

## **10. Әуе кеңістігін пайдалануға тыйым салу немесе шектеу**

142. Екі немесе одан көп әуе кеңістігін пайдаланушыда әуе кеңістігін пайдалану қажеттілігі бір мезгілде туындаған жағдайда, әуе кеңістігін пайдаланудың уақытша режимдерін немесе қысқа мерзімді шектеулерді енгізу жолымен жүзеге асырылатын әуе кеңістігін пайдаланудағы мемлекеттік басымдықтарға сәйкес Қазақстан Республикасы әуе кеңістігінің белгілі аудандарына шектеу қойылады.

143. ӘҚБ БО Қазақстан Республикасы әуе кеңістігінің шегінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ӘҚҚ немесе ӘҚБ органдарының жауапкершілік аймақтарындағы теңіздердің іргелес акваторияларының үстінен:

1) Қазақстан Республикасының Президентін немесе шет мемлекеттердің басшыларын тасымалдау бойынша аса маңызды ұшуларды орындайтын әуе кемелерінің ұшуын қамтамасыз етуге арналған Қазақстан Республикасының әуе трассаларында, маршруттарында және аймақтарында;

2) оқу-жаттығулар (атыстардың барлық түрлері), әуе шерулері (көрсету және демонстрациялық ұшулары, оның ішінде парашютпен жаппай секіру), ғарыш объектілерін ұшыру және қондыру, авиациялық және зымыран техникасын сынау, әуе кемелерін (топтарды) көлденең және тік жазықтықта маневрлеу арқылы ұшу, сондай-ақ ұшу қауіпсіздігіне қатер төндіруі мүмкін басқа да қызмет аудандарында;

3) сынақтық (зерттеу) ұшу, рекорд орнатуға арналған ұшу, зымырандарды практикалық түрде жіберуді орындау, сондай-ақ пилотсыз авиациялық жүйелерді қолдана отырып, сынақтық (демонстрациялық) ұшу маршруттарында;

4) халықаралық келісімде айқындалған, берілген әуе кеңістігінде әуе кеңістігін пайдаланудың уақытша режимін белгілейді және NOTAM хабарлама арқылы әуе кеңістігін пайдаланушыларға жеткізіледі;

NOTAM хабарламасын шығаруға өтінім әуе кеңістігін пайдаланудың уақытша режимін енгізу мақсатында осы тармақтың 1) тармақшасын қоспағанда, осы Қағидаларға 3-қосымшада көзделген әуе кемелерінің қозғалысы және әуе кеңістігін пайдалануға байланысты қызметті жүргізу туралы хабар түрлеріне сәйкес осындай қызмет басталғанға дейін 7 тәуліктен кешіктірілмей NOTAM-офиске жіберіледі.

**Ескерту. 143-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.04.2023 № 294 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

144. Қазақстан Республикасы аумағының үстінен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ӘҚҚ немесе ӘҚБ органдарының жауапкершілік аймақтарындағы теңіздердің іргелес акваторияларының үстінен қысқа мерзімді шектеулерді ӘҚБ орталықтары өз жауапкершілік аудандарында, оның ішінде Қазақстан Республикасының әуе трассаларында мынадай мақсаттарда:

1) операциялық әуе қозғалысында ұшу үшін;

2) ұшу қауіпсіздігіне қатер төндіретін және кенеттен (күтпеген) мәртебесі бар қызметті қамтамасыз ету үшін;

3) оқу-жаттығулар, атыстардың барлық түрлері, зымырандар жіберу және жарылыс жұмыстары өткізілетін аудандарда;

4) ӘҚҚ және ӘҚБ органдарымен алдын ала келісілген арнайы аудандарда планерлердің (дельтапландар және парапландардың) ұшуы кезінде;

5) осы Қағидада анықталған өзге де жағдайларда белгілейді.

Қысқа мерзімді шектеулер әуе кеңістігін пайдаланушыларға ӘҚҚ органдары арқылы, сондай-ақ осы Қағидаға 3-қосымшада көзделген әуе кемелерінің қозғалысы және әуе кеңістігін пайдалануға байланысты қызметті жүргізу туралы хабар түрлеріне сәйкес NOTAM хабарламасын шығару арқылы жеткізіледі.

Халықаралық келісімде айқындалған, берілген әуе кеңістігіндегі қысқа мерзімді шектеулер NOTAM хабарламасы арқылы белгіленеді және әуе кеңістігін пайдаланушыларға жеткізіледі.

**Ескерту. 144-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2021 № 994 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

144-1. Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша қысқа мерзімді шектеулерді енгізуді қоса алғанда, астананың үстіндегі және астана әуежайының үстіндегі әуе кеңістігін пайдалану тәртібін анықтайды.

Шет мемлекеттердің әскери құралымдарын, қару-жарақ және әскери техникасын тасымалдау үшін ұшуды орындайтын шетелдік әуе кемесінің экипажы немесе ұшу кезінде басып алынған әуе кемесінің астана әуежайында жоспарланбаған және санкцияланбаған қону ниеті кезінде (әуе кемесі бортындағы авариялық жағдайды қоспағанда) ӘҚЖ БО-ның ұсынысы бойынша ӘҚБ орталықтары астана әуежайы әуе кеңістігінің үстінде қысқа мерзімді шектеулерді белгілейді.

**Ескерту. Қағидалар 144-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 30.12.2013 № 1429 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.10.2017 № 650 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

145. Уақытша режим белгілеуге ұсынысты әуе кеңістігін пайдаланушылар осы Қағидалардың 143-тармағында белгіленген қызметті жүзеге асыру қажеттілігіне қарай және жарияланған қызметті жүзеге асырудың ауданында екі немесе одан көп мүдделі пайдаланушы өтінім берген жағдайда ӘҚБ БО (ӘҚБ орталықтары) талабы бойынша жібереді.

**Ескерту. 145-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.10.2017 № 650 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

146. Қазақстан Республикасының Президенттің немесе шет мемлекеттердің басшыларын тасымалдау бойынша аса маңызды ұшуды орындайтын әуе кемелерінің ұшуын қамтамасыз ету үшін уақытша режимдер белгілеуге арналған ұсынымдарда әуе кеңістігі Аса маңызды ұшуды ұйымдастыру және орындау қағидасында белгіленген нормалар мен мерзімдерге сәйкес сұралады.

147. Тиісінше 143 және 144-тармақтарда көрсетілген іс-шараларды қамтамасыз ету бойынша уақытша режимдер мен қысқа мерзімді шектеулер:

1) осы іс-шараларға қатысатын әуе кемелерінің ұшуын қоспағанда, ұшуға және әуе кеңістігін пайдалануға байланысты басқа да қызметке толық тыйым салу;

2) ұшуға ішінара тыйым салу арқылы белгіленеді, бұл жағдайда Қазақстан Республикасының әуе трассалары учаскелерінің саны шектеулі эшелондарында уақытша режим қолданылатын аудан арқылы әуе кемелерінің ұшуына, әуе кемелерін әуежайларда қабылдауға және шығаруға, сондай-ақ авиациялық жұмыстарды орындауға арналған ұшуға рұқсат етіледі.

Уақытша режим қолданылатын аудандардың шекаралары әрбір нақты жағдайда әуе кемелерінің ұшуына және әуе кеңістігін пайдалануға байланысты басқа да қызметті жүргізуге ең төменгі шектеулерді белгілеуді ескере отырып, өткізілетін іс-шараның мақсатына және әуедегі жағдайға қарай айқындалады.

**Ескерту. 147-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.10.2017 № 650 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

148. Режим қолданылатын аудан шекарасын анықтаған кезде әуе кемелері экипаждарының тапсырмаларды орындау барысында жіберуі мүмкін ең көп ауытқулар немесе материалдық объект қозғалысының есептелген тракториясынан ең көп ауытқулары ескерілуі тиіс.

149. Әуе қозғалысының қауіпсіздігі мақсатында соғыс авиациясы ұшақтарының азаматтық авиация әуеайлақтарының аудандары (тораптық диспетчерлік аудандар) арқылы 3300 метр биіктіктен төмен 30 километр радиуста (әуеайлақтың ұшу-қону жолағының шекті деңгейіне қатысты) ұшуы:

1) әуе кемелерін қабылдауға және шығаруға толық тыйым салумен;

2) осы Қағидалардың 150-тармағында көзделген жағдайларда әуе кемелерін қабылдауға және шығаруға ішінара шектеумен қамтамасыз етіледі.

**Ескерту. 149-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.10.2017 № 650 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

150. Әуе кемелерін қабылдауға және шығаруға жартылай тыйым салу мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

1) ұшулар бірлесіп орналасқан әуеайлақтардан немесе тораптық диспетчерлік ауданға жататын әуеайлақтардан жүргізіледі және аэронавигациялық ақпарат

құжаттарында не қарастырылған әуеайлақ (тораптық диспетчерлік ауданы) ауданында ұшуларды жүргізу жөніндегі нұсқаулықта анықталған сызбаларға сәйкес орындалады;

2) әуе қозғалысын басқару органы әуе қозғалысына қызмет көрсету органымен келісе отырып, мемлекеттік авиация әуе кемелерінің осы аудандардан ұшып өту талаптарын алдын ала әзірлейді;

3) әуе кемелерін иеленген әуе кеңістігін қиып өтуге қатысы жоқ әуеайлақтардан қабылдау және шығару жүзеге асырылады.

**Ескерту. 150-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.10.2017 № 650 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

151. Ұшуды қамтамасыз ету үшін уақытша режим және қысқа мерзімді шектеулер қою кезінде әуе кемелері тобының маршруты бойынша осы Қағиданың 152 және 153-тармақтарында белгіленген шектерде көлбеу және тік әуе кеңістігі айқындалады.

152. Уақытша режим және қысқа мерзімді шектеулер қою кезінде айқындалатын көлбеу әуе кеңістігінің шектері:

1) аз және шекті аз биіктіктерде - ені 20 километр (бағыт осінің екі жағынан 10 километрден);

2) орташа биіктіктерде - ені 40 километр (бағыт осінің екі жағынан да 20 километрден);

3) стратосферада, үлкен биіктіктерде, сондай-ақ жағалау шегі радиолокациядан көрінбейтін теңіз үстінде - ені 50 километр (маршрут осінің екі жағынан да 25 километрден).

153. Уақытша режим және қысқа мерзімді шектеулер қою кезінде әуе кеңістігін тігінен бөліп көрсету, қойылған тапсырмаларды орындауға және әуе кемелері тобы қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қажет ең аз эшелон санымен шектеледі.

154. Жаттығулар өткізу аудандарында және жекелеген маршруттар бойынша бақылау мақсатында ұшу қауіпсіздігі әуе шабуылына қарсы қорғаныстың кезекші күштері мен құралдарын тексеру үшін олардың ұшып өту жолақтарында режимдер мен қысқа мерзімді шектеулер қоюмен қамтамасыз етіледі.

Ұстап алушы-ұшақтарға, әуедегі кезекшілік және бақылау мақсатында ұстап алуды орындау кезінде маневрлар аймақтарын ескере отырып, көлбеу және тік жазықтықтарда уақытша режим қолданылатын аудандар шекаралары айқындалады. Эшелондар аудандарында белгіленген биіктікке көтерілу және қонуға төмендеу үшін режим белгіленбейді.

Бұл ретте әуе қозғалысының қауіпсіздігі истребитель-ұстап алушыларды тікелей басқаруды жүзеге асыратын командалық пункттер қамтамасыз етеді.

155. Әуе трассалары мен әуеайлақтардың аудандарында (тораптық диспетчерлік аудандар) әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуі ескеріліп, белсенді және бейтарап кедергілерді орнату бағыттарының ауданы мен учаскелері таңдалады.

**Ескерту. 155-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.10.2017 № 650 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

156. Уақытша режимді орнатуға ұсыным ӘҚБ БО-ға қызмет басталғанға дейін кемінде 9 тәулік бұрын жіберіледі. Мемлекеттік органдардан немесе ұйымдардан құпия мәліметтері жоқ уақытша режимдерге ұсыныстар құпия емес жеделхаттармен немесе құпия емес поштамен берілуі мүмкін.

**Ескерту. 156-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2021 № 994 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

157. Атыс өткізу, зымырандар жіберу, зымыран тасымалдағыштарды жіберу және ғарыш аппараттарын қондыру кезінде уақытша режим қоюға арналған ұсынымда мыналар көрсетіледі:

- 1) өткізу күні (негізгі және қосалқы күндер), өткізілетін іс-шара сипаты;
- 2) уақытша режимдердің қолданылу аудандарының шекаралары нүктелерінің орындары (географиялық координаттары көрсетілген) және географиялық координаттары немесе тұрақты ғарыш аймақтарының нөмірлері;
- 3) уақытша режимнің қолданыла бастау мен аяқталу уақыты;
- 4) ұшуларға тыйым салу биіктігінің ауқымы;
- 5) жоспарланатын іс-шаралар туралы еркін жазылған қосымша ақпарат.

Мемлекеттік авиацияның тұрақты ұшу аймақтарында әуе кеңістігін пайдаланудың уақытша режимдерін және қысқа мерзімді шектеулер қоюға арналған ұсынымда осындай аймақтың нөмірі, ұшуға тыйым салу уақыты мен биіктік ауқымы ғана көрсетіледі.

**Ескерту. 157-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 30.12.2013 № 1429 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

158. Авиацияны пайдаланып, оқу жаттығулар, әуе парадтарын өткізу, жауынгерлік қолданумен демонстрациялық және сынақтық ұшу кезінде уақытша режим белгілеуге арналған ұсыныста мыналар көрсетіледі:

- 1) өткізу күні (негізгі және резервтік күндер), өткізілетін іс-шараның сипаты;
- 2) режимдердің қолданылу аудандарының шекаралары нүктелерінің орындары (географиялық координаттары көрсетілген) және географиялық координаттары;
- 3) уақытша режимнің қолданыла бастау мен аяқталу уақыты;
- 4) әуе кемелерінің саны мен түрлері (айырмашылық болған жағдайда әрбір маршрут бойынша);
- 5) ұшу жолағының ені;
- 6) ерекше жағдайларда ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін авиациялық жаттығулар өткізу кезіндегі резервтік эшелон;

- 7) әрбір маршрутқа арналған эшелондар саны;
- 8) көтерілу және төмендеу межелері;
- 9) ұшу тәртібінің ұзақтығы (минутпен);
- 10) ұшу тәртібіндегі биіктік ауқымының қажеттіліктері (метрмен);
- 11) уақытша режимге ұсыныс әзірлеген лауазымды тұлғаның әскери шені, тегі және телефон нөмірі (ашық және жабық);
- 12) жоспарланатын іс-шара туралы еркін нысандағы қосымша ақпарат.

**Ескерту. 158-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.10.2017 № 650 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

159. Осы Қағидадағы талаптарға жауап бермейтін немесе іс-шараларды өткізу жоспарланып отырған аудандарда әуе қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етпейтін уақытша режимдер қоюға берілген ұсыным бойынша режим қойылмайды.

160. Уақытша режимдер қоюға ұсынымдарды ӘҚБ Бас орталығына:

- 1) Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің бас штабтары және бірлестіктер (құралымдар) штабтары;
- 2) сынақтар, ұшу-зерттеу және басқа да жұмыс түрлерін өткізуді жоспарлап отырған мемлекеттік органдар мен ұйымдар ұсынады.

161. Қазақстан Республикасының Президенттің немесе шет мемлекеттердің басшыларын тасымалдау мақсатында әуе кемелерінің ұшуын қамтамасыз ету үшін уақытша режимдер қоюға ұсыным Аса маңызды ұшуды ұйымдастыру және қамтамасыз ету қағидасына сәйкес белгіленеді.

162. Ғарыштық аппараттарды ұшыру және қондыру кезінде әуе кеңістігін пайдалану қауіпсіздігі ғарыштық аппаратты ұшыруды немесе қондыруды жүзеге асыратын (қамтамасыз ететін) мемлекеттік орган немесе ұйым уақытша режим орнатуға берген ұсынымдары бойынша Қазақстан Республикасының Әуе қозғалысын басқарудың бас орталығы әзірлейтін және енгізетін уақытша режимдерді енгізу арқылы қамтамасыз етіледі.

**Ескерту. 162-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.12.2013 № 1429 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

162-1. Ғарыш қызметін қамтамасыз ету кезінде уақытша режимді орнатуға арналған ұсынымды мемлекеттік орган немесе ұйым Қазақстан Республикасының Әуе қозғалысын басқарудың бас орталығына ғарыш қызметі жоспарланған күнге дейін кемінде 9 тәулік қалған мерзімде ұсынады.

Қазақстан Республикасының Әуе қозғалысын басқарудың бас орталығына көрсетілген мерзімнен кеш ұсынылған уақытша режимдер орнатуға арналған ұсынымдар қаралмайды, бұл туралы ақпарат ұсынымды берушілерге жеткізіледі.

Ескерту. Қағидалар 162-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 30.12.2013 № 1429 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.04.2023 № 294 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

162-2. Уақытша режимді орнатуға арналған ұсынымда мыналар:

1) өткізетін күн (негізгі және қосалқы күндер);

2) уақытша режимдер қолданылатын аудандардың шекаралары нүктелерінің географиялық координаталары немесе тұрақты ғарыш аймақтарының нөмірлері;

3) Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалануға байланысты қызметті жүзеге асыру қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында әуе кеңістігінің басқа пайдаланушылары үшін уақытша режимнің басталатын және аяқталатын уақыты;

4) ұшуға тыйым салынатын биіктік ауқымы;

5) ғарыш қызметін қамтамасыз ету үшін жұмылдырылатын әуе кемелері мен басқа да ұшу аппараттарын тарту туралы қосымша ақпарат көрсетіледі.

Ескерту. Қағидалар 162-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 30.12.2013 № 1429 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

162-3. Әуе кеңістігін пайдаланудың уақытша режимі Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі мүдделерін қамтамасыз етуді ескере отырып, әзірленеді және енгізіледі.

Уақытша режимді енгізу мүмкін болмаған жағдайда, Әуе қозғалысын басқарудың бас орталығы бұл туралы ғарыш қызметі жоспарланғанға дейін кемінде 3 тәулік қалған мерзімде ұсыным берушіге хабарлайды.

Ескерту. Қағидалар 162-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 30.12.2013 № 1429 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

162-4. Қазақстан Республикасының Әуе қозғалысын басқарудың бас орталығы уақытша режимнің қолданылу уақыты өткеннен кейін уақытша режимді алып тастайды.

Ғарыш қызметі мерзімінен бұрын аяқталған жағдайда, ғарыш аппаратын ұшыруды немесе қондыруды жүзеге асыратын (қамтамасыз ететін) мемлекеттік орган немесе ұйым берген ақпарат бойынша орнатылған уақытша режимді тоқтатуға болады.

Ескерту. Қағидалар 162-4-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 30.12.2013 № 1429 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

163. Қазақстан Республикасының Президенттің немесе шет мемлекеттер басшыларын тасымалдау мақсатында әуе кемесінің жедел ұшып шығуын қамтамасыз ету кезінде және уақытша режим қолданылатын ауданнан ұшып өтуі қажет болған

кезде ӘҚБ БО жаттығуға (іс-шараға) басшылық етушіге әуе кемесінің ұшып өту қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған шектеулерді мәлімдейді.

164. Шұғыл жағдайларда іздестіру іс-шараларын жүргізумен, дүлей зілзалар кезінде әуе кемелерінің көмек көрсету үшін ұшып шығуымен, басқарудан шыққан аэростаттардың ұшуларымен, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабы бастығының және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері түрлері бас қолбасшыларының өкімдерімен кенеттен тексерулер кезінде әуе кемелерінің ұшып шығумен байланысты уақытша режим мен қысқа мерзімді шектеулерді уақытша режимге алдын ала ұсынымдар бермей ӘҚБ БО белгілеуі мүмкін. Бұл жағдайда іс-шараларды ұйымдастыратын мемлекеттік органдар немесе ұйымдар ӘҚБ БО-мен олардағы әуе қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету аудандары мен талаптарын қызмет басталғанға дейін кемінде 2 сағат бұрын келіседі.

**Ескерту. 164-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.04.2013 N 417 қаулысымен**

165. Жекелеген жағдайларда ӘҚЖ жүйелерін тексеру кезінде кенеттілік болуы үшін ұшуды қысқа мерзімді шектеу ұшуға өтінім бермей-ақ белгіленуі мүмкін. Бұл жағдайда шектеулер белгілеуге қажет деректер ұшып шыққанға дейін бір сағат бұрын (маршруттың күрделілігіне қарай) тиісті ӘҚЖ орталығына мәлімделеді.

**Ескерту. 165-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.10.2017 № 650 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

166. Мемлекеттік органдардан немесе ұйымдардан орны мен уақыты жағынан сәйкес келетін іс-шараларды уақытша режимдермен қамтамасыз етуге келіп түскен екі немесе одан көп ұсынымдар алған жағдайда ӘҚБ БО Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабы бастығының рұқсатымен шешілетін міндеттердің басымдықтарына сүйене отырып, көрсетілген іс-шараларды екі тәуліктен аспайтын мерзімге кейінге ауыстырады.

**Ескерту. 166-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.04.2013 N 417 қаулысымен**

Іс-шараны кейінге шегіндіру жөнінде қабылданған шешім, дереу, ұсыным берген штабтарға немесе ведомстволарға мәлімделеді.

167. Уақытша режимдер жобаларын Қазақстан Республикасының әуе трассаларының учаскелерінде, әуеайлақ аудандарында (тораптық диспетчерлік аудандарда) және авиациялық жұмыстар жүргізу аудандарында әуе кемелерінің ұшуына тыйым салу туралы ұсыныстарға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының әуе трассаларын және айналып ұшу маршруттарын, ұшудың қосалқы эшелондарын (биіктіктерін) жіктеу маршруттарын бөлу туралы ұсыныстарға қатысты бөліктерде ӘҚЖ БО-ның қатысуымен ӘҚБ БО әзірлейді.

ӘҚБ БО бекіткен уақытша режим ӘҚЖ БО-ға, әуе қозғалысына қызмет көрсету және әуе қозғалысын басқару органдарына мәлімделеді.

**Ескерту. 167-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.10.2017 № 650 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 31.12.2021 № 994 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

168. Белгіленген қысқа мерзімді шектеулер мен тыйым салуларды ӘҚБ орталығы ӘҚҚ органына жеткізеді.

ӘҚБ орталығы ӘҚҚ органымен бірлесіп, Қазақстан Республикасының әуе трассалары учаскелерінде, әуеайлақ аудандарында (тораптық диспетчерлік аудандарда) әуе кемелерінің ұшуына және авиациялық жұмыстарды орындауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының әуе трассаларын түзететін бағыттарды, айналып ұшу бағыттарын, ұшудың қосымша эшелондарын (биіктігі) бөлу туралы ұсыныстарға тыйым салу жөнінде ұсыныстарды әзірлейді.

**Ескерту. 168-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.10.2017 № 650 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

168-1. Әуеайлақтарды толық жабу көзделетін іс-шараларды (оқу-жаттығулар, әуе шерулері, көрмелер, демонстрациялық және сынақ ұшуы) жоспарлау кезінде іс-шараны ұйымдастырушы ӘҚБ БО-ға әуе кеңістігін пайдаланудың уақытша режимін белгілеуге ол енгізілгенге дейін күнтізбелік 60 күн бұрын және шұғыл жағдайларда кемінде 7 тәулік қалғанда ұсыным жібереді.

ӘҚБ БО жоспарланатын шектеулер туралы тұрақты рейстерді қамтамасыз етуге тартылған Қазақстан Республикасының әуеайлақтарын пайдаланушыларға хабарлайды.

**Ескерту. 10-тарау 168-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2021 № 994 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

169. ӘҚБ БО іс-шара басшысының баяндамасы бойынша режимнің қолданылу уақыты аяқталғаннан кейін немесе уақытша режим мен шектеулер белгіленген қызметтің аяқталуына байланысты оның қолданылу уақыты аяқталғанға дейін белгіленген режимді алып тастайды.

Қысқа мерзімді шектеулердің қолданылу уақыты аяқталғанға дейін оларды алып тастауды осы шектеулерді енгізген әуе қозғалысын басқару орталықтары жүзеге асырады.

**Ескерту. 169-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.10.2017 № 650 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

## 11. Осы Қағида талаптарының сақталуын қамтамасыз ету

170. ӘҚЖ БО мен ӘҚБ БО және ӘҚҚ (ӘҚБ) органдары Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану тәртібінің бұзылғандығын байқаған жағдайда бұл туралы дереу авиация саласындағы уәкілетті органға хабарлауға міндетті.

171. Азаматтық және мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органдар, ӘҚҚ (ӘҚБ) органдары, өз құзыретіне сәйкес, әуе кеңістігін пайдалану тәртібінің бұзылуын болдырмау және (немесе) тоқтату және (немесе) жолын кесуге қажет барлық шараларды қолдануға, ал әуе кеңістігін пайдалану тәртібін бұзған әуе кеңістігін пайдаланушылар өз есебінен және (немесе) өз күшімен аталған бұзушылықты тоқтауға міндетті.

172. Әуе кемесі белгіленген ұшу жоспарынан ауытқыған жағдайда, ӘҚҚ (ӘҚБ) органы дереу төмендегідей шаралар қолдануға міндетті:

1) жоспарынан ауытқыған әуе кемесінің ұшып бара жатқан жерін анықтау үшін қолда бар барлық құралдарды қолдану;

2) әуе кемесі ауытқу нәтижесінде жауапкершілік ауданына кірген немесе кіруі мүмкін шектес ӘҚҚ (ӘҚБ) органын ақпараттандыру.

173. Әуе кемесінің ұшып бара жатқан жері анықталған кезде, ӘҚҚ (ӘҚБ) органы әуе кемесінің экипажына оның ұшып бара жатқан жерін және орындалуы тиіс түзету әрекеттерін хабарлайды.

174. Әуе кеңістігіндегі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бұзған немесе Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану тәртібінің өзге де бұзылуына жол берген әуе кемесі тәртіп бұзушы-әуе кемесі деп танылып, ӘҚҚ және/немесе ӘҚБ органдарының талаптарын орындамаған жағдайда мәжбүрлі түрде қондырылады.

Қону туралы бұйрық алған тәртіп бұзушы-әуе кемесі дереу аталған жерге қонуы тиіс.

174-1. Әуе қозғалысына қызмет көрсету органдары құзыретті мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасының әуе кеңістігі арқылы шетелдік әуе кемесінің ұшуы барысында не оған дейін ұсынылған жазбаша талабы бойынша Қазақстан Республикасының әуе кеңістігі арқылы ұшу барысында осы талапты Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бортында мәлімделмеген нақты тауарлардың болуы туралы ақпараттың бар-жоғын байқау үшін астаналық әуежайды қоспағанда, Қазақстан Республикасының әуеайлағына қону туралы шетелдік әуе кемесінің экипажына береді. Көрсетілген талап Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияның (3 bis-бабының b) тармағы) талаптарына сәйкес болуға тиіс.

Шетелдік әуе кемесінің экипажы көрсетілген талапты орындамаған жағдайда, әуе қозғалысына қызмет көрсету органдары Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияның 3 bis-бабының a) тармағының ережелерін қоса алғанда, халықаралық

құқықтың қолданылатын нормаларын пайдалану мақсатында ақпаратты әуе қозғалысын басқару органдарына жеткізеді.

Осы Ереженің мәнмәтінінде қонуға арналған қолайлы әуеайлақ қонуды қауіпсіз орындау үшін шетелдік азаматтық әуе кемесі командирінің талаптарын қанағаттандыратын халықаралық әуеайлақ болып табылады.

**Ескерту. Қағидалар 174-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 13.04.2023 № 294 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

175. Әуе кеңістігін пайдалану тәртібінің бұзылғанын байқаған мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органның тағайындалған құрылымдық бөлімшесі "Режим" сигналын береді, бұл сигнал ұшуды орындауға қатысты, Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану тәртібін бұзуды тоқтату туралы талапты білдіреді. Бұл шешім ӘҚҚ (ӘҚБ) органдарына хабарланып, олар әуе кемесінің экипажына орындалуы тиіс түзету әрекеттерін хабарлайды.

176. Ерекше жағдайларда, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы бұзылған кезде немесе тәртіп бұзушы-әуе кемесі ӘҚҚ және/немесе ӘҚБ органдарының талаптарын орындамаған жағдайда немесе Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің қару-жарақтары мен ұрыс техникасын тәртіп бұзушы-әуе кемесіне қолданған жағдайда, сондай-ақ әуе кеңістігінде танылмаған әуе кемелері мен материалдық объектілер пайда болған жағдайда, мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органның тағайындалған құрылымдық бөлімшелері "Кілем" сигналын береді, бұл сигнал тәртіп бұзушы-әуе кемелерімен күресу үшін тартылған және іздестіру-құтқару тапсырмаларын орындайтын әуе кемелерінен басқа, әуедегі барлық әуе кемелерін дереу қондыру немесе осы ауданнан шығару туралы талапты білдіреді.

Бұл шешім ӘҚҚ (ӘҚБ) органдарына хабарланып, олар әуе кемелерін қауіпті ауданнан шығару (оларды қондыру) бойынша шаралар қолданады.

177. Тәртіп бұзушы әуе кемесінің экипажы ӘҚҚ (ӘҚБ) органының әуе кеңістігін пайдалану тәртібін бұзуды тоқтату туралы бұйрығын орындамаған жағдайда, мұндай ақпарат дереу мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органның назарына жеткізіледі.

Мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті орган тәртіп бұзушы әуе кемесіне Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін бұзушы әуе кемелеріне Қару-жарақ және ұрыс техникасын қолдану қағидаларына сәйкес шаралар қолданады.

#### **11-1. Азаматтық әуе кемелерін ұстап қалу**

**Ескерту. Қағида 11-1-бөліммен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 01.08.2019 № 569 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

177-1. Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде азаматтық әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мынадай қағидаттар қабылданған:

- 1) азаматтық әуе кемелерін ұстап қалу тек соңғы шара ретінде қолданылады;
- 2) ұстап қалу жүзеге асырылған жағдайда, егер әуе кемесін: берілген жол сызығына қайтару қажет болмаса; мемлекеттің әуе кеңістігінен тыс шығарса;

ұшу тыйым салынған аймақтан, оны шектеу аймағынан немесе қауіпті аймақтан басқа жаққа бағыттаса; немесе осы әуе кемесіне көрсетілген әуеайлаққа қонуды бұйырса, ол танумен шектеледі;

- 3) оқу-жаттығу мақсаттарындағы азаматтық әуе кемелері ұстауға жатпайды;

4) радиобайланыс орнату мүмкін болған жағдайда, ұстап қалынатын азаматтық әуе кемесіне радиотелефон бойынша ұшу бағытына қатысты нұсқау және тиісті ақпарат беріледі;

5) ұстап қалынатын әуе кемесінен өзі ұшып өтіп бара жатқан аумаққа қону талап етілген жағдайларда, қону үшін көрсетілген әуеайлақ осы типтегі әуе кемесінің қауіпсіз қонуын қамтамасыз ету үшін жарамды болып табылады.

177-2. Ұстап қалуға байланысты қауіпті салдарды жою немесе азайту үшін экипаждар мен тиісті ӘҚК (ӘҚБ) органдары арасындағы іс-қимылды үйлестіруді қамтамасыз ету үшін барлық ықтимал шаралар қолданылады, ол үшін:

1) ұшу экипаждарының мүшелері ұстап қалу кезінде орындалатын іс-қимыл тәртібін білуі қажет;

2) әуе кемелерінің командирлері ұстап қалушы әуе кемесімен 121,5 МГц жиілігінде байланыс орнатады және ұстап қалу қағидаларына қатысты әрекеттерді орындайды;

3) ӘҚК (ӘҚБ) органдарының диспетчерлері басқа әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін орындалатын іс-қимыл тәртібін білуі қажет;

4) мемлекеттік авиацияның ұстап қалушы әуе кемелерінің ұшқыштары азаматтық әуе кемелерінің ұшу-техникалық сипаттамаларының жалпы шектеулерін және ұстап қалынатын азаматтық әуе кемесінің бортында техникалық қиындықтарға немесе заңсыз араласуға байланысты авариялық немесе төтенше жағдайдың туындау ықтималдығы туралы білуі қажет;

5) жойғыш-ұстап қалғыш ұшақтарды тікелей басқаруды жүзеге асыратын командалық пункттерге (бұдан әрі – командалық пункттер) және ұстап қалуды орындауға әлеуетті мүмкіндігі бар әуе кемелерінің командирлеріне (ұшқыштарға) ұстап қалу маневрі, ұстап қалынатын әуе кемелерінің ұшу бағыты, ұстап қалынатын азаматтық әуе кемелеріне қатысты көзбен шолу сигналдары бойынша іс-қимылдар, радиобайланыс жүргізу, қаруды қолданудан бас тарту қажеттілігі жөнінде нақты және анық нұсқаулар беріледі;

6) ӘҚК (ӘҚБ) органдары, командалық пункттер және мемлекеттік авиацияның ұстап қалатын әуе кемесі 121,5 МГц авариялық жиілікте ұстап қалынатын әуе

кемелерімен байланыс орнату мүмкіндігін қамтамасыз ететін радиотелефон жабдықтарымен, ҚР ҚК ӘҚК МКК (ҚР ҚК ӘҚК КП) олар ұстап қалынуы мүмкін аудандарда азаматтық әуе кемелерін тану мақсатында ҚШРЛ (екінші радиолокация) құралдарымен жарактандырылады. Мұндай құралдар "А" режимінде № 7500, 7600 және 7700 дискретті төрт таңбалы кодтарын тануды қамтамасыз етеді.

177-3. Ұстап қалынатын азаматтық әуе кемесінен өзі ұшып өтіп бара жатқан аумаққа қону талап етілетін ерекше жағдайларда мынадай шарттарды орындау қажет:

1) көрсетілген әуеайлақ, әсіресе әуеайлақты, әдетте азаматтық әуе кемелері пайдаланбайтын жағдайларда, әуе кемесінің осы үлгісін қауіпсіз қондыру үшін жарамды;

2) әуеайлақ аймағының қоршаған жері шеңбер бойынша ұшу, қонуға кіру және екінші айналымға кету үшін жарамды;

3) ұстап қалынатын әуе кемесінің қону әуеайлағына бару үшін жеткілікті отын қоры (қалдығы) болады;

4) көрсетілген әуеайлақ Қазақстан Республикасының аэронавигациялық ақпарат жинағында сипатталған;

5) ұстап қалынатын әуе кемесінің қонуға қауіпсіз кіруін және қонуын орындау үшін қажетті барлық ақпарат оған барлық қолжетімді арналарда радиобайланыс бойынша бортқа беріледі.

177-4. ӘҚК (ӘҚБ) органы өзінің жауапкершілік ауданында әуе кемесін ұстап қалуды жүзеге асыру туралы ақпарат алған кезде ол осы шарттарды негізге ала отырып, төменде көрсетілген шараларды қабылдайды:

1) егер мұндай байланыс әлі орнатылмаған болса, 121,5 МГц авариялық радиожилікті қоса алғанда, қолда бар барлық құралдарды пайдалана отырып, ұстап қалынатын әуе кемесімен екі жақты байланыс орнатуға әрекет жасайды;

2) ұстап қалынатын әуе кемесінің экипажын ұстап қалу туралы хабардар етеді;

3) ұстап қалынатын әуе кемесімен екі жақты байланысты қолдайтын командалық пунктпен байланыс орнатады және оны ұстап қалынатын әуе кемесі туралы қолда бар ақпаратпен қамтамасыз етеді;

4) қажет болған жағдайда ұстап қалатын әуе кемесі немесе командалық пункт пен ұстап қалынатын әуе кемесі арасындағы хабарламаларды ретрансляциялайды;

5) командалық пунктпен тығыз өзара іс-қимыл жасай отырып, ұстап қалынатын әуе кемесінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті шараларды қабылдайды;

6) егер курстан ауытқу салдарынан әуе кемесі ұшу ақпаратының көршілес аудандарының (FIR) шегінен шығып кетсе немесе шегіне кірсе, көршілес ұшу ақпараты аудандарына (FIR) қызмет көрсететін ӘҚК органдарын хабардар етеді.

**Ескерту. 177-4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 21.04.2026 № 302 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

177-5. Ұстап қалынатын әуе кемесінің командирі:

1) визуалды сигналдардың мағынасын интерпретациялау арқылы ұстап қалатын әуе кемесінің нұсқауларын (осы Қағидаларға 8-1-қосымшада көрсетілген) орындайды және ұстап қалушының талаптарына сәйкес оларға жауап береді;

2) мүмкіндігінше ӘҚК (ӘҚБ) тиісті органын хабардар етеді;

3) 121,5 МГц авариялық жиіліктегі жалпы шақыру сигналын беру жолымен ұстап қалатын әуе кемесімен немесе тиісті командалық пунктпен радиобайланыс орнатады;

4) өзінің шақыру белгісін атайды;

5) ұшудың мақсаты туралы хабарлайды;

6) егер байланыс орнатылмаса, 243 МГц жиіліктегі радиотелефон режимінде қайта қоңырау шалу арқылы байланыс орнатуға әрекет жасайды;

7) теңіз қызметтерінен көмек сұраған кезде 500 кГц немесе 2182 және 8364 кГц жиіліктердегі радиотелефон режимінде байланыс орнатады;

8) бортта ЕШРЛ қабылдағыш-жауап бергіш болған жағдайда, егер тиісті ӘҚК (ӘҚБ) органы тарапынан басқа нұсқаулар берілмесе, "А" режимінде 7700 кодын тереді.

177-6. Егер радио арқылы кез келген көздерден алынған нұсқаулар визуалды сигналдарының көмегімен берілетін ұстап алатын әуе кемесінің нұсқауларына қайшы келсе, ұстап қалынатын әуе кемесі ұстап қалушы визуалды беретін нұсқауларды орындауды жалғастыра отырып, дереу түсіндіруді сұрайды.

177-7. Ұстап қалушылардың және ұстап қалынатын әуе кемелерінің экипаждары визуалды сигналдар қағидаларын ұстанады, оларды түсінеді және ұстап қалынатын әуе кемесі беретін оның авариялық жағдайға тап болғанын көрсететін кез келген сигналдарға ерекше назар аударады.

177-8. Егер ұстап қалушымен байланыс орнатылса және ортақ тілде байланысты жүзеге асыру мүмкін болмаса, осы Қағидаға 8-1-қосымшада көрсетілген екі мәрте қайталанатын фразаларды пайдалану арқылы негізгі ақпаратты беруге және нұсқаулардың қабылданғанын растауға әрекет жасалады.

177-9. ӘҚК органы өзінің жауапкершілік ауданынан тыс жерде (берілген әуе кеңістігінде) әуе кемесін ұстап алу жүзеге асырылатыны өзіне мәлім болғаннан кейін осы жағдайларда қолайлы болып табылатын төменде көрсетілген шаралардың бірін қабылдайды:

1) ұстап алу жүзеге асырылатын әуе кеңістігіне қызмет көрсететін ӘҚК органын хабардар етіп, осы органды осы әуе кемесін тануға ықпал ететін қолда бар ақпаратпен қамтамасыз етеді және одан осы Қағиданың 177-4-тармағына сәйкес әрекет етуді сұрайды;

2) ұстап алынатын әуе кемесі мен ӘҚК-ның тиісті органы, ұстап алуды басқару органы немесе ұстап алатын әуе кемесі арасындағы хабарламаларды ретрансляциялайды.

Ескерту. 11-тарау 177-9-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 21.04.2026 № 302 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

## **12. Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану тәртібінің бұзылуын тексеру және есепке алу**

178. Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану тәртібінің бұзылуын тексеру және есепке алуды өз құзыреті шегінде азаматтық және мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органдар жүргізеді.

Әуе кеңістігін пайдалану тәртібінің анықталған бұзушылықтар есебі арнайы журналдарда жүргізіледі.

179. Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану тәртібінің әрбір бұзылу жағдайы бойынша бұзылу себебін анықтау және оларды ескерту жөнінде ұсынымдар әзірлеу мақсатында тексеру жүргізіледі.

180. Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану тәртібінің бұзылуын тергеп-тексеруді азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның немесе мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органның шешімімен құрылған комиссия жүргізеді.

ПАЖ қоспағанда, Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану тәртібі бұзылып, оған авиацияның әрқилы түрінің әуе кемелері қатысқан болса, оны тергеп-тексеруді азаматтық және мемлекеттік авиация салаларындағы уәкілетті органдардың бірлескен шешімімен құрылған комиссия жүргізеді.

Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану тәртібінің бұзылуын тергеп-тексеру:

азаматтық авиацияға жататын ПАЖ пайдаланған жағдайда азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган жүргізеді;

мемлекеттік авиацияға жататын ПАЖ пайдаланылған жағдайда мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті орган жүргізеді.

Ескерту. 180-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.12.2024 № 1042 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

181. Комиссия құрамына азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның немесе мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органның, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның, ӘҚҚ (ӘҚБ) органдарының және әуе кеңістігін пайдалану тәртібінің бұзылуына жол берген әуе кемесін пайдаланушының (әуе кемесін пайдаланушы ұйымның) өкілдері кіреді.

Ескерту. 181-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.12.2024 № 1042 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

182. Әуе кеңістігін пайдалану тәртібінің бұзылуын тексеру оны есепке алған күнінен бастап екі айға жетпейтін мерзім ішінде жүргізіледі.

183. Әуе кеңістігін пайдалану тәртібінің бұзылуын тексеру нәтижелері бойынша есеп жасалады.

Есепте:

- 1) әуе кеңістігін пайдалану тәртібінің бұзылуы туралы нақты ақпарат;
- 2) әуе кеңістігін пайдалану тәртібінің бұзылуына ықпал еткен себептердің талдамасы;
- 3) әуе кеңістігін пайдалану тәртібінің бұзылуын болдырмау немесе оның салдарларын азайту жөніндегі ұсынымдар болуы тиіс.

Есепке комиссия мүшелері қол қойып, оны авиация саласындағы тиісті уәкілетті органның басшысы бекітеді. Комиссия мүшесі тексеру нәтижелерімен келіспеген жағдайда, өз пікірін жазбаша түрде баяндауға құқылы, ол есепке жеке қосымша ретінде қосылады. Комиссия мүшесі есепке қол қоюдан бас тартқан жағдайда, комиссия есепке тиісті белгі, қояды.

184. Егер есеп нәтижелері бойынша әкімшілік құқық бұзушылық белгілері байқалса, онда азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган (мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті орган) әуе кеңістігін пайдалану тәртібін бұзушыларға Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңнамасына сәйкес әкімшілік жазалау шараларын қолданады.

185. Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану тәртібінің бұзылу себептерін анықтағаннан кейін әуе кемесінің ұшуды әрі қарай орындауына (әуе кеңістігін пайдаланумен байланысты әрекетті жүзеге асыруға) рұқсат беру туралы шешімді азаматтық немесе мемлекеттік авиация салаларындағы уәкілетті органдардың лауазымды тұлғалары қабылдайды.

**Ескерту. 185-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.10.2017 № 650 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

186. Мүдделі мемлекеттік органдар, әуе кеңістігін пайдалану тәртібінің қайталап бұзылуын ескерту мақсатында Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану тәртібінің бұзылуына жасалған тексерулер нәтижелері бойынша іс-шаралар әзірлейді.

Қазақстан Республикасының  
әуе кеңістігін пайдалану  
қағидасына 1-қосымша

**ӘҚҚ маршруттарын белгілеуге арналған индекстерді беру жүйесі**

**1. ӘҚҚ маршруттарын белгілеуге арналған индекстер**

Ескерту. 1-қосымша алып тасталды - ҚР Үкіметінің 19.10.2017 № 650 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының  
 әуе кеңістігін пайдалану қағидасына  
 2-қосымша

**Қызмет көрсетуге ұсынылатын әуе кеңістігінің класы және ұшуды орындауға қойылатын талаптар**

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.10.2017 № 650 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**1-кесте**

**Қызмет көрсетуді ұсынатын әуе кеңістігінің сыныптары және ұшуды орындауға қойылатын талаптар**

Әуе кеңістігінің сыныптары	Қолданы-латын ұ ш у қағида-лары	Эшелондау	Қызмет көрсету	Радиобайланысқа қойылатын талаптар	Диспетчерлік рұқсаттауға қажеттілік
1	2	3	4	5	6
A	АҰҚ бойынша	Барлық әуе кемелері	Диспетчерлік қызмет көрсету	Тұрақты екіжақты радиобайланыс	Иә
B	АҰҚ бойынша	Барлық әуе кемелері	Диспетчерлік қызмет көрсету	Тұрақты екіжақты радиобайланыс	Иә
	ВҰҚ бойынша	Барлық әуе кемелері	Диспетчерлік қызмет көрсету	Тұрақты екіжақты радиобайланыс	Иә
	АҰҚ бойынша	АҰҚ-ға қатысты АҰҚ ВҰҚ-ға қатысты ВҰҚ	Диспетчерлік қызмет көрсету	Тұрақты екіжақты радиобайланыс	Иә
	ВҰҚ бойынша	АҰҚ-ға қатысты ВҰҚ	Диспетчерлік қызмет көрсету ВҰҚ/ ВҰҚ қозғалысы туралы ақпарат (сұрау салу бойынша соқтығысуды болдырмау		Иә

C			жөніндегі ұсыныс)	Тұрақты екіжақты радиобайланыс	
D	АҰҚ бойынша	АҰҚ-ға қатысты АҰҚ	Диспетчерлік қызмет көрсету ВҰҚ қозғалысы туралы ақпарат (сұрау салу бойынша соқтығысуды болдырмау жөніндегі ұсыныс)	Тұрақты екіжақты радиобайланыс	Иә
	ВҰҚ бойынша	Жүргізілмейді	АҰҚ / ВҰҚ және ВҰҚ / ВҰҚ қозғалысы туралы ақпарат (сұрау салу бойынша соқтығысуды болдырмау жөніндегі ұсыныс)	Тұрақты екіжақты радиобайланыс	Иә
E	АҰҚ бойынша	АҰҚ -ға қатысты АҰҚ	Диспетчерлік қызмет көрсету ж ә н е мүмкіндігінше ВҰҚ қозғалысы туралы ақпарат	Тұрақты екіжақты радиобайланыс	Иә
	ВҰҚ бойынша	Жүргізілмейді	Мүмкіндігінше қозғалыс туралы ақпарат	Жоқ, RMZ аймағын қоспағанда	Жоқ
G	АҰҚ бойынша	Жүргізілмейді	Ұшу-ақпараттық қызмет көрсету	Тұрақты екіжақты радиобайланыс	Жоқ
	ВҰҚ бойынша	Жүргізілмейді	Ұшу-ақпараттық қызмет көрсету	Жоқ, RMZ аймағын қоспағанда	Жоқ

Ескертпе: әуе кеңістігінің әрбір сыныбында жылдамдықты, ұшу кезіндегі көріністі шектеуге және бұлттарға дейінгі қашықтыққа қойылатын талаптар авиацияның тиісті салаларындағы ұшуды жүргізу қағидаларымен айқындалады.

Қазақстан Республикасының  
әуе кеңістігін пайдалану

**Әуе кемелерінің қозғалысы және әуе кеңістігін пайдалануға байланысты қызметті жүргізу туралы хабарлама түрлері**

**Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.12.2024 № 1042 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

P/c №	Хабарламаның атауы	Авиациялық тіркелген байланыс желісі бойынша хабарлама беру кезіндегі шұғылдық сериясы	Беру мерзімі	К і м хабарлайды	Кімге хабарланады	
Қазақстан Республикасындағы ішкі ұшу бойынша	Қазақстан Республикасындағы ішкі халықаралық ұшу бойынша					
1	2	3	4	5	6	7
1.	Қолданушының (пайдаланушының) (немесе оның уәкілетті өкілінің) немесе ӘК командирінің хабарламалары					
1.1.	РПЛ – қайталанатын ұшу жоспары (RPL – Repetitive Flight plan)	КК	ұ ш у басталғанға дейін кемінде күнтізбелік 15 күн қалғанда	ӘК-ні қолданушы ( пайдаланушы ) немесе оның уәкілетті өкілі	1) ӘҚЖ БО	1) ӘҚЖ БО
						1) ӘҚЖ БО

1.2.	<p>ЦХГ – өзгеріс (Change немесе Modification – CHG). Тұрақты сипаттағы өзгерістер туралы хабарлама бұрын берілген RPL деректерінде қамтылған (RPL) негізгі ұшу жоспарының деректеріне қандай да бір өзгеріс енгізу керек болған жағдайда беріледі</p>	КК	<p>Ұшу басталғанға дейін кемінде күнтізбелік 7 күн қалғанда</p>	<p>қолданушы немесе оның уәкілетті өкілі</p>	<p>1) ӘҚЖ БО; 2) ұшу әуесайлағының брифингі</p>	2) ұшу
------	---	----	---	--	---	--------

						әуеайлағының брифингі
1.3.	ФПЛ (Filed flight plan – FPL) – тұрақты емес ұшуға; кесте бойынша тұрақты рейстерге, қосымша және кесте бойынша алдыңғы тәуліктен ауыстырылған рейстерге; авиациялық жұмыстар бойынша ұшуға; бақыланбайтын әуе кеңістігіндегі ұшуға; шекара жолағындағы ұшуға ұсынылған ұшу жоспары	ФФ	кесте (жоспар) бойынша ұшуға дейін кемінде 60 минут және 120 сағаттан аспайтын уақыт қалғанда; IFPS-ға/ арқылы ұшу бойынша – кемінде 3 сағат қалғанда	ӘК-ні қолданушы немесе оның уәкілетті өкілі немесе командирі	1) Брифинг; 2) ӘҚЖ БО ( ұ ш у жоспарын ӘҚЖ БО интернет-ресурс арқылы берген кезде)	1) Брифинг; 2) ӘҚЖ БО ( ұ ш у жоспарын ӘҚЖ БО интернет-ресурс арқылы берген кезде)
	ФПЛ (Filed flight plan – FPL) – басқарылатын аэростаттар мен дирижабльдердің ұшу жоспары		ұ ш у уақытына дейін кемінде 3 сағат қалғанда		1) Брифинг	1) Брифинг
1.4.	ДЛА – кешігу (Delay – DLA) Хабарлама оған қатысты ұ ш у жоспарының (FPL) негізгі деректері берілген әуе кемесінің ұшуы кесте (жоспар) бойынша	ФФ	30 мин және одан да көп кешігу күтілетін болса, ӘК-нің кесте (жоспар) бойынша ұшып шығу уақытына	қолданушы немесе оның уәкілетті өкілі	1) Брифинг; 2) ӘҚЖ БО ( ұ ш у жоспарын ӘҚЖ БО	1) Брифинг; 2) ӘҚЖ БО ( ұ ш у жоспарын ӘҚЖ БО

	ұшудың есептік уақытынан 30 минуттан артық кешіктірілген жағдайда беріледі		дейін кемінде 30 минут қалғанда		интернет-ресурсы арқылы берген кезде)	интернет-ресурсы арқылы берген кезде)
1.5.	<p>ЦХГ – өзгеріс (Change немесе Modification – CHG). Хабарлама ұшу жоспарының бұдан бұрын берілген FPL деректерінде қамтылған ұшу жоспарының негізгі деректеріне қандай да бір біржолғы өзгеріс енгізу қажет болған жағдайда беріледі. Хабарлама ұшу жоспарының негізгі деректерін алушыларды осы өзгеріс қатысты болатындарына жіберіледі. Ұшу жоспарының тиісінше өзгертілген негізгі деректері осы өзгеріске қатысты болатын, бірақ бұрын мұндай ақпарат</p>	ФФ	<p>ұшу жоспарында (FPL) көрсетілген кесте (жоспар) бойынша ӘК-нің есептік ұшып шығу уақытына дейін кемінде 30 минут қалғанда</p>	қолданушы немесе оның уәкілетті өкілі	<p>1) Брифинг; 2) ӘҚЖ БО (ұшу жоспарын ӘҚЖ БО интернет-ресурсы арқылы берген кезде)</p>	<p>1) Брифинг; 2) ӘҚЖ БО (ұшу жоспарын ӘҚЖ БО интернет-ресурсы арқылы берген кезде)</p>

	алмаған тараптарға беріледі					рс арқылы берген кезде)
1.6.	ЦНЛ – ұшуды тоқтату (Cancel – CNL). Хабарлама оған қатысты ұшу жоспарының негізгі деректері (FPL) бұған дейін таратылған ұшу тоқтатылған жағдайда беріледі	ФФ	жоспар бойынша ӘК ұшып шығу уақытынан кешіктірмей	колданушы немесе оның уәкілетті өкілі	1) Брифинг; 2) ӘҚЖ БО (ұшу жоспарын ӘҚЖ БО интернет-ресурсы арқылы берген кезде)	1) Брифинг; 2) ӘҚЖ БО (ұшу жоспарын ӘҚЖ БО интернет-ресурсы арқылы берген кезде)
1.7.	СПЛ – қосымша ұшу жоспары (Supplementary flight plan – SPL). Хабарлама CPL немесе FPL хабарламасында бұған дейін берілгеннен басқа қосымша ақпаратқа сұрату (RQS) түскен кезде беріледі	ФФ	сұрату түскен кезде	колданушы немесе оның уәкілетті өкілі	1) Брифинг	1) Брифинг
1.8.	АФИЛ үлгісіндегі ФПЛ – ӘК бортынан ұшу жоспары (AFIL)	ФФ	әуе трассасына шығу үшін МАЖП дейін кемінде 10 минут қалғанда	ӘК-ні пайдаланушы (командирі)	1) ӘК орналасқан жері бойынша АДО (АДП), ЭДО (ӘАДП); 2) орналасқан жері бойынша ЖДП	1) ӘК орналасқан жері бойынша АДО (АДП), ЭДО (ӘАДП); 2) орналасқан жері бойынша ЖДП
	ДЕП – әуе кемесінің ұшып шығуы (Departure – DEP). Хабарлама бұған дейін оған қатысты					

1.9.	бақыланбайт ы н әуеайлақтан немесе бақыланбайт ын әуе кеңістігіндегі алаңнан ұшып шыққан FPL ұ ш у жоспарының негізгі деректері таратылған әуе кемесіне қатысты беріледі	ФФ	ұшқаннан кейін 5 минуттан кешіктірмей	колданушы немесе оның уәкілетті өкілі	1) ӘШҚ әскери органы	
1.10.	APP – келу ( Arrival – ARR ). Хабарлама Ә К бақыланбайт ын әуеайлаққа , бақыланбайт ын әуе кеңістігіндегі алаңда қонған кезде беріледі	ФФ	қонғаннан кейін 5 минуттан кешіктірмей	колданушы немесе оның уәкілетті өкілі	1) ӘШҚ әскери органы	
	А Л Р – авариялық құлақтандыру (Alerting – A L R ). Авариялық құлақтандыру ға қатысты хабарлама әуе кемесі авариялық жағдайда деп есептелген кезде беріледі					
	Апатқа ұшырау	СС			1) ІҚҰО; 2) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган (ұйым); 3) ӘШҚ әскери органы	1) ІҚҰО; 2) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган (ұйым); 3) ӘШҚ әскери органы

1.11.	кезеңі – DETRESFA		мәліметтер алынғаннан, ф а к т анықталғаннан кейін дереу	ӘК-ні қолданушы, немесе оның уәкілетті өкілі немесе командирі не басқа да сенімді көздердің ақпараты бойынша	(авиациялық оқиға кезінде ғана); 4) ӘК орналасқан жердегі ӘҚК органына	(авиациялық оқиға кезінде ғана); 4) ӘК орналасқан жердегі ӘҚК органына
	Дабыл кезеңі – ALERFA	СС			1) ІҚҰО; 2) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган (ұйым); 3) ӘШҚ әскери органына (авиациялық оқиға кезінде ғана); 4) ӘК орналасқан жердегі ӘҚК органына	1) ІҚҰО; 2) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган (ұйым); 3) ӘШҚ әскери органына (авиациялық оқиға кезінде ғана); 4) ӘК орналасқан жердегі ӘҚК органына
	Белгісіздік кезеңі – INCERFA	СС			1) ІҚҰО; 2) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган (ұйым); 3) ӘШҚ әскери органына (авиациялық оқиға кезінде ғана); 4) ӘК орналасқан жердегі ӘҚК органына	1) ІҚҰО; 2) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган (ұйым); 3) ӘШҚ әскери органына (авиациялық оқиға кезінде ғана); 4) ӘК орналасқан жердегі ӘҚК органына
2.	"Брифинг" хабарламалары					
	АЛР – авариялық құлақтандыру (Alerting – ALR). Авариялық құлақтандыруға қатысты хабарлама ӘҚҰ органы әуе кемесі авариялық	СС				

2.1.	жағдайда деп есептеген кезде беріледі . Мына үш кезеңнің бірінде көрсетіледі:				
	Апатқа ұшырау кезеңі – DETRESFA	СС	мәліметтер алынғаннан, ф а к т анықталғаннан кейін дереу	брифинг не басқа да сенімді көздердің ақпараты бойынша	<p>1) ІҚҰО; 2) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға (ұйым); 3) ӘШҚ әскери органына (бақыланатын ә у е кеңістігіндегі авиациялық оқиға ғана); 4 ) мемлекеттік ӘК бойынша ӘҚБ БО; 5) ӘК орналасқан жердегі ӘҚК органына</p> <p>1) ІҚҰО; 2) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға (ұйым); 3) ӘШҚ әскери органына (бақыланатын ә у е кеңістігіндегі авиациялық оқиға ғана); 4 ) мемлекеттік ӘК бойынша ӘҚБ БО; 5) ӘК орналасқан жердегі ӘҚК органына</p>
	Дабыл кезеңі – ALERFA	СС			<p>1) ІҚҰО; 2) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган (ұйым); 3) ӘШҚ әскери органына (бақыланатын ә у е кеңістігіндегі авиациялық оқиға ғана); 4 ) мемлекеттік ӘК бойынша ӘҚБ БО; 5) ӘК орналасқан жердегі ӘҚК органына</p> <p>1)ІҚҰО; 2) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган (ұйым); 3) ӘШҚ әскери органына (бақыланатын ә у е кеңістігіндегі авиациялық оқиға ғана); 4 ) мемлекеттік ӘК бойынша ӘҚБ БО; 5) ӘК орналасқан жердегі ӘҚК органына</p>

	Белгісіздік кезеңі – INCERFA	СС			1) ІҚҰО; 2) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган (ұйым); 3) ӘШҚ әскери органына (бақыланатын әуе кеңістігіндегі авиациялық оқиға ғана); 4) мемлекеттік ӘК бойынша ӘҚБ БО; 5) ӘК орналасқан жердегі ӘҚК органына	1) ҚҰО; 2) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган (ұйым); 3) ӘШҚ әскери органына (бақыланатын әуе кеңістігіндегі авиациялық оқиға ғана); 4) мемлекеттік ӘК бойынша ӘҚБ БО; 5) ӘК орналасқан жердегі ӘҚК органына
2.2.	РЦФ – радиобайланыстың істен шығуы (Radiocommunication failure – RCF), ӘҚҰ органына оның ауданында ұшып баратқан әуе кемесінде радиобайланыстың істен шыққаны белгілі болған жағдайда беріледі	СС	хабарлама алынғаннан кейін дереу	брифинг не басқа да сенімді көздердің ақпараты бойынша	1) ІҚҰО; 2) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган (ұйым); 3) АДО (АДП) ұшу маршруты және қосалқы әуеайлақтар бойынша; 4) маршрут бойынша ЖДП (ПАО); 5) ұшу маршруты және қосалқы әуеайлақтар бойынша қону әуеайлақтарының брифингі; 6) мемлекеттік ӘК бойынша ӘҚБ БО; 7) бақыланатын әуе	1) ІҚҰО; 2) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган (ұйым); 3) ҚР ұшу маршруты және қосалқы әуеайлақтар бойынша АДО (АДП); 4) ҚР ұшу маршруты бойынша ЖДП (ҰАО); 5) ҚР ұшу маршруты және қосалқы әуеайлақтар бойынша қону әуеайлақтарының брифингі; 6) мемлекеттік ӘК бойынша ӘҚБ БО; 7) бақыланатын

					кеңістігінде Ә Ш Қ әскерлері органына	ә у е кеңістігінде Ә Ш Қ әскерлері органына
2.3.	АНВ – ANV – азаматтық авиация қызметіне заңсыз араласу актісі	СС	мәліметтер алынғаннан, ф а к т анықталғанна н кейін дереу	брифинг не басқа да сенімді көздердің ақпараты бойынша	1) ІҚҰО; 2) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган (ұйым); 3 ) бақыланатын ә у е кеңістігінде Ә Ш Қ әскерлері органына; 4) ӘҚБ БО; 5) Ә К орналасқан жердегі ӘҚК органына	1) ІҚҰО; 2) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган (ұйым); 3 ) бақыланатын ә у е кеңістігінде Ә Ш Қ әскерлері органына; 4) ӘҚБ БО; 5) Ә К орналасқан жердегі ӘҚК органына
2.4.	АНП – ANP – әуе кеңістігін пайдалану тәртібін бұзу	СС	мәліметтер алынғаннан, ф а к т анықталғанна н кейін дереу	брифинг не басқа да сенімді көздердің ақпараты бойынша	1) ІҚҰО; 2) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган (ұйым); 3 ) бақыланатын ә у е кеңістігінде Ә Ш Қ әскерлері органына 4) ӘҚБ БО; 5) Ә К орналасқан жердегі ӘҚК органына	1) ІҚҰО; 2) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган (ұйым); 3 ) бақыланатын ә у е кеңістігінде Ә Ш Қ әскерлері органына 4) ӘҚБ БО; 5) Ә К орналасқан жердегі ӘҚК органына
	ФПЛ (Filed flight plan – FPL) – тұрақты емес ұшуларға; кесте бойынша тұрақты рейстерге, қосымша және кесте бойынша		кесте (жоспар ) бойынша ұ ш у уақытына		1) ӘҚЖ БО; 2) бірінші қ о н у әуеайлағының брифингі;	1) ӘҚЖ БО; 2) ҚР-ның бірінші қону әуеайлағының брифингі; 3) ҚР ұшу және қону әуежайларын ың ӘДҚ; 4 ) бақыланатын

2.5.	алдыңғы тәуліктен ауыстырылған рейстерге; авиациялық жұмыстар бойынша ұшуларға; бақыланбайтын әуе кеңістігіндегі ұшуларға; шекара жолағындағы ұшуларға ұсынылған ұшу жоспары	ФФ	дейін кемінде 60 минут қалғанда және 120 сағаттан асырмай; IFPS-ға/ арқылы ұшу бойынша – 3 сағат қалғанда	ӘК ұшу әуеайлағының брифингі	3) әуежайдың ӘДК ұшуы және бірінші қонуы; 4) бақыланатын әуе кеңістігіндегі бақыланатын әуеайлақтарға ӘШҚ әскерлері органдарына; 5) ӘҚБ БО (басқарылатын аэростаттар мен дирижабльдердің ұшуларын қоспағанда, шекара маңындағы жолақпен ұшуы, бақыланбайтын әуе кеңістігінде ұшу, мемлекеттік авиация ӘК); 6) ұшу маршруты бойынша қонатын орнына дейін ЖДП (ПАО); 7) АДО (АДП) ҚР бірінші қонатын әуеайлаққа дейін; 8. АИП сәйкес ұшу маршруты бойынша мемлекеттердің мекенжайларына (IFPS аймағына кіретіндерді қоспағанда)	әуе кеңістігіндегі бақыланатын әуеайлақтарға ӘШҚ әскерлері органдарына; 5) ӘҚБ БО (басқарылатын аэростаттар мен дирижабльдердің ұшуларын қоспағанда, шекара маңындағы жолақпен ұшуы, бақыланбайтын әуе кеңістігінде ұшу, мемлекеттік авиация ӘК); 6) ұшу маршруты бойынша қонатын орнына дейін ЖДП (ПАО); 7) АДО (АДП) ҚР бірінші қонатын әуеайлаққа дейін; 8. АИП сәйкес ұшу маршруты бойынша мемлекеттердің мекенжайларына (IFPS аймағына кіретіндерді қоспағанда)
ФПЛ (Filed flight plan – FPL) – басқарылатын аэростаттар мен дирижабльдердің ұшу жоспары			ұшуға дейін кемінде 3 сағат қалғанда			
ФПЛ (FPL) ұшу жоспары 24 сағаттан астам уақыт бұрын ұсынылса, "Өзге ақпарат" деген 18-жолда КҮНІ/және әуе кемесінің ұшу күні көрсетіледі, мысалы КҮНІ/220716, мұнда 22 –жыл, 07 – ай, 16 – айдың күні						
1) ӘҚЖ БО; 2) ҚР ұшу маршруты бойынша қону						

2.6.	<p>ДЛА – кешігу (Delay – DLA)</p> <p>Хабарлама оған қатысты ұшу жоспарының (FPL) негізгі деректері берілген әуе кемесінің ұшуы кесте (ФФ жоспар) бойынша ұшудың есептік уақытынан 30 минуттан артық кешіктірілген жағдайда беріледі</p>	ФФ	<p>күтіліп отырған кешіктірілу 30 мин және одан да көп болған кезде ӘК-нің кесте (жоспар) бойынша ұшып шығу уақытынан кешіктірмей</p>	<p>ӘК ұшу әуеайлағының брифингі</p>	<p>1) ӘҚЖ БО; 2) ұшу маршруты бойынша қону әуеайлақтарының брифингі; 3) ұшу және қону әуежайларының ӘДҚ-сы; 4) мемлекеттік ӘК бойынша ӘҚБ БО; 5) бақыланатын әуе кеңістігіндегі бақыланатын әуеайлақтарға ӘШҚ әскерлері органдарына; 6) ұшу маршруты бойынша АДО (АДП) 7) АИП сәйкес ұшу маршруты бойынша мемлекеттердің мекенжайларына (IFPS аймағына кіретіндерді қоспағанда)</p>	<p>әуеайлақтарының брифингі; 3) ҚР ұшу және қону әуежайларының ӘДҚ; 4) мемлекеттік ӘК бойынша ӘҚБ БО; 5) ҚР бақыланатын әуе кеңістігіндегі бақыланатын әуеайлақтарға ӘШҚ әскерлері органдарына; 6) ұшу маршруты бойынша АДО (АДП). 7) АИП сәйкес ұшу маршруты бойынша мемлекеттердің мекенжайларына (IFPS аймағына кіретіндерді қоспағанда)</p>
	<p>ЦХГ – өзгеріс (Change немесе Modification – CHG).</p> <p>Хабарлама ұшу жоспарының бұрын берілген деректерінде қамтылған негізгі деректерге қандай да бір өзгеріс енгізу қажет болған</p>					<p>1) ӘҚЖ БО; 2) ҚР ұшу маршруты бойынша қону әуеайлақтары</p>

2.7.	<p>жағдайда беріледі (FPL) .</p> <p>Хабарлама ұшу жоспарының негізгі деректерін алушыларды осы өзгеріс қатысты болатындарына жіберіледі. Ұшу жоспарының тиісінше өзгертілген негізгі деректері (FPL) осы өзгеріске қатысты оларға қатысты болатын, бірақ бұрын мұндай ақпарат алмаған тараптарға беріледі.</p> <p>ЦНЛ – ұшуды тоқтату (Cancel – CNL) . Хабарлама оған қатысты ұшу жоспарының негізгі деректері (RPL немесе FPL) бұрын таратылған ұшу тоқтатылған жағдайда беріледі.</p>	ФФ	<p>ӘК кесте ( жоспар) бойынша немесе ұшып шыққан уақытқа дейін ДЛА бұған дейін белгіленген уақытқа кемінде 30 минут қалғанда</p>	ұшу әуеайлағының брифингі	<p>1) ӘҚЖ БО; 2) ұшу маршруты бойынша қону әуеайлақтарының брифингі; 3) ұшу және қону әуежайларының ӘДҚ; 4) мемлекеттік ӘК бойынша ӘҚБ БО; 5) бақыланатын әуе кеңістігіндегі бақыланатын әуеайлақтарға ӘШҚ әскерлері органдарына; 6) ұшу маршруты бойынша АДО (АДП); 7) АИП сәйкес ұшу маршруты бойынша мемлекеттердің мекенжайларына (IFPS аймағына кіретіндерді қоспағанда)</p>	<p>ның брифингі; 3) ҚР ұшу және қону әуежайларының ӘДҚ; 4) мемлекеттік ӘК бойынша ӘҚБ БО; 5) бақыланатын әуе кеңістігіндегі бақыланатын әуеайлақтарға ӘШҚ әскерлері органдарына; 6) ұшу маршруты бойынша АДО (АДП); 7) АИП сәйкес ұшу маршруты бойынша мемлекеттердің мекенжайларына (IFPS аймағына кіретіндерді қоспағанда)</p>
					1) ӘҚЖ БО;	<p>1) ӘҚЖ БО; 2) ҚР ұшу маршруты және бірінші қону әуеайлағына дейінгі</p>

2.8.	<p>ДЕП – әуе кемесінің ұшып шығуы (Departure – DEPARTURE). Хабарлама бұған дейін оған қатысты бұдан бұрын ұшу жоспарының (RPL немесе FPL) негізгі деректері таратылған әуе кемесіне қатысты беріледі</p>	ФФ	<p>ӘК ұшып шыққаннан кейін 5 минуттан кешіктірмей</p>	<p>ұшу әуеайлағының брифингі</p>	<p>2) ұшу маршруты және бірінші қону әуеайлағына дейінгі қосалқы әуеайлақтар бойынша АДО (АДП); 3) бірінші қону пунктінде дейін ұшу маршруты бойынша ЖДП (ҰАО); 4) ұшу маршруты бойынша бірінші қону әуеайлағының брифингі; 5) бақыланатын әуе кеңістігіндегі бақыланатын әуеайлақтарда н ӘШҚ әскерлері органына</p>	<p>қосалқы әуеайлақтар бойынша АДО (АДП); 3) ҚР бірінші қону пунктінде дейін ұшу маршруты бойынша ЖДП (ҰАО); 4) ҚР ұшу маршруты бойынша бірінші қону әуеайлағының брифингі; 5) ҚР бақыланатын әуе кеңістігіндегі бақыланатын әуеайлақтарда н ӘШҚ әскерлері органына; 6) АИП сәйкес ұшу маршруты бойынша мемлекеттердің мекенжайларына (IFPS аймағына кіретіндерді қоспағанда)</p>
2.9.	<p>APP – келіп жету (Arrival – ARR). Хабарлама ӘК межелі әуеайлағына, қосалқы немесе басқа әуеайлаққа қонған жағдайда беріледі</p>	ГГ	<p>ӘК қонғаннан кейін 5 минуттан кешіктірмей</p>	<p>қону әуеайлағының брифингі</p>	<p>1) ӘҚЖ БО; 2) ұшу және аралық қону әуеайлақтарының брифингі; 3) бақыланатын әуе кеңістігіндегі бақыланатын әуеайлақтарға ӘШҚ әскерлері органдарына</p>	<p>1) ӘҚЖ БО; 2) ұшу және аралық қону әуеайлақтарының брифингі; 3) ҚР бақыланатын әуе кеңістігіндегі бақыланатын әуеайлақтарға ӘШҚ әскерлері органдарына</p>
					1) ӘҚЖ БО;	1) ӘҚЖ БО;

2.10.	ЦПЛ – ағымдағы ұшу жоспары (Current flight plan – CPL). Кейінгі диспетчерлік рұқсаттарға негізделген ықтимал өзгерістерді қоспалғандағы (әуеайлақ ауданында ӘК қосалқы әуеайлаққа кетуі) ұшу жоспары	ФФ	маневр басталғаннан кейін 3 минуттан кешіктірмей	брифинг	2 ) ұшу маршруты бойынша АДО (АДП); 3) ұшу маршруты бойынша ЖДП (ҰАО); 4 ) бақыланатын әуе кеңістігіндегі бақыланатын әуеайлақтарға ӘШҚ әскерлері органдарына; 5) брифинг, ұшу және қону әуежайларының ӘДҚ; 6) брифинг, ӘК жіберілген әуежайлардың ӘДҚ	2) ҚР ұшу маршруты бойынша АДО (АДП); 3) ҚР ұшу маршруты бойынша ЖДП (ҰАО); 4 ) бақыланатын әуе кеңістігіндегі бақыланатын әуеайлақтарға ӘШҚ әскерлері органдарына; 5) брифинг, ҚР ұшу және қону әуежайларының ӘДҚ; 6) ҚР шегінен тыс ӘК жіберілген әуежайдың брифингі
2.11.	СПС – диспетчерлік пункттердің (секторлардың) өткізу қабілеті туралы хабарлама	ФФ	өткізу қабілетінің нормативтері өзгерген кезде 10 минут ішінде	брифинг	1) АДО (көршілес ӘҚҚ органы); 2 ) NOTAM-офисі	1) ҚР АДО (аралас ӘҚҚ органы); 2 ) NOTAM-офисі
3.	АДО (АДП) хабарламалары					

3.1.	<p>EST – есептік деректер (Estimate – EST). Ұшу жоспарының (FPL) негізгі деректері берілген жағдайда EST хабарламасын әр АДП немесе ұшу ақпараты орталығы ұшу маршруты бойынша келесі АДП немесе ұшу ақпараты орталығына береді</p>	ФФ	<p>Ә Қ Қ нүктесінен ұшып өткенге дейін кемінде 10 минут қалғанда, бірақ ерте дегенде 30 минут бұрын</p>	АДО (АДП)	1) ұшу маршруты бойынша АДО (АДП)	1) шектес
------	---	----	---	-----------	-----------------------------------	-----------

						мемлекеттің ӘҚК органы
3.2.	<p>ЦДН – үйлестіру (Coordination – CDN). Хабарламаны қабылдаушы орган тарату органына үйлестіру диалогы барысында біріншісі бұрын алынған CPL немесе EST хабарламасындағы үйлестіруге қатысты деректерге өзгеріс ұсынған кезде беріледі</p>	ФФ	<p>ӘҚК нүктесінен ұшып өткенге дейін кемінде 10 минут калғанда</p>	АДО (АДП)	1) ұшу маршруты бойынша АДО (АДП)	1) шектес мемлекеттің ӘҚК органы
3.3.	<p>РЦП – ұшу жоспарына сұрату (Request flight plan – RQP). Хабарлама ӘҚК органы бұдан бұрын ешқандай тиісті ұшу жоспары деректерін алмаған әуе кемесі туралы хабарлама алған кезде ұшу жоспарының деректерін (RPL немесе FPL) алуға ниет білдірген жағдайда беріледі</p>	ФФ	<p>оған қатысты бұрын ұшу жоспарының ешқандай тиісті негізгі деректері алынбаған әуе кемесі (EST) туралы хабарлама алған кезде</p>	АДО (АДП)	<p>1) ӘҚЖ БО; 2) мемлекеттік ӘК бойынша ӘҚБ БО; 3) брифинг; 4) ұшу маршруты бойынша ЖДП (ҰАО)</p>	<p>1) ӘҚЖ БО; 2) мемлекеттік ӘК бойынша ӘҚБ БО; 3) брифинг; 4) ҚР ұшу маршруты бойынша ЖДП (ҰАО); 5. шет елдің ӘҚАЖ органы</p>
	<p>ЦПЛ – ағымдағы ұшу жоспары (Current flight</p>					

3.4.	<p>plan – CPL).          Кейінгі диспетчерлік рұқсаттарға негізделген ықтимал өзгерістерді (ӘҚҚА-да ӘК қосалқы әуеайлаққа кетуі) қосалғандағы ұшу жоспары. Хабарлама осы әуе кемесінің қозғалысын басқару басқа Ә Қ Ұ органына өтіп, басқару берілетін нүктеден оның ұшып өтуінің есептік уақытына дейін немесе ӘҚҚ-ның тиісті уәкілетті органы өзге уақыт мерзімін белгілемесе, алдын ала беріледі</p>	ФФ	маневр басталғаннан кейін 3 минуттан кешіктірмей	АДО (АДП)	<p>1) ӘҚЖ БО;          2) ұшу маршруты бойынша АДО (АДП);          3 ) бақыланатын ә у е кеңістігінде Ә Ш Қ әскерлері органына;          4) брифинг;          5 ) мемлекеттік ӘК бойынша ӘҚБ БО</p>	<p>1) ӘҚЖ БО;          2) ҚР ұшу маршруты бойынша АДО (АДП);          3 ) Қ Р бақыланатын ә у е кеңістігінде Ә Ш Қ әскерлері органына;          4) брифинг;          5 ) мемлекеттік ӘК бойынша ӘҚБ БО;          6) шекаралас мемлекеттің Ә Қ Б органына</p>
	<p>А Л Р – авариялық құлақтандыру (Alerting ALR ). Авариялық құлақтандыруға қатысты хабарлама ӘҚҰ органы әуе кемесі авариялық жағдайда деп есептеген кезде беріледі . Төмендегі</p>	СС				

3.5.	үш кезеңнің бірінде көрсетіледі:				
	Апатқа ұшырау кезеңі - DETRESFA	СС	мәліметтер алынғаннан, ф а к т анықталғаннан кейін дереу	АДО (АДП)	<p>1) ІҚҰО; 2) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган (ұйым); 3) ӘШҚ әскери органына (бақыланатын ә у е кеңістігіндегі авиациялық оқиға ғана); 4 ) мемлекеттік ӘК бойынша ӘҚБ БО; 5) ӘҚЖ БО</p> <p>1) ІҚҰО; 2) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган (ұйым); 3) ӘШҚ әскери органына (бақыланатын ә у е кеңістігіндегі авиациялық оқиға ғана); 4 ) мемлекеттік ӘК бойынша ӘҚБ БО. 5) ӘҚЖ БО</p>
	Дабыл кезеңі – ALERFA	СС			<p>1) ІҚҰО; 2) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган (ұйым); 3) ӘШҚ әскери органына (бақыланатын ә у е кеңістігіндегі авиациялық оқиға ғана); 4 ) мемлекеттік ӘК бойынша ӘҚБ БО; 5) ӘҚЖ БО</p> <p>1) ІҚҰО; 2) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган (ұйым); 3) ӘШҚ әскери органына (бақыланатын ә у е кеңістігіндегі авиациялық оқиға ғана); 4 ) мемлекеттік ӘК бойынша ӘҚБ БО; 5) ӘҚЖ БО</p>
Белгісіздік кезеңі – INCERFA	СС			<p>1) ІҚҰО; 2) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган (ұйым); 3) ӘШҚ әскери органына (бақыланатын ә у е кеңістігіндегі</p> <p>1) ІҚҰО; 2) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган (ұйым); 3) ӘШҚ әскери органына (бақыланатын ә у е кеңістігіндегі</p>	

					<p>авиациялық оқиға ғана); 4 ) мемлекеттік ӘК бойынша ӘҚБ БО; 5) ӘҚЖ БО</p>	<p>авиациялық оқиға ғана); 4 ) мемлекеттік ӘК бойынша ӘҚБ БО; 5) ӘҚЖ БО</p>
3.6.	АНВ – ANV – азаматтық авиация қызметіне заңсыз араласу актісі	СС	мәліметтер алынғаннан, ф а к т анықталғаннан кейін дереу	АДО (АДП)	<p>1) ІҚҰО; 2) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган (ұйым); 3 ) бақыланатын ә у е кеңістігінде Ә Ш Қ әскерлері органына; 4) АО ӘҚБ; 5) ұшу маршруты бойынша АДО (АДП); 6) ұшу маршруты бойынша ЖДП (ПАО); 7) қону әуеайлағының брифингі; 8) ӘҚЖ БО.</p>	<p>1) ІҚҰО; 2) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган (ұйым); 3 ) бақыланатын ә у е кеңістігінде Ә Ш Қ әскерлері органына; 4) АО ӘҚБ; 5) ұшу маршруты бойынша шектес мемлекеттің Ә Қ Қ органына; 6) ҚР ұшу маршруты бойынша ЖДП (ҰАО); 7) қону әуеайлағының брифингі; 8) ӘҚЖ БО.</p>
3.7.	АНП – ANP – әуе кеңістігін пайдалану тәртібін бұзу	СС	ф а к т анықталғаннан кейін дереу	АДО (АДП)	<p>1) ІҚҰО; 2) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган (ұйым); 3 ) бақыланатын ә у е кеңістігінде Ә Ш Қ әскерлері органына; 4) АО ӘҚБ; 5) ұшу маршруты</p>	<p>1) ІҚҰО; 2) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган (ұйым); 3 ) бақыланатын ә у е кеңістігінде Ә Ш Қ әскерлері органына; 4) АО ӘҚБ; 5) ҚР ұшу маршруты</p>

					бойынша АДО (АДП); 6) ұшу маршруты бойынша ЖДП (ПАО); 7) ӘҚЖ БО	бойынша АДО (АДП); 6) ҚР ұшу маршруты бойынша ЖДП (ҰАО); 7) ӘҚЖ БО
3.8.	РЦФ – радиобайланыстың істен шығуы (Radiocommunication failure - RCF), хабарлама ӘҚҰ органына оның жауапкершілік ауданында ұшып баратқан әуемесінде радиобайланыстың істен шыққаны белгілі болған жағдайда беріледі	СС	хабарлама алғаннан кейін дереу	АДО (АДП)	1) ІҚҰО; 2) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган (ұйым); 3) АДО (АДП) ұшу маршруты және қосалқы әуеайлақтар бойынша; 4) маршрут бойынша ЖДП (ҰАО); 5) ұшу маршруты және қосалқы әуеайлақтар бойынша кону әуеайлақтарының брифингі; 6) АО ӘҚБ; 7) бақыланатын әуе кеңістігінде ӘШҚ әскерлері органына; 8) ӘҚЖ БО	1) ІҚҰО; 2) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган (ұйым); 3) ҚР ұшу маршруты және қосалқы әуеайлақтар бойынша АДО (АДП); 4) ҚР ұшу маршруты бойынша ЖДП (ҰАО); 5) ҚР ұшу маршруты және қосалқы әуеайлақтар бойынша кону әуеайлақтарының брифингі; 6) АО ӘҚБ; 7) бақыланатын әуе кеңістігінде ӘШҚ әскерлері органына; 8) ӘҚЖ БО
3.9.	ФЛИ – "А" литерін орындағанда Мемлекеттік шекарадан, ӘҚҚА шекарасынан және МАЖП ұшып өту	ФФ	МАЖП-тан ұшып өткеннен кейін 3 минуттан кешіктірмей	АДО (АДП немесе жауапкершілік аймағында мемлекеттік шекара орналасқан ӘҚҚ органы)	1) ӘҚЖ ОБ; 2) ӘҚБ АО	1) ӘҚЖ ОБ; 2) ӘҚҚ әскери органы (Мемлекеттік шекараны ұшып өту); 3) ӘҚБ БО
	ҚМШ – РЖМ – әуе кеңістігін		ӘҚБ органынан		1) ӘҚЖ ОБ. 2) брифинг;	1) ӘҚЖ ОБ; 2) ҚР-дағы брифинг;

3.10.	пайдалануға қысқа мерзімді шектеулер	ГГ	алғаннан кейін дереу	АДО (АДП)	3) АДО (АДП); 4) ЖДП	3) ҚР-дағы АДО (АДП); 4) ҚР-дағы ЖДП
3.11.	ҚМШ – РЖИ – әуе кеңістігін пайдалануға қысқа мерзімді шектеулерді алып тастау	ГГ	Ә Қ Б органынан алғаннан кейін дереу	АДО (АДП)	1) ӘҚЖ ОБ.; 2) брифинг; 3) АДО (АДП); 4) ЖДП	1) ӘҚЖ ОБ.; 2) ҚР-дағы брифинг; 3) ҚР-дағы АДО (АДП); 4) ҚР-дағы ЖДП
4.	ӘҚЖ БО хабарламалары					
4.1.	ПЛН – алдағы және ағымдағы тәуліктерге әуе кеңістігін пайдалану жоспарынан үзінді көшірмелер	ГГ	алдағы тәуліктерге – жергілікті уақытпен 21.00-ден кешіктірмей Ағымдағы тәуліктерге – ағымдағы жоспарға өзгеріс енгізілгенде дереу	ӘҚЖ БО	1) ұшу маршруты бойынша АДО (АДП); 2) ұшу және қону әуеайлақтарының брифингі; 3) ӘҚЖ әскери органы; 4) ұшу маршруты бойынша ЖДП; 5) ӘҚБ БО	1) ҚР ұшу маршруты бойынша АДО (АДП); 2) ҚР ұшу және қону әуеайлақтарының брифингі; 3) ӘҚЖ әскери органы; 4) ҚР маршрут бойынша ЖДП; 5) ӘҚБ БО
4.2.	ППН – REJ – ұсынылған ұшу жоспары әуе кеңістігін пайдалану жоспарына енгізілмейді	ГГ	ұшу жоспарын алғаннан кейін 30 минуттан кешіктірмей	ӘҚЖ БО	1) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган (ұйым); 2) ұшу жоспарын берген ұшу әуеайлақтарының брифингі; 3) ӘҚБ БО; 4) ӘК пайдаланушысы	1) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган (ұйым); 2) ұшу жоспарын берген ұшу әуеайлақтарының брифингі; 3) ӘҚБ БО; 4) ӘК пайдаланушысы
			ұшатын күн қарсаңында – ұшуды орындауға дейін бір		1) ҚР ӘК пайдаланушыға; 2) ұшу маршруты бойынша АДО (АДП);	1) ҚР ӘК пайдаланушыға; 2) ҚР ұшу маршруты бойынша АДО (АДП);

4.3.	УЛС – литерлік рейстерді орындау	ГГ	тәулік қалғанда, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органнан нұсқау алғанда дереу – азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органнан ұшатын күні нұсқау алғаннан кейін	ӘҚЖ БО	3) ұшу маршруты бойынша ЖДП (ҰАО); 4) ӘҚБ БО; 5) ұшу маршруты және қосалқы әуеайлақтары ның а ұшып шығуы және қ о н у әуеайлақтары ның брифингі ; 6) ұшу және қ о н у әуежайларын ың ӘДҚ	3) ҚР маршруты бойынша ЖДП (ПАО); 4) ӘҚБ БО; 5) ҚР ұшу маршруты және қосалқы әуеайлақтары ның ұшып шығуы және қ о н у әуеайлақтары ның брифингі ; 6) ҚР ұшу және қону әуежайларын ың ӘДҚ
4.4.	УР – РЖМ – әуе кеңістігін пайдаланудың уақытша режимі	ДД	дереу ӘҚБ БО-дан белгілеу туралы ақпарат алынғаннан кейін	ӘҚЖ БО	1) АДО (АДП ); 2 ) NOTAM-офис і; 3) брифинг; 4) ЖДП (ҰАО )	1) ҚР АДО (АДП); 2 ) NOTAM-офис і; 3) ҚР брифинг; 4) ҚР ЖДП (ҰАО)
4.5.	УР – РЖИ – әуе кеңістігін пайдаланудың уақытша режимін алып тастау	ДД	ӘҚБ БО-дан күшін жою туралы ақпарат алынғаннан кейін дереу	ӘҚЖ БО	1) АДО (АДП ); 2 ) NOTAM-офис і; 3) брифинг; 4) ЖДП (ҰАО )	1) ҚР АДО (АДП); 2 ) NOTAM-офис і; 3) ҚР брифинг; 4) ҚР ЖДП (ҰАО)
5.	ӘҚБ БО хабарламалары					
5.1.	УР – РЖМ – әуе кеңістігін пайдаланудың уақытша режимі	ДД	ре ж и м белгіленгенне н кейін дереу	ӘҚБ БО	1) ӘҚЖ БО	1) ӘҚЖ БО
5.2.	УР – РЖИ – әуе кеңістігін пайдаланудың уақытша режимін алып тастау	ДД	режим алып тасталғаннан кейін дереу	ӘҚБ БО	1) ӘҚЖ БО	1) ӘҚЖ БО
					1) ӘҚБ органы;	1) ӘҚБ органы;

5.3.	ППН – ұшу жоспарының бекітілмеуі ( FPL)	ГГ	ұ ш у жоспарын алғаннан кейін 30 минуттан кешіктірмей	ӘҚБ БО	2) КВС ( авиациялық әскери бөлімдерінің командирлері )	2) КВС ( авиациялық әскери бөлімдерінің командирлері )						
6. ӘҚБ орталықтарының хабарламалары												
							РЖМ - әуе кеңістігін пайдалануға қысқа мерзімді шектеу: ӘҚБ БТ болған кезде бақыланатын әуе кеңістігінде операциялық әуе қозғалысында ұшу кезінде;		қысқа мерзімді шектеу белгіленгеннен кейін дереу		1) АДО (АДП )	1) АДО (АДП )
							ӘҚБ-ның БТ болмаған кезде бақыланатын әуе кеңістігінде немесе бақыланбайтын әуе кеңістігінде операциялық әуе қозғалысында ұшқан кезде;		қысқа мерзімді шектеуді белгілеу бойынша дереу		1) АДО (АДП ); 2 ) NOTAM-офис і	1) АДО (АДП ); 2 ) NOTAM-офис і
							Ұ ш у қауіпсіздігіне қатер төндіретін және кенеттен (күтпеген) мәртебесі бар қызметті қамтамасыз ету үшін;	ГГ	қысқа мерзімді шектеу белгіленгеннен кейін дереу	Ә Қ Б орталығы	1) АДО (АДП ) 2 ) NOTAM-офис і	1) АДО (АДП ) 2 ) NOTAM-офис і
6.1.	оқу-жаттығуларды, атыстардың барлық түрлерін, зымырандарды ұшыруды		осындай қызмет басталғанға дейін кемінде									

	және жарылыс жұмыстарын жүргізу кезінде ( белгіленген полигон шегінде ( ұшуға шектеу қойылған аймақ);		12 сағат қалғанда (егер 12 сағаттан аз болса, онда Ә Қ Қ органмен келісу бойынша);		1) АДО (АДП ) 2 ) NOTAM-офис і	1) АДО (АДП ) 2 ) NOTAM-офис і
	планерлердің ( дельтапландардың) және парапландардың арнайы аудандарда ұшуы кезінде;		осындай қызмет басталғанға дейін кемінде 12 сағат қалғанда;		1) АДО (АДП ) 2 ) NOTAM-офис і	1) АДО (АДП ) 2 ) NOTAM-офис і
	осы Қағидада белгіленген өзге де жағдайларда		қысқа мерзімді шектеу белгіленгеннен кейін дереу		1) АДО (АДП ) 2 ) NOTAM-офис і	1) АДО (АДП ) 2 ) NOTAM-офис і
6.2.	РЖИ – әуе кеңістігін пайдалануға қысқа мерзімді шектеулерді алып тастау	ДД	қысқа мерзімді шектеуді алып тастағанда дереу	Ә Қ Б орталығы	1) АДО (АДП ) 2 ) NOTAM-офис і	1) АДО (АДП ) 2 ) NOTAM-офис і
7.	Әуе кеңістігін пайдаланушылардың әуе кеңістігін пайдалануға өтінімдері					
7.1.	Шар – зондтарды ұшыру кезінде басқарылмайтын аэростаттармен әуе кеңістігін пайдалануға өтінімдер	ДД	ұшу басталғанға дейін кемінде 24 сағат бұрын	Ә Қ - н і пайдаланушы	1) ӘҚБ БО; 2) ӘҚБ орталығы	1) ӘҚБ БО; 2) ӘҚБ орталығы
7.2.	Әскери бөлімдердің оқ атуы, зымырандарды ұшыру, жарылыс жұмыстары жүргізілген	ДД	қызмет басталғанға дейін кемінде		1) ӘҚБ БО;	1) ӘҚБ БО;

	кезде ( белгіленген полигон шегінде) әуе кеңістігін пайдалануға өтінімдер		24 сағат бұрын	ӘК-ні пайдаланушы	2) ӘҚБ орталығы	2) ӘҚБ орталығы
7.3.	Жарылыс жұмыстары жүргізілген кезе әуе кеңістігін пайдалануға өтінімдер ( азаматтық жеке және заңды тұлғалар)	ДД	өтінім нақтылауды талап ететін жағдайларды қоспағанда, қызмет басталғанға дейін кемінде 9 тәулік бұрын	ӘК-ні пайдаланушы	1) ӘҚБ БО; 2) ӘҚБ орталығы	1) ӘҚБ БО; 2) ӘҚБ орталығы
7.4.	Зымырандар ұшыру жүргізілген кезде әуе кеңістігін пайдалануға өтінімдер ( полигонның шегінен шығатын әуе кеңістігінің мәлімделген көлемі шегінде)	ДД	өтінім нақтылауды талап ететін жағдайларды қоспағанда, қызмет басталғанға дейін кемінде 9 тәулік бұрын	ӘК-ні пайдаланушы	1) ӘҚБ БО; 2) ӘҚБ орталығы	1) ӘҚБ БО; 2) ӘҚБ орталығы
7.5.	Планерлерді ( дельтапландарды және парапландарды) арнайы аудандарда ұшыру кезінде әуе кеңістігін пайдалануға өтінімдер	ДД	қызмет басталғанға дейін кемінде 24 сағат бұрын	ӘК-ні пайдаланушы	1) ӘҚБ БО; 2) ӘҚБ орталығы	1) ӘҚБ БО; 2) ӘҚБ орталығы
7.6.	Пилотсыз авиациялық жүйелермен әуе кеңістігін пайдалануға өтінімдер	ДД	қызмет басталғанға дейін кем дегенде 24 сағат бұрын	пайдаланушы	ӘҚБ БО немесе жақын ӘҚБ орталығы	ӘҚБ БО немесе жақын ӘҚБ орталығы
8.	Әуежайлардың диспетчерлік қызметтерінің (ӘДҚ) хабарламалары					
	АЛР – авариялық					

8.1.	хабарландыру (Alerting – ALR – ӘК-нің бұзылуы, жердегі төтенше оқиға туралы бастапқы хабарлама, сондай-ақ ӘК қауіпсіздігі, экипаж және жолаушылар туралы кез келген ақпарат)	СС	мәліметтер алынғаннан, ф а к т анықталғаннан кейін дереу	ӘДҚ	1) ІҚҰО; 2) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган (ұйым); 3 ) мемлекеттік ӘК бойынша ӘҚБ БО	1) ІҚҰО; 2) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган (ұйым); 3 ) мемлекеттік ӘК бойынша ӘҚБ БО
------	--	----	--	-----	---	---

Ескертпе: Қазақстан Республикасының өкілетті органдарының орналасқан жері, жұмыс кестесі және байланыс деректері Қазақстан Республикасының аэронавигациялық ақпарат жинағында жарияланады.

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

АДО – аудандық диспетчерлік орталық;

АДП – аудандық диспетчерлік пункт;

ӘАДП – әуеайлақ ауданының диспетчерлік пункті;

ӘДҚ – әуежайлардың диспетчерлік қызметтері;

ӘДО – әуеайлақтық диспетчерлік орталық;

ӘҚБ АО – әуе қозғалысын басқарудың аудандық орталығы;

ӘҚБ БО – әуе қозғалысын басқарудың бас орталығы;

ӘҚБ БТ – әуе қозғалысын басқарудың біріккен тобы;

ӘҚЖ БО – әуе қозғалысын жоспарлаудың бас орталығы

ӘҚҚА – әуе қозғалысына қызмет көрсету ауданы (АСС – Air Control Centre);

МАЖП – міндетті ақпарат жеткізу пункті;

ҰАО – ұшу ақпараты орталығы;

ІҚҰО – іздестіруді және құтқаруды үйлестіру орталығы.

Қазақстан Республикасының  
әуе кеңістігін пайдалану  
қағидаларына  
3-1-қосымша

**Республикалық және облыстық маңызы бар қалалардың әкімшілік шекаралары шегінде пилотсыз әуе кемелерінің ұшуы үшін әуе кеңістігі аймақтарының шекараларын белгілеу тәртібі**

**Ескерту. Қағидалар 3-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 13.04.2023 № 294 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

1. Осы тәртіп мынадай мемлекеттік органдар мен ведомстволық бағынысты ұйымдарға қолданылады:

1) пилотсыз әуе кемелерінің ұшуын жүзеге асыру үшін әуе кеңістігінің аймақтарын белгілеу шеңберінде мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті орган;

2) қалалардың әкімшілік шекаралары туралы ақпарат беру шеңберінде республикалық және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары;

3) Қазақстан Республикасының аэронавигациялық ақпарат жинағында пилотсыз әуе кемелерінің ұшуын жүзеге асыру үшін әуе кеңістігінің аймақтары туралы ақпаратты жариялау және осы аймақтардың шекараларын аэронавигациялық карталарға салу шеңберінде азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға ведомстволық бағынысты мемлекеттік кәсіпорын болып табылатын аэронавигациялық қызмет көрсетуші (бұдан әрі – АНҚ көрсетуші).

2. Пилотсыз әуе кемелерінің ұшуын жүзеге асыру үшін әуе кеңістігінің аймақтарын бастапқы белгілеу кезінде республикалық және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органның ӘҚБ БО-ның сұрауы негізінде әкімшілік шекаралары жазылған тиісті картаны және әкімшілік шекаралары туралы ақпаратты көрсетілген форматта ұсынады.

3. Республикалық және облыстық маңызы бар қалалардың әкімшілік шекаралары өзгергенде жергілікті атқарушы органдар жоғарыда көрсетілген өзгерістер күшіне енгеннен кейін 10 жұмыс күні ішінде өзгерістер туралы ақпаратты белгіленген форматта және өзгертілген шекаралары бар тиісті картаны ұсынады.

4. Алынған ақпаратты мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органның ӘҚБ БО мен АНҚ көрсетушінің өкілдерімен бірлесіп жеткіліктігі мен толық болуы тұрғысынан тексереді. Белгіленген өлшемшарттарға сәйкес келмейтін ақпарат анықталғанда жергілікті атқарушы органға мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органның ӘҚБ БО -нан анықталған ескертулерді көрсете отырып, өзгерістер енгізуге сұрау салуы жіберіледі.

5. Алынған ақпаратты талдау және ескертулердің болмауы негізінде мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органның ӘҚБ БО республикалық және облыстық маңызы бар қалалардың әкімшілік шекаралары шегінде пилотсыз әуе кемелерінің ұшуын жүзеге асыру үшін арнайы аймақтарды белгілейді.

6. ӘҚБ БО-нан алынған ақпарат негізінде АНҚ көрсетуші пилотсыз әуе кемелерінің ұшуын жүзеге асыру үшін әуе кеңістігінің аймақтары бойынша деректерді өңдейді және оларды AIRAC белгіленген мерзімдеріне сәйкес Қазақстан Республикасының аэронавигациялық ақпарат жинағының тиісті бөлімдерінде және аэронавигациялық карталарда жариялайды.

7. Республикалық және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы билік органдарының ақпарат беру форматы:

1.	Мемлекеттік органның атауы	Республикалық немесе облыстық маңызы бар қалалардың атқарушы органының атауы енгізіледі
2.	Елді мекеннің атауы	Республикалық немесе облыстық маңызы бар қаланың атауын көрсету
3.	Әкімшілік шекаралардың географиялық координаттары*	1984 (WGS-84) географиялық координаттарды дүниежүзілік геодезиялық координаттар жүйесі бойынша жүйеде 100 метрге дейінгі дәлдікпен градуспен, минутпен және секундпен көрсету
4.	Карта масштабы	Әкімшілік шекаралары бар қоса берілген картаның масштабын көрсету
5.	ТАӘ лауазымы	Ақпаратты ұсынған атқарушы орган басшысының ТАӘ
6.	Қолы	
7.	Күні	

\* Географиялық координаттар электронды түрде ұсынылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының  
әуе кеңістігін пайдалану  
қағидаларына  
3-2-қосымша

## Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде пилотсыз әуе кемелерінің ұшуына шектеу қойылған аймақтарды белгілеу тәртібі

**Ескерту. Қағидалар 3-2-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 13.04.2023 № 294 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

1. Пилотсыз әуе кемелерінің ұшуына шектеу қойылған аймақтарды осы Қосымшада белгіленген тәртіпке сәйкес мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органның Әуе қозғалысын басқарудың бас орталығы (бұдан әрі – ӘҚБ БО) белгілейді.

2. Пилотсыз әуе кемелерінің ұшуына шектеу қойылған тұрақты қолданылатын аймақтары.

2.1. Мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті орган басқаратын пилотсыз әуе кемелерінің (бұдан әрі – ПӘК) ұшуына шектеу қойылған тұрақты қолдану аймағын белгілеу үшін өтінімдерді қарау және пилотсыз әуе кемелерінің ұшуын тұрақты шектеу аймақтарын белгілеу жөніндегі арнайы құрылған ведомствоаралық комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) шешімі негіз болып табылады. Комиссияның міндеті мемлекеттік органдар ұсынған пилотсыз әуе кемелерінің ұшуын жүзеге асыру үшін шектеу аймақтарын белгілеуге және пилотсыз әуе кемелерінің ұшуын тұрақты шектеу аймақтарының тізіліміне енгізуге арналған сұрауларды қарау болып табылады. Бұл тізілім азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға ведомстволық бағынысты

мемлекеттік кәсіпорын болып табылатын аэронавигациялық қызмет көрсетушінің (бұдан әрі – АНҚ көрсетуші) интернет-ресурсында және азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның интернет-ресурсында жарияланады.

2.2. Комиссия құрамына мынадай мемлекеттік органдар мен ведомстволық бағынысты ұйымдардың:

мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті органның ӘҚБ БО;

азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның;

азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның;

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің;

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің;

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің;

азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органға ведомстволық бағынысты мемлекеттік кәсіпорын болып табылатын аэронавигациялық қызмет көрсетушінің өкілдері кіреді.

2.3. Комиссияның қызметі мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті орган бекітетін және осы Қосымшаның 2.2-тармағында көрсетілген мемлекеттік органдармен және ведомстволық бағынысты ұйымдармен келісілген комиссия туралы ереженің негізінде жүзеге асырылады.

2.4. Комиссия пилотсыз әуе кемелерінің ұшуын шектеу аймақтарын белгілеудің мынадай жағдайларын қарайды:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 қазандағы № 1151 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік күзетілуге тиіс объектілерді айқындау қағидаларында көрсетілген мемлекеттік күзетілуге тиіс объектілердің үстінде белгіленетін пилотсыз әуе кемелерінің ұшуын шектеу тұрақты қолданылатын аймақтары;

2) пилотсыз әуе кемелерінің Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі объектілерінің үстінен пилотсыз әуе кемесінің ұшуын тұрақты қолданылатын шектеу аймақтары;

3) мемлекеттік немесе азаматтық авиацияның бақыланатын әуеайлақтарының, сондай-ақ бірлесіп орналасқан әуеайлақтардың маңында ПӘК ұшуларын шектеудің тұрақты қолданылатын аймақтары;

4) мүдделі мемлекеттік органдардың ұсынуы бойынша мемлекеттік объектілердің, аса маңызды инфрақұрылым объектілерінің үстінен ПӘК ұшуына шектеу ұдайы қолданылатын аймақтар.

**Ескерту. 2.4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 21.04.2026 № 302 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

2.5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 қазандағы № 1151 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік күзетілуге тиіс объектілерді айқындау қағидаларында көрсетілген мемлекеттік күзетілуге тиіс объектінің үстінде белгіленетін тұрақты қолданылатын ПӘК ұшуларын тұрақты шектеу аймағын белгілеуге арналған сұрау салуын осы Қағидаларға осы Қосымшаның 3-тармағында көрсетілген нысан бойынша объектіні күзетуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган береді.

2.6. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі объектілерінің үстінен ұшуға шектеу қойылған тұрақты қолданылатын аймағын белгілеу үшін сұрау салуды осы Қағидаларға осы Қосымшаның 3-тармағында көрсетілген нысан бойынша тиісті мемлекеттік орган береді.

2.7. Бақыланатын мемлекеттік немесе азаматтық авиация әуеайлағының, сондай-ақ бірлесіп орналасқан әуеайлақтың маңында ПӘК ұшуына шектеу қойылған тұрақты қолданылатын аймағын белгілеуге сұрау салуды осы Қағидаларға осы Қосымшаның 4-тармағында көрсетілген нысан бойынша әуеайлақты пайдаланушымен келісілгеннен кейін осы әуеайлақта ӘҚК/ӘҚБ жүзеге асыратын орган береді.

2.7-1. Мүдделі мемлекеттік органдардың ұсынуы бойынша мемлекеттік объектілердің, аса маңызды инфрақұрылым объектілерінің үстінен ПӘК ұшуына шектеу ұдайы қолданылатын аймақты белгілеуге сұранысты тиісті мемлекеттік орган осы қосымшаның 4-1-тармағында көрсетілген нысан бойынша береді.

**Ескерту. Қағидалар 2.7-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 21.04.2026 № 302 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

2.8. Кешенді және үйлестірілген тәсілді қамтамасыз ету үшін ПӘК ұшуына шектеу қойылған тұрақты қолданылатын аймақтарды белгілеуге сұрау салу есепті жылдың 31 мамырына дейін беріледі.

2.9. Комиссия сұрау салуларды 30 жұмыс күні ішінде (есепті жылдың 1 маусымынан бастап) қарайды. Комиссия қарау нәтижелері бойынша қосымша және нақтылайтын ақпарат сұратуы мүмкін.

2.10. Сұратылатын ақпарат берілмегенде Комиссия әуе күштерінің ұшуына шектеу қойылған аймақты белгілеуден уәжді бас тартуға құқылы.

2.11. Егер әуе кемелерінің ұшуына шектеу қойылған аймақтар белгіленетін объектілер бір-біріне тікелей жақын орналасса, онда мұндай жағдайда тиісті объектілерді қамтитын ПӘК ұшуын шектейтін бір аймақ белгіленуі мүмкін.

2.12. ПӘК ұшуына шектеу қойылған аймақ объектінің ортасынан белгілі радиусы бар шеңбер немесе бұрыштардың белгілі координаттары бар көпбұрыш түрінде белгіленуі мүмкін.

2.13. ПӘК ұшуына шектеу қойылған аймақ шекараларын белгілеу кезінде объектінің қорғалған аймағының үстіндегі әуе кеңістігі және буферлік аймақ ескеріледі . Осы Қағидалар шеңберінде қорғалатын аймақ деп жеке немесе жиынтығында санкцияланбаған іс-әрекет объекті болып табылуы мүмкін, үнемі қорғалатын және бақыланатын физикалық кедергілермен қоршалған, кіруі шектелетін және бақыланатын ғимараттар, жүйелері, жабдықтары, құрылғылары мен материалдары бар үй-жайлар орналасқан объектінің алаңы түсініледі. Буферлік аймақ қорғалған аймақтың сыртында қорғалған аймақтың сыртқы шекарасынан 300 метрден аспайтын қашықтықта орналасқан әуе кеңістігінің аймағын білдіреді. Кейбір жағдайларда буферлік аймақ орнатылмауы мүмкін.

2.14. Комиссия қаралғаннан кейін осы Қағидаларға осы Қосымшаның 5-тармағында ұсынылған форматта пилотсыз әуе кемелерінің ұшуына шектеу қойылған тұрақты қолданылатын аймақтарының тізілімін бекітеді және осы аймақтарды белгілеу үшін ӘҚБ БО мекенжайына, сондай-ақ аталған ұйымдардың интернет-ресурстарында одан әрі жариялау үшін АНҚ көрсетушінің және азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымның мекенжайына жібереді.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 қазандағы № 1151 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік күзетілуі тиіс объектілерді айқындау қағидаларында немесе Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі объектілерімен көрсетілген мемлекеттік күзетілуі тиіс объектінің үстінде белгіленетін тұрақты қолданылатын ПӘК ұшуларын шектеу аймағын белгілеуге сұрау салу үлгісі:

1.	Сұрау салудың бастамашысы	Мемлекеттік күзетілуі тиіс объектіні күзетуді жүзеге асыратын және оның мүддесінде әуе кемелерінің ұшуына шектеу қойылған аймағы белгіленетін мемлекеттік органды көрсету; Қылмыстық-атқару жүйесінің қорғалатын объектісі үшін жауапты болып табылатын және оның мүддесінде әуе күштерінің ұшуына шектеу қойылған аймақ белгіленетін ҚР ПМ құрылымдық бөлімшесін көрсету; ҚР Қорғаныс министрлігінің, ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің оның мүддесінде әуе кемелерінің ұшуын шектеу аймағы белгіленетін Қазақстан
----	---------------------------	---

		Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің құрылымдық бөлімшесін көрсету
2.	Объектінің атауы	Объектінің атауын көрсету
3.	Объектінің географиялық координаттары	1984 (WGS-84) дүниежүзілік геодезиялық координаттар жүйесі бойынша географиялық координаттарды градуспен, минутпен және секундпен көрсету
4.	Қорғалған аймақтың географиялық координаттары	шеңбер түрінде шектеу аймағын белгілеу кезінде объектінің орталығы үшін 1984 (WGS-84) дүниежүзілік геодезиялық координаталар жүйесі бойынша градуспен, минутпен және секундпен географиялық координаттар; көпбұрыш түрінде шектеу аймағын орнатқан кезде 1984 (WGS-84) дүниежүзілік геодезиялық координаталар жүйесі бойынша географиялық координаттар
5.	Буферлік аймақ	Иә/Жоқ Егер Иә болса, онда буферлік аймақтың мөлшері метрмен көрсетіледі, бірақ 300 метрден аспайды
6.	Аймақтың тік шекаралары	Жоспарланған тік шекараларды көрсету. Жер бетінен 200 метрден жоғары тік шекараларды жоспарлы түрде белгілеу кезінде негіздеме ұсынылады
7.	Байланыс деректері	Мүдделерінде ПӘК ұшуына шектеу қойылатын аймағы белгіленген мемлекеттік органның байланыс деректерін көрсету ( телефон нөмірі және электрондық пошта мекенжайы). Пилотсыз авиациялық жүйелерді пайдаланушылардың заңды және жеке тұлғаларының өтініші және пилотсыз әуе кемелерінің ұшуына шектеу қойылған аймағын пайдалану қажет болғанда рұқсат алу үшін пайдаланылады
8.	ТАӘ Лауазымы	Мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшесі басшысының ТАӘ
9.	Қолы	

4. Бақыланатын мемлекеттік немесе азаматтық авиация әуеайлағының, сондай-ақ бірлесіп орналасқан әуеайлақтың маңында пилотсыз әуе кемелерінің ұшуына шектеу қойылған тұрақты қолданылатын аймағын белгілеуге сұрау салу нысаны:

1.	Сұрау салудың бастамашысы	Өтініш беруші болып табылатын және әуе қозғалысына диспетчерлік қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін азаматтық авиация әуеайлағы немесе азаматтық авиацияға тиесілігі бойынша бірге орналасқан әуеайлақ үшін әуе қозғалысына қызмет көрсету органын көрсету. Өтініш беруші болып табылатын мемлекеттік авиация әуеайлағы немесе мемлекеттік авиацияға тиесілігі бойынша бірге орналасқан әуеайлақ үшін әуе қозғалысын басқару органын (ә/б) көрсету
2.	Әуеайлақтың атауы	Әуеайлақтың атауын көрсету
3.	Объектінің географиялық координаттары	КТА-ның географиялық координаттарын 1984(WGS-84) дүниежүзілік геодезиялық координаттар жүйесі бойынша градуспен, минутпен және секундпен көрсету
4.	Аймақ шекараларының географиялық координаттары*	көпбұрыштың бұрыштарын 1984 (WGS-84) дүниежүзілік геодезиялық координаттар жүйесі бойынша градус, минут және секундтағы географиялық координаттар
5.	Аймақтың тік шекаралары*	Жоспарланған тік шекараларды көрсету
6.	Байланыс деректері	Мүдделерінде ПӘК ұшуларын шектеу аймағы белгіленген ӘҚҰ/ӘҚБ органының байланыс деректерін көрсету (телефон нөмірі және электрондық пошта мекенжайы). Пилотсыз авиациялық жүйелерді пайдаланушылардың заңды және жеке тұлғаларының өтініші және пилотсыз әуе кемелерінің ұшуына шектеу қойылған аймағын пайдалану қажет болғанда рұқсат алу үшін пайдаланылады
8.	ТАӘ Лауазымы	Мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшесі басшысының ТАӘ

9.	Қолы	
10.	ТАӘ Лауазымы	Әуеайлақ пайдаланушы ұйымы басшысының ТАӘ
11.	Қолы	
12.	күні	

\*Ескертпе: Бақыланатын әуеайлақтардың маңында әуе кемелерінің ұшуын шектеу аймақтарын белгілеу кезінде жер бетінен глиссадаға кіру биіктігіне дейін барлық жұмыс істеп тұрған ПӘК үшін қонуға кірудің соңғы учаскесінің 8 км, сондай-ақ жер бетінен глиссадаға кіру биіктігіне дейін КТА-дан радиусы 4 км әуе кеңістігі қорғалуға тиіс. Әуе кемелерінің ұшуына шектеу қойылған аймағының ені ПӘК осьтік желісінің жалғасы бойымен екі жаққа 2 км-ден белгіленеді.

4-1. Мүдделі мемлекеттік органдардың ұсынуы бойынша мемлекеттік объектілердің , аса маңызды инфрақұрылым объектілерінің үстінен ПӘК ұшуына шектеу ұдайы қолданылатын аймақты белгілеуге сұраныс нысаны:

1.	Сұранысқа бастамашы	Өтініш беруші болып табылатын және ПӘК ұшуына ұдайы шектеу қолданылатын аймақты белгілеу жоспарланатын объект құрылымына кіретін мемлекеттік органды көрсету
2.	Объектінің және заңды тұлғаның атауы	Осы объектінің қарамағындағы объектінің және заңды тұлғаның атауын көрсету
3.	Объектінің географиялық координаттары	1984 (WGS-84) дүниежүзілік геодезиялық координаттар жүйесі бойынша объект орталығының географиялық координаттарын градуспен, минутпен және секундпен көрсету
4.	Аймақ шекараларының географиялық координаттары	Шектеу аймағы шеңбер түрінде белгіленсе, объект орталығы үшін 1984 (WGS-84) дүниежүзілік геодезиялық координаттар жүйесі бойынша градуспен, минутпен және секундпен географиялық координаттар; шектеу аймағы көпбұрыш түрінде белгіленсе, 1984 (WGS-84) дүниежүзілік геодезиялық координаттар жүйесі бойынша көпбұрыш бұрыштарының градуспен, минутпен және секундпен географиялық координаттары
5.	Аймақтың тік шекаралары	Жоспарланған тік шекараларды көрсету.

		Тік шекаралар жоспарлы түрде жер бетінен 200 метрден жоғары белгіленсе, негіздеме ұсыну
6.	Байланыс деректері	Мүддесі үшін ПӘК ұшуына шектеу қойылған аймақ белгіленген мемлекеттік органның байланыс деректерін (телефон нөмірі және электрондық пошта мекенжайы) көрсету. Пилотсыз авиациялық жүйелерді пайдаланушылардың заңды және жеке тұлғаларының өтініші және пилотсыз әуе кемелерінің ұшуына шектеу қойылған аймақты пайдалану қажет болған кезде рұқсат алу үшін пайдаланылады
7.	Т.А.Ә, лауазымы	Сұраныс берген ұйым басшысының немесе әскери бөлім командирінің Т.А.Ә.
8.	Қолы	
9.	Т.А.Ә, лауазымы	Мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшесі басшысының Т.А.Ә.
10.	Қолы	
11.	Күні	

**Ескерту. Қағидалар 4-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 21.04.2026 № 302 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**5. Пилотсыз әуе кемелерінің ұшуына шектеу қойылған тұрақты қолданылатын аймақтар тізілімінің нысаны:**

№	Пилотсыз әуе кемелерінің ұшуына шектеу қойылған аймақты белгілеу	Көлденең шекаралар	Тік шекаралар	Мүдделерінде ПӘК ұшуын шектеу аймағы белгіленген орган	Байланыс деректері
1.					

**6. Уақытша кезеңмен шектелген ПӘК ұшуына шектеу қойылған аймақтарды белгілеу**

Уақытша кезеңі шектеулі ПӘК ұшуына шектеу қойылған аймақтарын мемлекеттік органдар тарапынан сұрау салу негізінде ӘҚБ БО белгілейді.

Уақытша кезеңі шектеулі ПӘК-нің ұшуына шектеу қойылған аймақтар 4 (төрт) сағаттан аспайтын мерзімге бір рет ұзарту мүмкіндігімен 2 (екі) сағаттан аспайтын мерзімге белгіленуі мүмкін.

1.	Мемлекеттік органның атауы	Өтініш беруші болып табылатын мемлекеттік органды көрсету

2.	Объектінің атауы	Объектінің атауын көрсету
3.	Объектінің географиялық координаттары	1984 (WGS-84) дүниежүзілік геодезиялық координаттар жүйесі бойынша градус, минут және секунд бойынша географиялық координаттар
4.	Жоспарланған ПӘК ұшуды шектеу аймағының географиялық координаттары	шеңбер түрінде шектеу аймағын белгілеу кезінде объектінің орталығы үшін 1984 (WGS-84) дүниежүзілік геодезиялық координаталар жүйесі бойынша градуспен, минутпен және секундпен географиялық координаттар; көпбұрыш түрінде шектеу аймағын орнатқан кезде 1984 (WGS-84) дүниежүзілік геодезиялық координаталар жүйесі бойынша географиялық координаттар
5.	Аймақтың тік шекаралары	Жоспарланған тік шекараларды көрсету
6.	Қолданылу уақыты	Астана уақыты бойынша қолданылу уақытын көрсету
7.	ПӘК ұшуларын толық немесе ішінара шектеу	ПӘК ұшуын шектеу өлшемшарттарын көрсету
8.	Негіздеме	ПӘК ұшуын шектеу аймағын белгілеу қажеттілігінің толық негіздемесін ұсыну
9.	Байланыс деректері	Мүдделерінде ПӘК ұшуына шектеу қойылған аймағы белгіленген мемлекеттік органның байланыс деректерін көрсету ( телефон нөмірі және электрондық пошта мекенжайы). Пилотсыз авиациялық жүйелерді пайдаланушылардың заңды және жеке тұлғаларының өтініші және пилотсыз әуе кемелерінің ұшуына шектеу қойылған аймақты пайдалану қажет болғанда рұқсат алу үшін пайдаланылады
10.	ТАӘ Лауазымы	Мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшесі басшысының ТАӘ
11.	Қолы	
12.	күні	

Қазақстан Республикасының  
әуе кеңістігін пайдалану  
қағидасына 4-қосымша

## Ұшу мақсаттары және литерлердің атауы және олардың шартты белгілері

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.12.2013 № 1429 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

гуманитарлық көмек көрсету жөніндегі ұшулар	HUM
денсаулық сақтау органдарының өтінімдері бойынша халыққа медициналық көмек көрсетуге арналған ұшулар	HOSP
медициналық көрсеткіштер бойынша өмірлеріне қауіп-қатер төніп тұрған адамдарды авариялық эвакуациялауға арналған ұшулар	MEDEVAC
іздігіру-құтқару ұшулары	SAR
"мемлекет басшысы" мәртебесі бар ұшулар	HEAD
"мемлекет басшысы" мәртебесі жоқ мемлекеттік органдармен арнайы мәлімденген ұшулар	STATE
ӘҚҰ (ӘҚБ) органдары үшін ұшу жоспарларында берілетін қауіпсіздік мақсаттағы құпия ұшулар	PROTECTED
арнайы бөлінген әуе кеңістігінде ұшуды орындайтын әуе кемесі	ALTRV
atfm қолданылатын іс-шараларынан босатылған әуе кемесінің ұшуы	ATFMX
өртті сөндіру жөніндегі ұшулар	FFR
радиотехникалық құралдар мен жарықсигналды жабдықтың үстінен ұшып өту	FLTCK
қауіпті жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын әуе кемесінің ұшуы	HAZMAT
ӘҚБ әскери органдарының жауапкершілік аймағындағы ұшу	MARSA
gvsm бар ұшу үшін жабдықталмаған әуе кемесінің gvsm әуе кеңістігінде ұшу	NONRVSM
сынақты ұшуы	01
авиациялық техниканың ұшып өтуі	02
авиациялық жұмыстар	03
жаттығу ұшуы	04
"А" литері	A
"ОК" литері	OK
"ПК" литері	PK

Ескертпе. 01, 02, 03, 04, А, ОК, ПК шартты белгілері Қазақстан Республикасының шегіндегі ұшулар кезінде ғана қолданылады.

## Навигациялық ерекшеліктер және ұшу жоспарындағы олардың шартты белгілері

Ескерту. Қағида 5-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 30.12.2013 № 1429 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

ерекшеліктер атауы	ұшу жоспарындағы шартты белгіленуі
RNAV ерекшеліктері	
RNAV 10 (RNP 10)	A1
RNAV 5, БАРЛЫҚ РҰҚСАТ ЕТІЛГЕН ДАТЧИКТЕР	B1
RNAV 5, GNSS	B2
RNAV 5, DME/DME	B3
RNAV 5, VOR/DME	B4
RNAV 5, INS или IRS	B5
RNAV 5, LORAN C	B6
RNAV 2, БАРЛЫҚ РҰҚСАТ ЕТІЛГЕН ДАТЧИКТЕР	C1
RNAV 2, GNSS	C2
RNAV 2, DME/DME	C3
RNAV 2, DME/DME/IRU	C4
RNAV 1, БАРЛЫҚ РҰҚСАТ ЕТІЛГЕН ДАТЧИКТЕР	D1
RNAV 1, GNSS	D2
RNAV 1, DME/DME	D3
RNAV 1, DME/DME/IRU	D4
RNP ерекшеліктері	
RNP 4	L1
БАЗАЛЫҚ RNP 1, БАРЛЫҚ РҰҚСАТ ЕТІЛГЕН ДАТЧИКТЕР	O1
Базовые RNP 1, GNSS	O2
Базовые RNP 1, DME/DME	O3
Базовые RNP 1, DME/DME/IRU	O4
RNP APCH	S1
RNP APCH с BARO-VNAV	S2
RNP AR APCH с RF	T1
RNP AR APCH без RF	T2

Қазақстан Республикасының  
әуе кеңістігін пайдалану  
қағидаларына  
6-қосымша

Ұшу жоспары бланкісінің үлгісі (FPL)\*

Ескерту. Қағида 6-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 30.12.2013 № 1429 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.04.2023 № 294 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

FLIGHT PLAN			
PRIORITY ←≡ FF →		ADDRESSEE(S)	
FILING TIME		ORIGINATOR	
SPECIFIC IDENTIFICATION OF ADDRESSEE(S) AND/OR ORIGINATOR			
3 MESSAGE TYPE ←≡ (FPL		7 AIRCRAFT IDENTIFICATION	
9 NUMBER		8 FLIGHT RULES	
13 DEPARTURE AERODROME		TYPE OF FLIGHT	
15 CRUISING SPEED		18 EQUIPMENT	
LEVEL		WAKE TURBULENCE CAT.	
ROUTE		TIME	
18 DESTINATION AERODROME			
TOTAL EST		ALTN AERODROME	
18 OTHER INFORMATION		2ND ALTN AERODROME	
19 ENDURANCE			
SURPLEMENTARY INFORMATION (NOT TO BE TRANSMITTED IN FPL MESSAGES)			
E / HR MIN		PERSONS ON BOARD	
SURVIVAL EQUIPMENT/ POLAR		JACKETS/ LIGHT	
DINGHIES/ CAPACITY COVER		EMERGENCY RADIO	
AIRCRAFT COLOUR AND MARKINGS		UHF U V	
REMARKS		UHF U V	
PILOT-IN-COMMAND		VHF V	
FILED BY /		ELT E	
SPACE RESERVED FOR ADDITIONAL REQUIREMENTS			

\* Ескертпе:

1. Ұшу жоспары бланкісін толтыру

Ұшу жоспары бланкісінің үлгісі 6-қосымшада келтірілген және арнайы бөлінген нөмірленген жолдардан тұрады.

Ұшу бланкісін толтыруға қойылатын жалпы талаптар:

- 1) белгіленген форматтар мен деректерді белгілеу әдісін қатаң ұстану;
- 2) бірінші көзделген кеңістікке деректерді енгізу. Қосымша кеңістіктер бар болған жағдайда, бланкінің толтырылмаған жерін таза күйінде қалдыру;
- 3) уақытты UTC (әлемдік үйлестірілген уақыт) бойынша төрт цифрмен көрсету;
- 4) өткен есептік уақытты төрт цифр түрінде (сағаттар пен минуттар) енгізу;
- 5) 1-2 жолдардың мекенжай бөлігін ӘҚҚ қызметтері толтырады.

Ұшулар және қонулар әуеайлақтың жақын маңында орналасқан қону алаңынан орындалған кезде, ұшу жоспарында сол әуеайлақтың шартты белгісі көрсетіледі.

2. ӘҚҰ деректерін енгізу

7-19-жолдарды төменде көрсетілген талаптарға сәйкес толтыру:

7-жол. Әуе кемесінің тану индексі (ең көбі 7 белгі)

Кемінде 7 әріптік-цифрлық белгіден тұратын және дефистер немесе символдарды қамтымайтын мына әуе кемелерінің тану индексінің бірін енгізу:

1) соңынан тану индексі келетін ӘК пайдаланушыларының ИКАО коды (ӘҚҚ органымен байланысу үшін радиотелефондық шақыру ретінде көрсетілген байланыстыруды пайдаланған жағдайда);

2) әуе кемесінің ұлттық белгісі және тіркеу нөмірі (ӘҚҚ органымен байланысу үшін радиотелефондық шақыру ретінде көрсетілген байланыстыруды пайдаланған немесе әуе кемесі байланыс құралдарымен жабдықталмаған жағдайда).

8-жол. Ұшу қағидалары және түрі (1 немесе 2 белгі)

Ұшу қағидалары

Ұшу қағидаларында қолданылатын санаттарды белгілеу үшін мына әріптердің бірін енгізу:

I – егер барлық ұшу АҰҚ бойынша жүргізіледі деп жоспарланса;

V – егер барлық ұшу КҰҚ бойынша жүргізіледі деп жоспарланса;

Y – егер ұшу алдымен АҰҚ бойынша жүргізілсе, ал кейіннен ұшу қағидалары бір немесе бірнеше рет өзгертін болса;

Z – егер ұшу алдымен КҰҚ бойынша жүргізілсе, кейіннен бір немесе бірнеше рет ұшу қағидалары өзгертін болса.

15-жолда ұшу қағидаларын өзгерту жоспарланған тармақ немесе тармақша көрсетіледі.

Ұшу түрі

Ұшу түрін белгілеу үшін мына әріптердің бірін енгізу:

S – тұрақты әуе қатынасы үшін;

N – тұрақты емес әуе тасымалдары үшін;

G – жалпы сипаттағы авиация үшін;

M – әскери ұшақтардың ұшуы үшін;

X – жоғарыда көрсетілмеген кез келген басқа санаттар үшін.

18-жолда STS индексінен кейін ӘҚҰ органы тарапынан ерекше назарды талап ететін ұшу мәртебесін және RМК индексінен кейін себебін көрсету.

9-жол. Әуе кемелерінің цифры мен түрі және ізінің турбуленттілік санаты

Әуе кемелерінің цифры (1 немесе 2 белгі)

Әуе кемелері бірден көп болса, олардың санын енгізу.

Әуе кемесінің түрі (2–4 белгі)

ИКАО Doc 8643 "Әуе кемелері түрлерінің шартты белгілері" құжатында көрсетілген тиісті шартты белгілерді енгізу немесе, егер осындай шартты белгілер айқындалмаған болса, немесе бірден артық әуе кеме түрі қатармен ұшқанда ZZZZ енгізу және 18-жолда ТҮР белгілер тобынан кейін әуе кемесінің (кемелерінің) (санын және) түрін (түрлерін) көрсету.

Ізінің турбуленттілік санаты (1 белгі)

Әуе кемесі ізінің турбуленттілік санатын көрсету үшін ұзын қисық сызықтан кейін мына әріптердің бірін енгізу:

J - Аса ауыр, Doc 8643 "Әуе кемелері типтерінің шартты белгілері" құжатында осыған ұқсас айқындалған әуе кемесінің типін көрсету үшін;

H – Doc 8643 құжатында Аса ауыр (J) санатында санамаланған әуе кемелерінің типтерін қоспағанда, ауыр, барынша жоғары сертификатталған ұшып көтерілу салмағы 136 000 кг немесе одан да көп әуе кемесінің түрін көрсетуге арналған;

M – Орташа, барынша жоғары сертификатталған ұшып көтерілу салмағы 136 000 кг кем, бірақ 7000 кг аспайтын әуе кемесінің түрін көрсетуге арналған;

L – Жеңіл, барынша жоғары сертификатталған ұшып көтерілу салмағы 7000 кг немесе одан аз әуе кемесінің түрін көрсетуге арналған.

10-жол. Әуе кемесінің және экипаждың жабдығы мен мүмкіндіктері

Мүмкіндіктер мынадай элементтерді қамтиды:

- 1) әуе кемесінің бортында жұмысқа жарамды тиісті жабдықтың болуы;
- 2) ұшу экипажының біліктілігіне сәйкес келетін жабдық пен мүмкіндіктер.

Радиобайланыс құралдары, навигациялық құралдар, қонуға кіру құралдары және мүмкіндіктері

Мына әріптердің бірін енгізу:

N – маршрут бойынша ұшуға арналған борттық байланыс құралдары, навигациялық құралдар және қонуға кіру құралдары болмағанда немесе бұл жабдық жұмыс істемесе;

S – егер маршрут бойынша ұшуға арналған стандартты борттық байланыс құралдары, навигациялық құралдар және қонуға кіру құралдары болған жағдайда және олар жұмысқа жарамды болса. Стандартты жабдыққа ӨЖЖ радиотелефон, VOR және ILS жатады және (немесе) қолда бар және жұмысқа жарамды байланыс құралдары, навигациялық құралдар, қонуға кіру құралдары және мүмкіндіктерді белгілеу үшін мына әріптердің бірін немесе бірнешеуін енгізу:

A – GBAS негізіндегі қону жүйесі;

B – LPV (APV с SBAS);

C – LORAN C;

D – DME;

E1 – FMC WPR ACARS;

E2 – D-FIS ACARS;

E3 – PDC ACARS;

F – ADF;

G – GNSS (NAV/индексінен кейін 18-жолда қосымша ретінде GNSS сыртқы функциялық толықтыру түрлерін көрсету);

H – ЖЖ радиотелефон;

I – Инерциялы навигация;

J1 – ATN (3-ескертпені қарау) негізіндегі CPDLC арналған 2-режимдегі VDL;

J2 – FANS 1/A негізіндегі CPDLC арналған HFDL;

J3 – FANS 1/A негізіндегі CPDLC арналған A режиміндегі VDL;

J4 – FANS 1/A негізіндегі CPDLC 2-режимдегі VDL;

J5 – FANS 1/A негізіндегі CPDLC арналған SATCOM (INMARSAT);

J6 – FANS 1/A негізіндегі CPDLC арналған SATCOM (MTSAT);

J7 – FANS 1/A негізіндегі CPDLC арналған SATCOM (Iridium);

K – MLS;

L – ILS;

M1 – ӘҚБ (INMARSAT) арналған радиотелефонды (RTF) SATCOM;

M2 – ӘҚБ (MTSAT) арналған радиотелефонды байланыс (RTF);

M3 – ӘҚБ (Iridium) арналған радиотелефонды байланыс (RTF);

O – VOR;

P1-P9 – RCP үшін резервтелген;

R – PBN үшін бекітілген (PBN/ белгілер тобынан кейін 18-жолда қосымша ретінде осы Қағидаға 5-қосымшаға сәйкес навигациялық ерекшеліктердің шартты белгілері көрсетіледі);

T – TACAN;

U – УЖЖ радиотелефон;

V – ӨЖЖ радиотелефон;

W – RVSM үшін бекітілген.

X – MNPS үшін бекітілген;

Y – 8,33 кГц арналарды тарату мүмкіндігі бар ӨЖЖ радиотелефон;

Z – өзге де борттық жабдық немесе өзге де мүмкіндіктер (COM/, NAV/ және/немесе DAT сәйкес келетін белгілер тобынан кейін өзге де қолданылатын борттық жабдық 18-жолда қосымша ретінде көрсетіледі).

Навигациялық сипаттамалар туралы ақпарат маршруттың рұқсаты мен тапсырмасын беру мақсатында ӘҚҚ органына беріледі.

Бақылау жабдығы және оның мүмкіндіктері

Осы ұшу маршруты үшін борттық бақылау жабдығы болмаған немесе істен шыққанда N әрпін енгізу немесе жұмысқа жарамды борттық жабдықты және/немесе бақылау мүмкіндігін белгілеу үшін ең көбі 20 белгіден тұратын мынадай сәйкестендіргіштердің біреуін немесе бірнешеуін енгізу.

A және C режимдеріндегі ЕШРЛ:

A – қабылдап жауап беру – A режимі (4 цифр – 4096 код);

C – қабылдап жауап беру – A режимі (4 цифр – 4096 код) және C режимі;

S режиміндегі ЕШРЛ:

E – қабылдап жауап беру – әуе кемесінің тану индексін, барометрлік биіктік туралы деректерді және ұзартылған өздігімен шығаратын сигналды беру мүмкіндігі бар S режимі (ADS-B);

H – қабылдап жауап беру – әуе кемесінің тану индексін, барометрлік биіктік туралы деректерді және жетілдірілген бақылау мүмкіндігін беру мүмкіндігі бар S режимі;

I – қабылдап жауап беру – әуе кемесінің тану индексін беру мүмкіндігі бар, бірақ барометрлік биіктік туралы деректерді беру мүмкіндігі жоқ S режимі;

L – қабылдап жауап беру – әуе кемесінің тану индексін, барометрлік биіктік туралы деректерді, ұзартылған өздігімен шығаратын сигналды беру мүмкіндігі (ADS-B) және жетілдірілген бақылау мүмкіндігі бар S режимі;

P – қабылдап жауап беру – барометрлік биіктік туралы деректерді беру мүмкіндігі бар, бірақ әуе кемесінің тану индексін беру мүмкіндігі жоқ S режимі;

S – қабылдап жауап беру – әуе кемесінің тану индексін және барометрлік биіктік туралы деректерді беру мүмкіндігі бар S режимі;

X – қабылдап жауап беру – әуе кемесінің тану индексін және барометрлік биіктік туралы деректерді беру мүмкіндігі жоқ S режимі.

Автоматты тәуелді радиотарату бақылауы (ADS-B):

Бөлінген 1090 МГц жиіліктегі ADS-B "out" мүмкіндігі бар B1 - ADS-B;

Бөлінген 1090 МГц жиіліктегі ADS-B "out" және "in" мүмкіндіктері бар B2 - ADS-B;

U1 – UAT пайдалану кезіндегі ADS-B "out" мүмкіндігі;

U2 – UAT пайдалану кезіндегі ADS-B "out" және "in" мүмкіндіктері;

V1 – 4 режимді VDL пайдалану кезіндегі ADS-B "out" мүмкіндігі;

V2 – 4 режимді VDL пайдалану кезіндегі ADS-B "out" және "in" мүмкіндіктері.

Келісімшартты автоматты тәуелді бақылау (ADS-C):

FANS 1/A мүмкіндіктері бар D1 - ADS-C;

ATN мүмкіндіктері бар G1 - ADS-C.

Жоғарыда көрсетілмеген әріптік-цифрлық белгілер резервтелген.

Бақылауды қолданудың қосымша түрлерін SUR/белгілер тобынан кейін 18-жолда көрсету қажет.

13-жол. Әуеайлақ және ұшып шығу уақыты (8 белгі)

"Орналасу орнының көрсеткіштері (индекстері)" (Doc 7910) құжатында көрсетілген ұшып шығу әуеайлағының орналасу орны үшін ИКАО-ның төрт әріптік индексін енгізу

Егер орналасу орнының индексі берілмеген болса, ZZZZ енгізу және 18-жолда алдыңғы DEP/белгілер тобынан кейін әуеайлақ атауын немесе орналасу орнын көрсету,

немесе егер әуе кемесі әуеайлақтан ұшып шықпаса, алдыңғы DEP белгілер тобынан кейін маршруттағы бірінші нүктені немесе маркерлік радиомаяқты көрсету.

Ұшу кезінде әуе кемесінің бортынан ұшу жоспарын алған кезде AFIL енгізу және 18-жолда алдыңғы DEP/белгілер тобынан кейін қосымша ұшу жоспары туралы деректерді алуға болатын ӘҚҰ органының орналасу орны үшін ИКАО-ның төрт әріптік көрсеткішін көрсету.

Ұшып шығу алдында берілген ұшу жоспарына қалыптарды жинауды есептеу уақытын енгізу (EOBT) немесе ұшу барысында әуе кемесінен алынған ұшу жоспарына берілген ұшу жоспары жататын маршруттағы бірінші пункт үстінен ұшып өтудің нақты және есептік уақытын енгізу.

15-жол. Маршрут

Мыналарды енгізу:

1) Крейсерлік жылдамдық (ең көбі 5 белгі)

Пайдаланушының таңдауы бойынша көрсетілген ұшудың бірінші немесе барлық крейсерлік учаскесі үшін шынайы әуе жылдамдығын көрсету:

бір сағаттағы километрде – кейіннен төрт цифр жазылған К әрпімен;

тораптарда – кейіннен төрт цифр жазылған N әрпімен;

Маха нақты цифр арқылы, жүздікке дейінгі дәлдікпен – соңынан үш цифр жазылған M әрпімен.

2) Крейсерлік эшелон (ең көбі 5 белгі)

Белгіленген маршруттың бірінші немесе барлық учаскелері үшін алдын ала жоспарланған крейсерлік эшелонды мына түрде көрсету:

кейіннен үш цифры бар F әрпі түрінде көрсетілген ұшу эшелоны;

кейіннен төрт цифры бар S әрпімен көрсетілген ондаған метрдегі ұшу эшелоны;

кейіннен үш цифры бар A әрпімен көрсетілген жүздеген футтағы абсолюттік биіктік

;

кейіннен төрт цифры бар M әрпімен көрсетілген ондаған метрдегі абсолюттік биіктік;

КҰК бойынша бақыланбайтын ұшулар үшін, VFR әріптері.

3) Маршрут (жылдамдықтың өзгеруін, эшелонды және/немесе ұшу қағидаларын қоса алғанда)

ӘҚҚ белгіленген маршруттары бойынша ұшу

Егер ұшып шығу әуеайлағы ӘҚҚ маршрутында орналасса немесе онымен байланысты болса, ӘҚҚ бірінші маршрутының индексін енгізу немесе, егер ұшып шығу әуеайлағы ӘҚҚ маршрутында орналаспаған болса немесе онымен байланысты болмаса, ӘҚҚ маршруты индексінің соңынан келетін келесі ӘҚҚ бірінші маршрутының байланысу пунктін көрсетумен DCT әріптерін енгізу. Кейіннен ұшу

жылдамдығын және/немесе эшелонын өзгертуді бастау жоспарланған немесе ӘҚҚ маршрутын өзгерту және/немесе ұшу қағидаларын өзгерту жоспарланатын әрбір пунктті көрсету.

Егер ӘҚҚ-ның төменгі маршрутынан жоғарғы маршрутына өту жоспарланған болса және маршруттар бір бағытта орналасқан болса, өту нүктесі туралы деректерді енгізу талап етілмейді.

ӘҚҚ маршрутының келесі пункт индексін көрсету (егер ұшу әуеайлақ ауданында жоспарланса (ӘҚҚ маршрутының пункті) – әуеайлақ атауын қайта көрсету (ӘҚҚ маршрутының пунктін), немесе екі пункт те географиялық координаталарымен айқындалғандағынын қоспағанда, егер ұшу келесі пунктке дейін белгіленген маршруттан тыс жерде өтетін болса, рет әріптерін көрсету.

Егер екі пункт те географиялық координаталармен немесе пеленг және қашықтықпен айқындалмаған болса, келесі пункттер арасына DCT әріптерін енгізу.

Төменгі эшелоннан төмен және авиациялық жұмыстарды орындау кезіндегі ұшу 15-жолда мынадай кодталған индекстер қолданылады:

Төменгі эшелоннан төмен ұшуды немесе авиациялық жұмыстар бойынша ұшуды жоспарлау кезінде ФПЛ жолдары 2 ДОС 4444 ИКАО қосымшаның талаптарына сәйкес орыс тілінде кириллица әліпбиі пайдаланылып толтырылады.

ФПЛ бланкісінің "Крейсер эшелоны" деген 15-жолының бөлімін толтырған кезде, ұшу бақыланатын ӘК нағыз биіктікте ұшатыны болжанған жағдайда ұшу биіктігі "И" әрпімен белгіленеді, соңында нағыз биіктікке сәйкес келетін үш сан көрсетіледі, бақыланбайтын ӘК-де "ПВП" белгісі көрсетіледі.

ФПЛ бланкісінің "Бағыт" деген 15-жолының бөлімін толтырған кезде бағыт нүктесінің (атауын) географиялық атауын, М 1:500 000 соңында оның географиялық координаттарын минутына дейінгі дәлдікпен көрсетіп, визуалды ұшулар картасында қолданылатын атауларына сәйкес көрсету қажет.

Егер бағыт нүктесінің географиялық атауы болмаса, онда оның географиялық координаттары 10 секундқа дейінгі дәлдікпен көрсетіледі.

Авиациялық жұмыстар бойынша ұшу жоспарланған жағдайда және жоспарлау кезінде ЕТО есептеу мүмкін болмағанда, 18-жолды толтыру кезінде ЕЕТ көрсету үшін үдемелі уақыттың орнына арнайы "0000" (төрт нөл) белгісі қолданылады. Егер ұшу бірнеше ҰАА арқылы өтсе, шектес ҰАА-на беттеу нүктесі ҰАА арасындағы шекарадан өтетін ұшу бағытының географиялық координаттар нүктесі көрсетіледі.

Ұзақтығы бір сағаттан асатын ұшу бағыттары кезінде бағыт бойынша бір-бірінен алшақ пункттер (нүктелер) әдеттегідей ұшу уақыты бойынша 30 минут бұрын көрсетіледі.

Аралық әуеайлақтарда (алаңдарда) қонған кезде ұшып келген уақыты анықталмағанда және "0" деп белгіленсе, 15-жолдың "бағыт" деген бөлімінде қиғаш тік сызықтан кейін тұрақ уақыты шамамен көрсетіледі.

### ӘҚҚ маршруты (2–7 белгі)

Маршрутқа немесе маршрут учаскесіне белгіленген кодталған индекс, (әуеайлақ ауданында ұшу кезінде қажет болған жағдайда – ұшып шығудың немесе келіп жетудің стандартты маршрутына белгіленген кодталған индекс).

### Негізгі нүкте (2–11 белгі)

Нүктеге берілген кодталған индекс (2–5 белгі) немесе егер кодталған индекс берілмесе, мынадай жолдардың бірі қолданылады:

#### 1) тек қана градустар (7– белгі):

бойлықты градуспен көрсететін үш цифрмен сүйемелденетін N (солтүстік) немесе S (оңтүстік) әрпінен кейін ендікті градуспен көрсететін 2 цифр, олардан кейін E (шығыс) немесе W (батыс) әріптері келеді.

#### 2) Градустар мен минуттар (11– белгі):

бойлықты градуспен, сондай-ақ минут ондықтарымен және бірліктерімен көрсететін 5 цифрдан кейін E (шығыс ендік) немесе W (батыс бойлық) әріптерімен сүйемелденетін ендікті градуспен, сондай-ақ минут ондықтарымен және бірліктерімен көрсететін 4 цифрдан кейін N (солтүстік ендікті білдіретін) немесе S (оңтүстік ендікті білдіретін) әріптері.

#### 3) Негізгі нүкте арасындағы пеленг және қашықтық:

негізгі нүкте белгісінен кейін магниттік меридианға қатысты градустарды көрсететін үш цифр түріндегі осы нүктеден басталатын пеленг жазылады, одан кейін теңіздік мильдерді көрсететін үш цифр түріндегі нүктелерден басталатын қашықтық жазылады.

### Жылдамдық пен эшелонның өзгеруі (ең көбі 21– белгі)

Жылдамдықты өзгертуді бастау (шынайы ауа жылдамдығының 5% немесе Мах цифрының 0,01 немесе одан жоғары) немесе эшелонды өзгерту жоспарланған пункт көрсетілгеннен кейін көлбеу сызықты, крейсерлік жылдамдықты және крейсерлік эшелонды көрсету керек.

### Ұшу қағидаларының өзгеруі (ең көбі 3 – белгі)

Ұшу қағидаларын өзгерту жоспарланған пункт көрсетілгеннен кейін мына белгілердің бірін көрсету:

VFR – АҰҚ-дан КҰҚ-ға ауысу үшін;

IFR – КҰҚ-дан АҰҚ-ға ауысу үшін.

### Крейсерлік режимде биіктік алу (ең көбі 28 – белгі)

Кейіннен бөлетін қисық сызық салумен C әрпін көрсету; кейіннен бөлетін қисық сызық салумен крейсерлік режимде биіктік алу жоспарланған пункт; крейсерлік режимде биіктік алу кезінде орналасқан атмосфералық қабатты айқындайтын кейінгі екі эшелонмен, крейсерлік режимде биіктік алу кезінде сақталатын жылдамдық; немесе арасында интервал жоқ, PLUS әріптерімен сүйемелденетін, одан жоғары биіктікті крейсерлік режимде алу жоспарланған эшелон.

16-жол. Межелі әуеайлақ пен жалпы есептік өткен уақыт, межелі пункттегі қосалқы әуеайлақ(тар) Межелі әуеайлақ пен жалпы есептік өткен уақыт (8 белгі)

Межелі әуеайлақтың орналасқан жері үшін "Орналасу орны көрсеткіштері (индекстері)" ИКАО құжатында (Doc 7910) көрсетілген ИКАО төрт әріптік индексін енгізу немесе орналасу орны индексі берілмесе, ZZZZ енгізіп, 18-жолда DEST/алдыңғы белгілер тобымен әуеайлақ атауын немесе орналасқан жерін көрсету; аралықсыз жалпы есепті өткен уақытты көрсету.

Ұшуда әуе кемесінен алынған ұшу жоспарына қатысты жалпы есептік өткен уақыт осы ұшу жоспары жататын маршруттың бірінші пунктінен ұшу жоспарында көрсетілген соңғы пункте дейінгі есептік уақыт болып табылады.

Межелі пункттің қосалқы әуеайлағы (әуеайлақтары)

ИКАО-ның "Орналасу орны көрсеткіштері (индекстері)" құжатында (Doc 7910) көрсетілген екіден аспайтын қосалқы әуеайлақтың орналасуының төрт әріптік ИКАО индексін (индекстерін) енгізу, оларды аралықпен бөлу немесе, егер орналасу орны индексі межелі пункттің қосалқы әуеайлағына (әуеайлақтарына) алдын ала жазылмаған болса, ZZZZ белгісін қойып, 18-жолда ALTN/алдыңғы белгілер тобымен межелі пункттің қосалқы әуеайлағының (әуеайлақтарының) атауы мен орналасу орнын көрсету қажет.

18-жол. Өзге де ақпарат

Мыналарды енгізу:

өзге ақпарат болмаса, 0 (нөл);

мынадай реттілікпен басқа қажетті ақпаратты (тиісті индекс түрінде) (егер ол қолданылса):

STS/ - ӘҚҰ органдары тарапынан ерекше назар аударуды талап ететін ұшудың осы Қағидаларға 4-қосымшада көрсетілген мақсаттары мен шартты белгілері (литерлері);

ӘҚҚ органы тарапынан ерекше көңіл бөлуді талап ететін басқа ақпарат STS/ индексінен кейін көрсетіледі.

PBN/ - RNAV және/немесе RNP мүмкіндіктерін көрсету. Осы ұшуға қатысы бар, осы Қағидаларға 5-қосымшада көрсетілген төмендегі дескрипторларды (8 элементтен немесе қосындысында 16 белгіден аспайтын) қамтиды.

NAV/ - PBN/-да көрсетілгендерді қоспағанда, навигациялық жабдықтың GNSS функционалдық қосымшасына қатысты негізгі деректері.

COM/ - байланысты қолдану түрлерін немесе 10-жолда көрселмеген мүмкіндіктерді көрсету.

DAT/ - деректерді қолдану түрлерін немесе 10-жолда айтылмаған мүмкіндіктерді көрсету.

SUR/ - бақылауды қолдану түрлерін немесе 10-жолда айтылмаған мүмкіндіктерді көрсету.

DEP/ - егер 13-жолға ZZZZ енгізілген болса, ұшып шығу әуеайлағының не, егер 13-жолға AFIL енгізілген болса, қосымша ұшу жоспары туралы деректер алынуы мүмкін ӘҚҰ органының атауы мен орналасу орны. Аэронавигациялық ақпарат құжаттарында көрсетілмеген әуеайлақтар үшін соңынан N (солтүстік) немесе S (оңтүстік) әріптерін жазумен градуспен және ондықпен және минут бірліктерімен ендікті білдіретін 4 цифрмен, оның соңынан E (шығыс) немесе W (батыс) әрпі келетін, градуспен және ондықпен және минут бірліктерімен ендікті білдіретін бойлықты көрсететін бес цифрмен сүйемелденетін оның орналасу орнын көрсету.

DEST/ - егер 16-жолда ZZZZ енгізілген болса, ұшып баратын әуеайлақтың атауы мен орналасу орны. Тиісті аэронавигациялық ақпарат жинағында атап көрсетілмеген әуеайлақтар үшін олардың орналасу орнын көрсету.

DOF/ - әуе кемесінің алты цифр форматындағы ұшып шығу күні (YYMMDD, ондағы YY – жыл, MM – ай және DD – күн).

REG/ - егер олар 7-жолдағы әуе кемесінің тану индексінен басқа болса, әуе кемесінің ұлттық және тіркеу белгісі.

EET/ - ҰАА шекараларының негізгі нүктелері немесе индекстері және ұшып көтерілу сәтінен бастап осындай ҰАА нүктелері немесе шекараларына дейінгі үдемелі есептік өткен уақыт.

SEL/ - тиісті жабдығы бар әуе кемелері үшін SELCAL коды.

TYR/ - алдында қажет болғанда әуе кемелері цифры аралықсыз көрсетілетін және, егер 9-жолға ZZZZ енгізілсе, аралық арқылы әуе кеме (кемелері) түрі (түрлері).

CODE/ - әуе кемесінің мекенжайы (6 он алтылық саннан тұратын әріптік-цифрлық код нысанында көрсетілген).

DLE/ - маршрутта кешігу немесе күту; уақыттың төрт цифрдан тұратын форматын (hhmm) қолданумен кешігудің сағат және минутпен көрсетілген кешігу ұзақтығын кейіннен көрсетумен кешігу болжанған маршруттағы негізгі нүктені (нүктелерді) көрсету.

OPR/ - егер 7-жолдағы әуе кемесінің тану индексінен өзгеше болса, ИКАО индексі немесе пайдаланушының атауы.

ORGN/ - ұшу жоспарын жасаушыны бірден айқындау мүмкін болмаса, жоспарды жасаушының сегіз әріптік AFTN мекенжайы немесе басқа тиісті байланысу ақпараты.

PER/ – ӘҚҰ-ның тиісті өкілетті органы ұйғарған болса, "Аэронавигациялық қызмет көрсету қағидалары. Әуе кемелерінің ұшуларын жүргізу" (PANSOPS, Doc 8168) құжатының "Ұшуларды орындау қағидаларының" I томында айқындалған, бір әріппен көрсетілетін әуе кемесінің ұшу-техникалық деректері;

ALTN/ - егер 16-жолда ZZZZ енгізілген болса, ұшып баратын қосалқы әуеайлақтың (әуеайлақтардың) атауы. Тиісті аэронавигациялық ақпарат жинағында көрсетілмеген әуеайлақтар үшін олардың орналасқан жерін көрсету.

RALT/ - "Орналасу орны көрсеткіштері (индекстері)" құжатында (Doc 7910) көрсетілген маршруттағы қосалқы әуеайлақтың (әуеайлақтардың) төрт әріптік көрсеткіші (көрсеткіштері) немесе егер индекс берілмеген болса, маршруттағы қосалқы әуеайлақтардың атауы (атаулары). Тиісті аэронавигациялық ақпарат жинағында көрсетілмеген әуеайлақтар үшін олардың орналасқан жерін көрсету.

TALT/ - "Орналасу орны көрсеткіштері (индекстері)" құжатында (Doc 7910) көрсетілген ұшып көтерілу кезіндегі қосалқы әуеайлақтың төрт әріптік индексі (индекстері) немесе егер индекс берілмеген болса, ұшып көтерілу кезіндегі қосалқы әуеайлақтың атауы. Тиісті аэронавигациялық ақпарат жинағында көрсетілмеген әуеайлақтар үшін.

RIF/ - соңынан әуеайлақ орналасқан жердің ИКАО-да қабылданған төрт әріптік индексі қойылатын, қайта қаралған (өзгертілген) ұшып бару әуеайлағына апаратын маршрут туралы мәліметтер. Қайта қаралған маршрутты пайдалану үшін ұшуға жаңа диспетчерлік рұқсат алу керек.

RMK/ - ӘҚҰ мақсаттары үшін қажетті ашық мәтінмен берілген кез келген басқа ескертулер.

18-жолда басқа индекстерді пайдалануға жол берілмейді.

19-жол. Қосымша ақпарат

Отын қоры

E/ - ден кейін сағат және минутпен көрсетілген ұшу уақыты бойынша отын қорын білдіретін төрт цифрдан тұратын топты енгізу.

Борттағы адамдар саны

P/-дан кейін борттағы адамдардың (жолаушылар мен экипаж) жалпы санын көрсету. Егер адамдардың жалпы саны ұшу жоспарын беру кезінде белгісіз болса, TBN (хабарлануға тиіс) әріптерін қою.

Авариялық-құтқару жабдығы

R/ - (радиожабдық). 243,0 МГц жиілігінде ӨЖЖ байланыс жоқ болса, U әрпін сызып тастау. Егер 121,5 МГц жиілігінде ӨЖЖ байланыс жоқ болса, V әрпін сызып тастау. Егер борттық авариялық радиомаяк (ELT) жоқ болса, E әрпін сызып тастау.

S/ - (құтқару жабдығы). Егер бортта құтқару жабдығы жоқ болса, барлық индекстерді сызып тастау. Егер бортта полярлық құтқару жабдығы жоқ болса, P әрпін сызып тастау. Егер бортта шөл далаға арналған құтқару жабдығы жоқ болса, D әрпін сызып тастау. Егер бортта теңізде құтқару жабдығы жоқ болса, M әрпін сызып тастау. Егер бортта құрайттарға арналған құтқару жабдығы жоқ болса, J әрпін сызып тастау.

J/ - (құтқару кеудешелері). Егер бортта құтқару кеудешелері жоқ болса, барлық индекстерді сызып тастау. Егер құтқару кеудешелері жарық беру көздерімен жарақталмаса, L әрпін сызып тастау. Егер құтқару кеудешелерінің флуоресцентті

жабындары болмаса, F әрпін сызып тастау. Егер құтқару кеудешелері радиоқұралдармен жарақталған болса, олардың радиожарақталуын көрсету үшін U әрпін немесе V әрпін, R/ жолында және одан жоғары сызып тастау.

D/ - (қайықтар) (саны). Егер бортта құтқару қайықтары жоқ болса, D және C индекстерін сызып тастау немесе борттағы құтқару қайықтарының санын көрсету;

(сыйымдылығы) – борттағы барлық құтқару қайықтарының жалпы сыйымдылығын (орын санын) көрсету;

(жабу) – егер қайықтар ашық болса, C индексін сызып тастау.

(түсі) – егер бортта бар болса, қайықтардың түсін көрсету.

A/ (әуе кемесінің түсі және белгілері) - әуе кемесінің түсін және оның негізгі белгілерін көрсету.

N/ (ескертпелер) – егер ескертпелер жоқ болса, N индексін сызып тастау немесе борттағы бар басқа құтқару жабдығын көрсету және құтқару жабдығына қатысты басқа ескертпелерді енгізу.

C/ (пилот) - әуе кемесі командирінің тегін көрсету.

3. Ұшу жоспарын ұсынатын адам туралы мәліметтер

Ұшу жоспарын ұсынған мемлекеттік органды, жеке немесе заңды тұлғаны көрсету.

4. Ұшу жоспарын қабылдау

Ұшу жоспары туралы хабарлама (ФПЛ) берілгеннен кейін 30 минуттың ішінде ұшу жоспарының бекітілгені туралы (ППН) хабарлама болмаған кезде, ол ӘҚЖ БО (ӘҚҰ БО) ұшу жоспарын қабылдағанын білдіреді.

5. Ұсынылған ұшу жоспарына қатысты хабарламаны беру тәртібі (FPL)

Форматқа қатысты айқын қателерді және (немесе) жіберілген қателерді түзету.

Өзгесі көзделмеген болса, мынадай тармақтар беріледі:

1) 3-жолдың алдындағы штрихпен белгіленген жолдарда көрсетілген тармақтар;

2) <<

≡

(FPL 3-жол: белгіге дейінгі штрихпен белгіленбеген бағандардағы барлық символдар мен деректер) белгісінен бастап 18-жолдың соңындағы <<

≡

белгісіне дейінгі тармақтар.

19-жолда толтырылған тармақтар ӘҚҰ органының сұрау салуы бойынша ғана жіберіледі.

3) Хабарлама соңының сигналы - N әрпі төрт рет қайталанады.

**Қайталанатын ұшу жоспары (RPL) бланкісінің үлгісі \***

Ескерту. Қағида 7-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 30.12.2013 № 1429 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.04.2023 № 294 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

ҚАЙТАЛАНАТЫН ҰШУ ЖОСПАРЛАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІ															
А. Пайдаланушы										В. Адресат (адресаттар)			С. Ұшып шығу (әуеайлағы (әуеайлақтары) вылета)		
Н	І	Ж	К							Л	М	Н	О		
+			Ұшу күндері								ӘК түрі және іздің турбуленттілігі санаты (9-жол)	Әуеайлақ және ұшып шығу уақыты (13-жол)	Маршруты (15-жол) крейсерлік		
-	Жжк каа бастап жарамды	Жжккаа дейін жарамды	1	2	3	4	5	6	7	ӘК-нің тануінде ксі (7-жол)		Жыл дамығы	Әшел он	Маршрут	

**Кестенің жалғасы**

ҚАЙТАЛАНАТЫН ҰШУ ЖОСПАРЛАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІ		
D Күні		E Сериялық нөмірі N
F Беті		
G. Қосымша деректер (19-жол) В:		
P	Q	
Ұшып баратын әуеайлақ және жалпы есептік өткен уақыт (16-жол)	Ескертпе	

\* Ескертпе:

**1. Қайталанатын ұшу жоспарының (RPL) бланкісін толтыру**

ҚҰЖ (FPL нысанындағы І ұшу қағидалары) бойынша орындалатын ұшу жоспарларын ғана атап өту. Барлық әуе кемелерінің тұрақты ұшуды (FPL форматтағы S ұшу түрі) орындайтындығы болжануда, олай болмаған жағдайда, Q (ескертпе) бағанына тиісті түсініктемені енгізу. Ұшуды RPL-ға сәйкес орындайтын барлық әуе кемелерінің А және С режимдерінде 4096 кодтарын қолданатын қабылдап жауап бергіштермен жабдықталғаны болжануда. Олай болмаған жағдайда, Q (ескертпе) бағанына тиісті түсініктемені енгізу.

Ұшу жоспарларын ұшып шығу әуеайлақтарының орналасқан орнының индекстері бойынша әліпби тәртібінде санамалау.

Ұшу жоспарларын әрбір ұшып шығу әуеайлағына қатысты қалыптарды тазалаудың есептеу уақыты бойынша хронологиялық тәртіппен санамалау.

Барлық жағдайларда уақытта UTC төрт цифрмен (үйлестірілген бүкіл әлемдік уақыт) көрсету. Барлық жағдайларда өткен есептік уақытты төрт цифрмен (сағаттар мен минуттар) көрсету.

Деректерді ұшудың әр учаскесі үшін бір немесе одан да көп кідірістерімен жеке жолға енгізу.

Беттердің нөмірі мен берілген беттердің жалпы санын көрсету арқылы беттерді белгілеу.

O және Q бағандарындағы бір жолда бөлінген орын жеткіліксіз болған жағдайда, кез келген RPL үшін қосымша жолдарды (біріншіден басқа) қолдану.

## 2. Ұшуды тоқтату

Барлық басқа бағандарда қамтылатын, тоқтатылған ұшу туралы деректердің алдындағы H бағанына минус белгісін қою;

Барлық өзге бағандардағы тоқтатылған ұшу туралы деректерді өзгеріссіз қалдыра отырып, H бағанындағы плюс белгісімен белгіленген жазбаны және J бағанындағы соңғы ұшу күнін енгізу.

## 3. Ұшу туралы деректерді өзгерту

### 1.2-тармақта көрсетілгендей етіп алып тастауды жүргізу;

I және J бағандарындағы жоспар(лар)дың жарамдылық мерзіміне қатысты жаңа деректерді қоса алғанда, тиісті бағандардағы деректердің қажеттілігіне қарай өзгертілген ұшудың жаңа жоспар (-лар) (-ының) деректері қамтылатын үшінші жазбаны енгізу.

## 4. RPL деректерін енгізу

A–Q бағандарын мынадай талаптарға сәйкес толтыру:

A бағаны (пайдаланушы) – пайдаланушының атауын көрсету;

B бағаны (адресат (тар)) – осы ұшу бағытына жататын, қайталанатын ұшу жоспарларын ҰАА-ға қатысты қолдану үшін мемлекет тағайындаған мекемелерінің атау (лар) (-ын) көрсету;

C бағаны (ұшып шығу әуеайлағы (тары) - ұшып шығу әуеайлағы (тары)ның орналасқан орнының индекстерін қою;

D бағаны (күні) - ұсынылған тізбенің әр бетіне 6 цифрдан тұратын топ арқылы тізбе ұсынған күнді (жыл, ай, күн) көрсету;

E бағаны (сериялық нөмір) – көрсетілген жыл (әр жаңа жылдың 1 санынан басталатын) үшін тізбе ұсынылған жылдың соңғы екі цифры, сызықша және сериялық номер енгізілетін, ұсынылған тізбенің сериялық нөмірін көрсету, 2 сан;

F бағаны (беті) – бет нөмірі мен ұсынылған беттердің жалпы санын көрсету;

G бағаны (B қосымша деректері) - ұшу жоспарының (ФПЛ) 19-жолына сәйкес ұсынылатын ақпарат қамтылған органның атауы мен тиісті байланыс ақпаратын көрсету;

H бағаны (жазба түрі) - тізбеден алынуға тиісті әрбір ұшу жоспарына қатысты минус (-) белгісін қою. Әрбір бастапқы тізбеге қатысты, ал кейіннен ұсынғанда – бұрынғы ұсынылғанда аталмаған әрбір ұшу жоспарына қатысты (+) белгісін қою.

Ескертпе. Бұрынғы берілген уақыттан бастап өзгеріссіз қалатын, кез келген ұшу жоспарына қатысты бұл бағанда ешқандай ақпарат көрсету талап етілмейді;

I бағаны (бастап жарамды) – осы ұшуды орындауды бастау уақыты жоспарланған күнді (жыл, ай, күн) көрсету;

J бағаны (дейін жарамды) – егер жарамдылық мерзімі белгісіз болса, ұшу тізбесіне немесе UFN (келесі хабарламаға дейін) енгізілген, орындауды аяқтау жоспарланған күнді (жыл, ай, күн) көрсету;

K бағаны (ұшу күндері) – аптаның күніне сәйкес келетін сан қажетті шағын бағанға қойылады:

дүйсенбі – 1;

сейсенбі – 2;

сәрсенбі – 3;

бейсенбі – 4;

жұма – 5;

сенбі – 6;

жексенбі – 7.

Ұшу көзделмеген кезде әр күннің қажетті бағанына 0 қою.

L бағаны (әуе кемесінің тану индексі (ИКАО ұшу жоспарының 7-тармағы) – осы ұшуға қолданылатын әуе кемесінің тану индексін қою;

M бағаны (әуе кемесінің түрі мен турбуленттілік санаты) (ИКАО ұшу жоспарының 9-тармағы)) – "Әуе кемелері түрлерінің шартты белгілері" ИКАО Doc 8643 құжатында көрсетілген, ИКАО тиісті шартты белгілерін қою.

N, M немесе L тиісті индекстерін қою:

J - аса ауыр, Doc 8643 "Әуе кемелері үлгілерінің шартты белгілері" құжатында осыған ұқсас айқындалған әуе кемесінің үлгісін көрсету үшін;

H - Doc 8643 құжатында аса ауыр (J) санатында санамаланған әуе кемелерінің типтерін қоспағанда ең жоғарғы сертификатталған ұшу салмағы 136 000 немесе одан жоғары әуе кемелерінің түрін көрсету үшін;

M - ең жоғарғы сертификатталған ұшу салмағы 136 000 кг кем, бірақ 7000 кг артық әуе кемелерінің түрін көрсету үшін орташа;

L - ең жоғарғы сертификатталған ұшу салмағы 7 000 кг немесе одан кем әуе кемелерінің түрін көрсету үшін жеңіл.

N бағаны (әуеайлақ және ұшып шығу уақыты (ИКАО ұшу жоспарының 13-жолы)) – ұшып шығу әуеайлағы орналасқан орнының индексін қою. Әуе кемесі ұшып шығуға байланысты қозғала бастаған кезде калыптарды жинау уақытын, яғни есептеу уақытын қою.

O бағаны (маршруты (ИКАО ұшу жоспарының 15-жолы)):

1) Крейсерлік жылдамдық – бірінші немесе барлық крейсерлік ұшу учаскесіне арналған шынайы ауа жылдамдығын көрсету.

2) Крейсерлік эшелон – маршрут бойынша бірінші немесе барлық ұшу учаскесіне арналған жоспарланған крейсерлік эшелонды көрсету.

3) Маршрут – бүкіл маршрут туралы деректерді қою.

P бағаны (ұшып баратын әуеайлақ және жалпы есептік өткен уақыт (Ұшу жоспарының 16-жолы)) – ұшып баратын әуеайлақтың орналасқан орнының индексін қою. Жалпы есептік өткен уақытты көрсету.

Q бағаны (ескертпелер) - ӘҚҰ органдары тарапынан (ұшу жоспарының 18-жолы) ерекше назар аударуды талап ететін деректерді енгізу.

Қазақстан Республикасының  
әуе кеңістігін пайдалану  
қағидаларына  
7-1-қосымша

**Пилотсыз авиациялық жүйелерді қолдана отырып ұшуларды орындау үшін әуе кеңістігін пайдалануға арналған өтінім нысаны**

**Ескерту. Қағидалар 7-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 13.04.2023 № 294 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Жол №	Ақпарат	Белгілеу	Сипаттама бөлігі
1.	Хабарлама түрі	UASRQT – (6 танысу) Пилотсыз авиациялық жүйелермен әуе кеңістігін пайдалануға арналған өтінім	6 белгі
2.	Пилотсыз әуе кемесінің тіркеу немесе есептік нөмірі (борттық нөмірі) / сериялық нөмірі	Мысал: Q2M0044	7 белгі латын әріптері Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымда есепке қою немесе тіркеу кезінде алынған тіркеу немесе есептік нөмір енгізіледі/ мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті ұйымда. Эксперименталдық авиацияға арналған ПӘК

			сериялық нөмірінің соңғы 7 (жеті) саны көрсетіледі
3.	Авиация түрі және ұшу мақсаты	1) С, М, Е 2) АW, PR, DM, TR, GR, SP, TS, HZ	<p>1 белгі</p> <p>Авиация түрі: С – азаматтық авиация қолданушыларының (пайдаланушыларының) ПАЖ үшін;</p> <p>М – мемлекеттік авиацияны қолданушылар (пайдаланушылар) үшін;</p> <p>Е – эксперименттік авиацияны қолданушылар (пайдаланушылар) үшін.</p> <p>2 белгі</p> <p>Ұшу мақсаты:</p> <p>Азаматтық авиация үшін келесі ұшу мақсаттарының бірі пайдаланылуы мүмкін:</p> <p>АW – авиациялық жұмыстар;</p> <p>PR – жеке мақсаттар;</p> <p>DM – демонстрациялық ұшу;</p> <p>TR – оқу-жаттығу ұшуы;</p> <p>GR – топтық ұшу;</p> <p>Мемлекеттік авиация үшін мынадай ұшу мақсаттарының бірі пайдаланылуы мүмкін:</p> <p>АW – авиациялық жұмыстар;</p> <p>SP – арнайы ұшу;</p> <p>DM – демонстрациялық ұшу;</p> <p>TR – оқу-жаттығу ұшуы;</p> <p>GR – топтық ұшу;</p> <p>TS – сынақ ұшуы;</p> <p>HZ – қауіпті жүктерді тасымалдау.</p> <p>Эксперименттік авиацияны пайдаланушылар үшін келесі ұшу мақсаттарының бірін пайдалануға болады:</p> <p>TS – сынақ ұшуы.</p>
			2 белгі

4.	Ұшу түрі және басқару арнасының түрі (ПӘК – ҚБП байланыс желілері)	1) V немесе BV; 2) R немесе BR;	<p>Ұшу түрі: V - ПӘК ұшуларын тікелей көріну шегінде орындау кезінде (VLOS); BV – көріну сызығынан тыс ұшуларды орындау кезінде (BVLOS).</p> <p>Басқару арнасының түрі (ҰӘК – ҚБП байланыс желілері): R – ПӘК ұшуларын радиобайланыс шегінде орындау кезінде (RLOS); BR – ПӘК ұшуларын радиобайланыс шегінен тыс орындау кезінде (BRLOS).</p> <p>Ескертпе: азаматтық және эксперименттік авиацияның пилотсыз авиациялық жүйелерін қолдана отырып, көру сызығының (BVLOS) және радио көрінбейтін басқару түрінің (BRLOS) артында ұшуға тыйым салынады.</p>
5.	Пилотсыз авиациялық жүйе конструкциясының түрі және ПӘК саны	1) A, H, M және X 2) 1....1000	<p>1) 1 белгі Құрылымның түрін көрсету үшін мынадай белгі қолданылады: A – ұшақ; H – тікұшақ; M – көп роторлы; X – гибридті.</p> <p>2) 4 белгі Бір пилотсыз авиациялық жүйеге (ПАЖ) кіретін пилотсыз әуе кемелерінің (ПӘК) саны көрсетіледі немесе, - Бір миссия шеңберінде ұшуларды орындау кезінде бір пайдаланушының бір пилотсыз әуе кемесі (ПӘК) бар пилотсыз авиациялық жүйелердің (ПАЖ) саны.</p>
			<p>4 белгі Ең жоғары ұшу массасы көрсетіледі:</p>

6.	Максималды ұшу массасы (МТОМ)	0....9999	<p>- МТОМ 0,25 кг кем барлық ПӘК үшін 0 көрсетіледі;</p> <p>- МТОМ 0,25 және одан жоғары кг-нан 1 кг-ға дейінгі барлық ПӘК үшін 1 көрсетіледі;</p> <p>- 1 кг және одан жоғары МТОМ бар барлық ПӘК үшін 9999 кг дейін бүтін санға дейін үлкен жаққа дөңгелектей отырып, МТОМ көрсетіледі</p>
7.	Ұшу орнының координаттары	географиялық координаттар	<p>Дәрежелер мен минуттар (11 белгі):</p> <p>4 ендікті градуспен, сондай-ақ ондаған және минуттық бірліктермен, содан кейін N әрпімен (солтүстік ендікті білдіреді) немесе S (оңтүстік ендік), одан кейін бойлықты градуспен көрсететін 5 цифрмен, сондай-ақ е әрпімен (шығыс бойлық) немесе W (Батыс бойлық)</p>
8.	Қону орнының координаттары	географиялық координаттар	<p>Дәрежелер мен минуттар (11 белгі):</p> <p>4 ендікті градуспен, сондай-ақ ондаған және минуттық бірліктермен, содан кейін N әрпімен (солтүстік ендікті білдіреді) немесе S (оңтүстік ендік), одан кейін бойлықты градуспен көрсететін 5 цифрмен, сондай-ақ е әрпімен (шығыс бойлық) немесе W (батыс бойлық)</p>
			<p>Белгілердің саны шектелмейді.</p> <p>Маршрут бойынша ұшуды/ұшуды орындау кезінде маршруттың басталу нүктесінің, маршруттың бұрылу нүктелерінің және келу нүктесінің географиялық координаттары көрсетіледі.</p>

9.	Ұшуды/ұшуды орындау орны	географиялық координаттар	Егер бірнеше маршруттар бойынша ұшуды орындау жоспарланса, маршруттың нөмірін көрсете отырып, әрбір маршрут жеке көрсетіледі. Авиациялық жұмыстарды орындау кезінде координаттармен шектелген ауданда ауданның географиялық координаттары (тік төртбұрыштың координаттары немесе радиусы) көрсетіледі.
10.	Ұшу кезіндегі максималды биіктік пен жылдамдық	1) шынайы биіктік; 2) км/сағ	1) 5 белгі Жоспарланған ұшудың жер бетіне қатысты ең жоғары биіктігі (шынайы биіктігі) М әрпімен, одан кейінгі төрт цифрмен көрсетілген ондаған метрмен көрсетіледі; 2) 4 белгі Жоспарланған ұшуды сағатына километрмен орындау кезінде келесі үш цифрмен К әрпімен көрсетілген ең жоғары жол жылдамдығы көрсетіледі.
11.	Ұшудың басталу және аяқталу күні / жоспарланған уақыты	Күнтізбелік күн және жергілікті уақыт	6 белгі/4 белгі - 4 белгі Жоспарланған ұшу күні алты цифрдан тұратын форматта көрсетіледі (DDMMYY, мұндағы DD – күн, MM – ай, YY – жыл) кейін "/" қиғаш сызық қойылады және төрт цифрмен көрсетілген ұшудың басталуының жергілікті уақыты, содан кейін сызықша және төрт цифрмен (0100-0500) көрсетілген ұшудың аяқталу уақыты көрсетіледі.
			ПАЖ моделі, пайдаланушы (аты-жөні-егер жеке тұлға, пайдаланушының

12.	Қосымша ақпарат	Мәтін жол	атауы-егер заңды тұлға), сыртқы пилот /ПАЖ операторының аты-жөні, ПАЖ қолдана отырып авиациялық жұмыстарға рұқсат нөмірі немесе қалалардың немесе кенттердің халық тығыз қоныстанған аудандарында ұшуларды орындауға рұқсат нөмірі немесе 1 санаттағы ПАЖ операторы сертификатының нөмірі, ПӘК сериялық нөмірі, жабдықтың саны мен түрі пайдалы жүктеме, ұшу кезіндегі ерекшеліктер, байланыс нөмірі.
-----	-----------------	-----------	---

Қазақстан Республикасының  
әуе кеңістігін пайдалану  
қағидаларына  
7-2-қосымша

**Ұшу орны мен түріне байланысты пилотсыз авиациялық жүйелерді қолдана отырып ұшуға арналған метеорологиялық минимумдар**

**Ескерту. Қағидалар 7-2-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 13.04.2023 № 294 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Жер бедері	ПӘК ұшуының минималды метеорологиялық жағдайлары			
	БЖТШ жер бедерінің ең биік нүктесінен жоғары , м (футтар)			Көріну, м
	Ұшу түрі			
	VLOS	BVLOS	VLOS	BVLOS
Жазық және таулы (су беті)	300 (1000)	300 (1000)	2000	5000
Теңіз деңгейінен таулы (биіктігі 2000м дейін)	300 (1000)	400 (1300)	2000	5000
Теңіз деңгейінен таулы (биіктігі 2000м және одан жоғары)	300 (1000)	700 (2300)	5000	8000

\* Белгіленген метеорологиялық минимумдарды сақтамай, пилотсыз авиациялық жүйелерді қолдана отырып ұшуларды орындау қажеттілігі туындаған кезде бұл ұшулар осы Қағидалардың 144-тармағына сәйкес әуе қозғалысын басқару орталықтары қысқа мерзімді шектеулер енгізген жағдайда ғана орындалады.

Қазақстан Республикасының  
әуе кеңістігін пайдалану  
қағидаларына  
8-қосымша

**Ұшуды орындау және қамтамасыз ету мақсатында қолданылатын өлшем бірліктері**

**Ескерту. Қағидалар 8-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 19.10.2017 № 650 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Р/с №	Шама	Негізгі өлшем бірлігі	СИ жүйесіне кірмейтін баламалы бірлік (белгісі)
1	2	3	4
Бағыт/кеңістік/уақыт			
1	Абсолюттік биіктік	метр (м)	фут
2	Аумақ	шаршы метр (м <sup>2</sup> )	
3	Үлкен қашықтық	километр (км)	м. миля
4	Қысқа қашықтық	метр (м)	
5	Асыру	метр (м)	фут
6	Ұзақтық	сағат және минут (сағ. және мин)	
7	Салыстырмалы биіктік	метр (м)	фут
8	Ендік	градус, минут, секунд (о ' ")	
9	Ұзындық	метр (м)	
10	Ұзақтық	градус, минут, секунд (о ' ")	
11	Жазық бұрыш (қажет болған жағдайда ондық градус бөліктері қолданылады)	градус (о)	
12	ҰҚЖ ұзындығы	метр (м)	
13	ҰҚЖ көрінісінің ұзақтығы	метр (м)	
14	Бактар сыйымдылығы (әуе кемесі)	литр (л)	
15	Уақыт	секунд, минут, сағат, тәулік, апта, ай, жыл	
16	Көрінім	метр (м), километр (км)	
17	Көлемі	текше метр (м <sup>3</sup> )	
18	Желдің бағыты	Нақты градуспен беріледі ; ұшу және қону үшін желдің бағыты магниттік градуспен белгіленеді	
2. Салмақты білдіретін бірліктер			

1	Жүк сыйымдылығы	килограмм (кг)	
2	Жүкті орналастыру тығыздығы	килограмм текше метр ( $\text{кг}/\text{м}^3$ )	
3	Тығыздық (массалық тығыздық)	килограмм текше метр ( $\text{кг}/\text{м}^3$ )	
4	Отын қоры (гравиметрлік)	килограмм (кг)	
5	Газ тығыздығы	килограмм текше метр ( $\text{кг}/\text{м}^3$ )	
6	Жалпы салмағы немесе пайдалы жүктелім	килограмм (кг)	
7	Көтергіш тетіктер	килограмм (кг)	
8	Сызықтық тығыздық	килограмм метр ( $\text{кг}/\text{м}$ )	
9	Сұйықтық тығыздығы	килограмм текше метр ( $\text{кг}/\text{м}^3$ )	
10	Салмағы	килограмм (кг)	
11	Инерция сәті	килограмм – шаршы метр ( $\text{кг}\cdot\text{м}^2$ )	
12	Қозғалыс санының сәті (импульс сәті)	килограмм – шаршы метр секундына ( $\text{кг}\cdot\text{м}^2/\text{сек}$ )	
13	Қозғалыс саны (импульс)	килограмм - шаршы метр секундына ( $\text{кг}\cdot\text{м}^2/\text{сек}$ )	
3. Күшті білдіретін бірліктер			
1	Ауа қысымы (жалпы)	килопаскаль (кПа)	Сынап бағанасы миллиметрі (сн. бғ.мм.), миллибар (Мбар)
2	Биіктік өлшегішті орнату	гектопаскаль (гПа)	Сынап бағанасы миллиметрі ((сн. бғ.мм.), миллибар (Мбар)
3	Атмосфералық қысым	гектопаскаль (гПа)	сынап бағанасы миллиметрі ((сн. бғ.мм.), миллибар (Мбар)
4	Иілу кезі	килоньютон метр ( $\text{кН}\cdot\text{м}$ )	
5	Күш	ньютон	
6	Отын беру жүйесіндегі қысым	килопаскаль (кПа)	Килограмм шаршы метр ( $\text{кг}/\text{см}^2$ )
7	Гидравликалық қысым	килопаскаль (кПа)	
8	Серпінділік модулі	мегапаскаль (Мпа)	
9	Қысым	килопаскаль (кПа)	
10	Кернеу	мегапаскаль (Мпа)	
11	Үстіңгі керіліс	меганьютон метріне ( $\text{мН}/\text{м}$ )	

12	Тартылыс	килоньютон (кН)	кг
13	Айналым сәті	ньютон – метр (Н*м)	
14	Ажырап кетуі	паскаль (Па)	
4. Механика			
1	Әуе жылдамдығы	Километр сағатына (км/ч)	уз
2	Бұрыштық үдеткіш	радиан секундына шаршыда (рад/с <sup>2</sup> )	
3	Бұрыштық жылдамдық	радиан секундына (рад/с)	
4	Энергия немесе жұмыс	джоуль (Дж)	
5	Біліктегі баламалық қуат	киловатт (кВт)	
6	Жиілік	герц (Гц)	
7	Жол жылдамдығы	километр сағатына (км/ч)	уз
8	Күшті жүктелім	джоуль шаршы метрге (Дж/м <sup>2</sup> )	
9	Тежегішпен шектелетін кинетикалық энергия	мегаджоуль (МДж)	
10	Желілік жылдамдық	метр секундына шаршыда (м/с <sup>2</sup> )	
11	Қуат	киловатт (кВт)	
12	Тенгерілу жылдамдығы	градус секундына(о/с)	
13	Біліктегі қуат	киловатт (кВт)	
14	Жылдамдық	метр секундына (м/с)	
15	Тік жылдамдық	метр секундына (м/с)	
16	Жел жылдамдығы	километр сағатына	
5. Шығыс			
1	Қозғалтқыш арқылы ауа шығысы	килограмм секундына (кг /с)	
2	Қозғалтқышқа су беру	килограмм сағатына (кг/ сағ.)	
3	Отын шығысы (шекті) піспек қозғалтқыштар Құбыр бұрандалы Қозғалтқыштар Реактивті қозғалтқыштар	килограмм киловатқа-сағ. (кг/(кВт *сағ.)) килограмм киловатқа-сағ. (кг/(кВт *сағ.)) ки л о г р а м м килоньютонға-сағ. (кг/( кН *сағ))	
4	Отын шығысы	килограмм сағатына (кг/ сағ.)	
5	Бақтар толымдығының жылдамдығы (гравиметрикалық)	килограмм минутына (кг/ мин)	
6	Газ шығысы	килограмм секундына (кг /с)	
	Сұйықтық шығысы		

7	(гравиметрикалық)	грамм секундына (г/с)	
8	Сұйықтық шығысы (көлемдік)	литр секундына (л/с)	
9	Массалық шығыс	килограмм секундына (кг/с)	
10	Май шығысы: Газқұбырлық қозғалтқыштар Поршенді қозғалтқыштар (шекті)	килограмм сағатына (кг/сағ.) грамм киловаттқа-сағ. (г/(кВт *сағ.))	
11	Майды жіберу	грамм секундына (г/с)	
12	Сорғының өнімділігі	литр минутына (л/мин)	
13	Желдеткіштегі ауа ағыны	текше метр минутына	
1	2	3	4
		(м <sup>3</sup> /мин)	
14	Тұтқырлық динамикалық)	(паскаль-секунд (Па *с)	
15	Тұтқырлық I (кинематикалық)	шаршы метр секундына (м <sup>2</sup> /с)	
6. Термодинамика			
1	Жылу беру коэффициенті	ватт шаршы метр – кельвин (Вт/(м <sup>2</sup> *К)	
2	Аудан бірлігіне жылу ағыны	джоуль шаршы метр (Дж/м <sup>2</sup> )	
3	Жылу ағынының қуаттылығы	ватт (Вт)	
4	Блғалдылық (абсолюттік)	грамм килограммға (г/кг)	
5	Сызықтық кеңейту коэффициенті	Цельсий градус минус бірінші дәреже (°C-1)	
6	Жылулық саны	джоуль (Дж)	
7	Температура	Цельсий градус (°C)	
7. Электр және магнетизм			
1	Электр сыйымдылық	фарад (Ф)	
2	Электр өткізгіштік	сименс (См)	
3	Шекті электр өткізгіштік	сименс метрге (См/м)	
4	Токтың тығыздығы	ампер шаршы метрге (А/м <sup>2</sup> )	
5	Ток күші	ампер (А)	
6	Электр өрісінің үстірт тығыздығы	кулон шаршы метрге (Кл/м <sup>2</sup> )	
7	Электр қысым	вольт (В)	
8	Электр қозғалтқыш күш	вольт (В)	
9	Магниттік өрістің кернеуі	ампер метр (А/м)	

10	Магнит ағыны	вебер (Вб)	
11	Магнит ағынының тығыздығы	тесла (Тл)	
12	Қуат	ватт (Вт)	
13	Электр мөлшері	кулон (Кл)	
14	Электр кедергі	Ом (Ом)	
8. Жарық және онымен байланысты электромагниттік сәулелену			
1	Жарық	люкс (лк)	
2	Айқындылық	шаршы метрге кандела (кд/м <sup>2</sup> )	
3	Жарқырағыштық	шаршы метрге люмен (лм/м <sup>2</sup> )	
4	Жарық ағыны	люмен (лм)	
5	Жарық күші	кандела (кд)	
6	Жарық энергиясы	люмен – секунд (лм *с)	
7	Сәулелі энергия	джоулю (Дж)	
8	Толқын ұзындығы	метр (м)	
9. Акустика			
1	Жиілік	герц (Гц)	
2	Массалық тығыздық	килограмм текше метр (кг/м <sup>3</sup> )	
3	Шу деңгейі	децибел (дБ)	
4	Кезең, мерзімдік интервал	секунд (с)	
5	Дыбыстың қарқындылығы	ватт текше метр (Вт/м <sup>2</sup> )	
6	Дыбыстық қуаттылық	ватт (Вт)	
7	Дыбыстық қысым	паскаль (Па)	
8	Дыбыс деңгейі	децибел (дБ) е)	
9	Статикалық қысым (мезеттік)	паскаль (Па)	
10	Дыбыс жылдамдығы	метр секундына (м/с)	
11	Көлемдік жылдамдық (мезеттік)	текше метр секундына (м <sup>3</sup> /с)	
12	Толқын ұзындығы	метр (м)	
10. Ядролық физика және иондаушы сәулелену			
1	Жұтылған мөлшер	грей (Гй)	
2	Жұтылған мөлшер деңгейі	грей секундына (Гй/с)	
3	Радиоизотоптар белсенділігі	беккерель (Бк)	
4	Баламалы мөлшер	сиверт (Св)	
5	Сәулелену әсері	кулон килограмм (Кл/кг)	

6	Сәулелендіру деңгейі	к у л о н килограмм-секундына (Кл/кг *с)	
---	----------------------	--	--

Ескертпе:

1) 5 км төмен көрініс метрмен берілуі мүмкін.

2) Жеке жағдайларда ұшудың әуе жылдамдығының мәні М – Маха түрінде қолданылады.

3) Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияға қосымшаларда жел жылдамдығының белгісі ретінде 1 түйін = 0,5 м./с түрлендіруі қолданылады.

4) Децибел (дБ) дыбыстық қысым деңгейін және дыбыс қуаттылығы деңгейін білдіру үшін бірлік ретінде қолданылатын салыстырмалы шама болып табылады. Бұл бірлікті қолданған уақытта бастапқы деңгейді көрсету қажет.

Қазақстан Республикасының  
әуе кеңістігін пайдалану  
қағидаларына  
8-1-қосымша

**Ескерту. Қағида 8-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 01.08.2019 № 569 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

1. Ұстап қалу кезінде пайдаланылатын фразалар мен олардың мағыналары:

Ұстап қалушы пайдаланатын фразалар		Ұстап қалынатын әуе кемесі пайдаланатын фразалар	
Фраза	Мағынасы	Фраза	Мағынасы
Callsign (Кол сайн)	Шақыру белгіңізді хабарлауыңызды сұраймын	Callsign (Кол сайн)	Менің шақыру белгім (шақыру белгісі)
Follow (Фолоу)	Маған еріңіз	Wilco (Вил коу)	Түсіндім, орындаймын
		Cannot (Кэн нот)	Орындай алмаймын
Descend (Дисэнд)	Қону үшін төменденіз	Repeat (Рипит)	Нұсқауыңызды қайталаңыз
		Am lost (Эм лост)	Бағдардан адасып қалдым
You land (Юлэнд)	Осы әуеайлаққа қоныңыз	Mayday (Мэйдэй)	Апатқа тап болдым
		Ni jack (Хай джэк)	Мені басып алды
Proceed (Просид)	Өз бағытыңызбен жүре беріңіз	Land (place name) Лэнд (пункттің атауы)	(пункттің атауы) қонуға рұқсат сұраймын
		Descend (Дисэнд)	Төмендеу қажет

Ескертпелер:

1. Талап етілетін шақыру белгісі ӘҚК (ӘҚБ) органымен байланыс орнату үшін пайдаланылатын және ұшу жоспарына енгізілген әуе кемесінің тану индексіне сәйкес келетін шақыру белгісі болып табылады.
2. Жағдай "ХАЙ ДЖЭК" фразасын қолдану үшін әрдайым қолайлы бола бермейді.

2. Ұстап қалынған жағдайда пайдаланылатын сигналдар:

1) Ұстап қалатын әуе кемесі беретін сигналдар мен ұстап қалынатын әуе кемесінің жауаптары:

Сериясы	Ұстап қалатын әуе кемесінің сигналдары	Мағынасы	Ұстап қалынатын әуе кемесінің жауаптары	Мағынасы
1.	<p>Күндіз немесе түнде –</p> <p>ұстап қалынатын әуе кемесінен сәл жоғары, алдында және әдетте, сол жағынан (немесе егер ұстап қалынатын әуе кемесі тікұшақ болса оң жағынан) бірдей емес уақыт аралығында бір қанаттан екінші қанатына тербелуі және аэронавигациялық оттарын жыпылықтату және сигналдың қабылданғаны расталғаннан кейін тиісті бағытқа шығу үшін көлденең жазықтықта, әдетте, сол жаққа (немесе оң жаққа, тікұшақ ұстап қалынаған жағдайда) баяу кері бұрылу.</p> <p>1-ескертпе.</p> <p>Метеорологиялық жағдайларға немесе жер бедеріне қарай ұстап қалатын әуе кемесінен 1-серияда көрсетілген өзінің орналасқан орнын және кері бұрылу бағытын ауыстыру талап етілуі мүмкін.</p> <p>2-ескертпе.</p> <p>Егер ұстап қалынатын әуе кемесі ұстап қалатын әуе кемесіне ілесіп үлгермесе, онда</p>	Сізді ұстап қалдық. Соңымнан еріңіз.	Күндіз және түнде – әуе кемесінің тербелуі және бірдей емес уақыт аралығында аэронавигациялық оттарын жыпылықтату, ұстап қалушы әуе кемесіне ілесу	

	<p>ұстап қалатын әуе кемесі 180 градуска (ипподром) екі мәрте кері бұрылу схемасы бойынша ұстап қалынатын әуе кемесінің қасынан ұшып өткен сайын әуе кемесін бір қанатынан екіншісіне (кезекпен сол және оң жаққа қисайып) тербелтіп, бірқатар маневрді орындайды.</p>			Түсіндім. Орындаймын.
2.	<p>Күндіз немесе түнде –ұстап қалынатын әуе кемесінің жол сызығын қиып өтпей биіктік алу арқылы 90 градуска және одан жоғары бұрылу жолымен ұстап қалынатын әуе кемесінен күрт алшақтауы.</p>	Өз бағытыңызбен жүріңіз.	Күндіз немесе түнде – бір қанаттан екіншісіне тербелу.	Сізді түсіндім. Орындаймын.
3.	<p>Күндіз немесе түнде –шассиді шығару (егер мүмкін болса), қону фараларын қосу және пайдалануға болатын ҰҚЖ үстінен ұшып өту немесе егер ұстап қалынатын әуе кемесі тікұшақ болып табылса, тікұшақ қонатын алаңның үстінен ұшып өту. Тікұшақтар болған жағдайда ұстап қалатын тікұшақ қону алаңына жақын жерде қалқып тұру режиміне ауыса отырып, қонуға бет алуды орындайды.</p>	Осы әуеайлаққа қонуды орындаңыз.	Күндіз немесе түнде – шассиді шығару (егер мүмкін болса), қону фараларын қосу және ұстап қалатын әуе кемесінің соңынан еру және егер пайдалануға болатын ҰҚЖ-дан немесе тікұшақ қонатын алаңнан ұшып өткеннен кейін қону үшін жағдай қауіпсіз деп саналса, қонуды орындау басталады.	Сізді түсіндім, орындаймын.

2) Ұстап қалынатын әуе кемесі беретін сигналдар және ұстап қалатын әуе кемесінің жауаптары:

Сериясы	Ұстап қалынатын әуе кемесінің сигналдары	Мәні	Ұстап қалатын әуе кемесінің жауаптары	Мағынасы
4.	Күндіз немесе түнде – пайдалануға болатын ҰҚЖ немесе тікұшақ қонатын алаңның үстінен әуеайлақ деңгейінен 300 метрден (1000 фут) астам, бірақ 600 метрден (2000 фут) аспайтын (тікұшақтар үшін 50 метрден (170 фут) астам, бірақ 100 метрден (330 фут)) аспайтын биіктікте ұшып өткен кезде шассиді жинау (егер мүмкін болса) және қону фараларын жыпылықтату және пайдалануға болатын ҰҚЖ немесе әуеайлақ үстінен шеңбер жасап ұшуды жалғастыру. Қону фараларын жыпылықтату мүмкін болмаған жағдайда кез келген борттық оттарды жыпылықтату жүргізіледі.	Сіз көрсеткен әуеайлақ жарамайды.	Күндіз немесе түнде – егер ұстап қалынатын әуе кемесі ұстап қалатын әуе кемесіне еріп қосалқы әуеайлаққа барғаны орынды болса, ұстап қалынатын әуе кемесі шассиді жинайды (егер мүмкін болса) және ұстап қалатын әуе кемелері үшін 1-сериялы сигналдарды пайдаланады.	Сізді түсіндім, маған еріңіз.
5.	Күндіз немесе түнде – борттық оттардың бәрін жиі, бірақ оларды жарқылдау оттарынан ажыратуға болатындай есеппен қосып сөндіру.	Орындай алмаймын.	Күндіз немесе түнде – ұстап қалынатын әуе кемелері үшін 2-сериялы сигналдар пайдаланылады.	Сізді түсіндім.
6.	Күндіз немесе түнде – әртүрлі уақыт аралығында барлық борттық оттарды жыпылықтату.	А п а т жағдайындамын.	Күндіз немесе түнде – ұстап қалынатын әуе кемелері үшін 2-сериялы сигналдар пайдаланылады.	Сізді түсіндім.

### 3. Ұстап қалу кезінде маневр жасау:

1) Ұстап қалынатын азаматтық әуе кемесі үшін қауіп тудырмау үшін азаматтық әуе кемелерінің ұшу-техникалық сипаттамаларына қатысты шектеулерді, ұстап қалынатын әуе кемесіне соқтығысу қаупі туындайтын жақын ұшудан бас тарту қажеттігін, сондай-ақ әуе кемесінің ұшу траекториясын қиып өтуден немесе іздегі турбуленттілік, әсіресе ұстап қалынатын әуе кемесі жеңіл әуе кемелерінің санатына кірген жағдайларда қауіп төндіру ықтималдығы орын алатындай кез келген басқа маневрді орындаудан қашқақтау қажеттігін ескерген жөн.

2) Соқтығысудың алдын алудың борттық жүйесімен (САБЖ) жабдықталған ұстап қалынатын әуе кемесі ұстап қалатын әуе кемесін соқтығысу қаупі ретінде қабылдауы және осылайша, САБЖ соқтығысу қаупін шешу жөніндегі ұсынымға жауап ретінде жалтару маневрін орындауды бастауы мүмкін. Мұндай маневрді ұстап қалатын әуе кемесі қырын қабақ ниеттің көрінісі ретінде дұрыс түсінбеуі мүмкін. Осыған байланысты екінші шолу радиолокаторының (ҚШРЛ) қабылдағыш-жауап бергішімен жабдықталған ұстап қалатын әуе кемелері пилоттарының ұстап қалынатын әуе кемесінен кемінде 37 километр (20 теңіз милі) қашықтық шегінде барометрлік биіктік туралы ақпарат беруді (С режимінің жауаптарында немесе S режимінің жауаптарының АС алаңында) тежеуі маңызды. Бұл ұстап қалатын әуе кемесінің САБЖ ұстап қалынатын әуе кемесіне қатысты соқтығысу қаупін шешу бойынша ұсынымдар беруге кедергі келтіреді, алайда бұл САБЖ әуе қозғалысы туралы консультативтік ақпарат беруді жалғастырады.

### 4. Визуалды тану үшін маневр жасау

Азаматтық әуе кемесін визуалды тану үшін ұстап қалатын әуе кемелеріне маневр жасаудың мынадай әдісін қолдану ұсынылады:

#### I фаза

Ұстап қалатын әуе кемесі ұстап қалынатын әуе кемесіне артқы жарты сферадан жақындауы керек. Ұстап қалатын бөлімшенің жетекші әуе кемесі немесе жеке ұстап қалатын әуе кемесі, әдетте, ұстап қалынатын әуе кемесінің пилотына көрінетін алаң шегінде қалып және бастапқыда әуе кемесіне 300 метрден артық жақындамай ұстап қалатын әуе кемесінің сол жағынан біршама жоғары және алдындағы позицияда болуға тиіс. Ұстап қалуға қатысушы кез келген басқа әуе кемесі ұстап қалынатын әуе кемесінен мейлінше алшақ, негізінен осы кемеден жоғары және артында қалуға тиіс. Жылдамдық пен позиция белгіленгеннен кейін әуе кемесі қажеттілігіне қарай ұстап қалу қағидаларының II фазасына өтуі қажет.

#### II фаза

Ұстап қалатын бөлімшенің жетекші әуе кемесі немесе жеке ұстап қалатын әуе кемесі ұстап қалынатын әуе кемесіне дәл сол деңгейде байқап жақындағаны жөн, бірақ талап етілетін ақпаратты алу үшін сөзсіз қажет деңгейден артық жақындамауы керек. Ұстап қалынатын әуе кемесінің экипажын немесе жолаушыларын қорқытып алмау

үшін ұстап қалатын бөлімшенің жетекші әуе кемесі немесе жеке ұстап қалатын әуе кемесі ұстап қалатын әуе кемесі үшін қалыпты деп саналатын маневрлерді жолаушылар мен азаматтық әуе кемелерінің экипаждары қауіпті деп түсінуі мүмкін екенін үнемі ескере отырып, сақ болуы қажет.

Ұстап қалуға қатысатын кез келген басқа әуе кемесі ұстап қалынатын әуе кемесінен мейлінше алшақ болуға тиіс.

Тану аяқталғаннан кейін ұстап қалатын әуе кемесі ІІІ фазада көзделгендей, ұстап қалынатын әуе кемесіне жақындау ауданынан шығуы керек.

### ІІІ фаза

Ұстап қалатын бөлімшенің жетекші әуе кемесі немесе жеке ұстап қалатын әуе кемесі ұстап қалынатын әуе кемесінен басқа жаққа қарай қиялай құлдылағанда абайлап бұрылуы керек. Ұстап қалуға қатысатын кез келген басқа әуе кемесі ұстап қалынатын әуе кемесінен мейлінше алшақ болғаны, содан кейін өзінің жетекшісіне қосылғаны жөн.

### 5. Ұшу бағытын көрсету үшін маневр жасау:

1) егер әуе кемесін тану үшін жоғарыда І фазада және ІІ фазада аталған маневрлер орындалғаннан кейін ұстап қалынатын әуе кемесінің ұшуына одан әрі араласу қажет болса, ұстап қалатын бөлімшенің әуе кемесі немесе жеке ұстап қалатын әуе кемесі ұстап қалынатын әуе кемесінің командиріне берілетін визуалды сигналдарды көруге мүмкіндік беру үшін әдетте, одан сол жақтағы, одан біршама жоғары және оның алдындағы позицияда болуы қажет;

2) ұстап қалатын әуе кемесінің командирі ұстап қалынатын әуе кемесі командирінің ұстап қалу туралы хабардар екендігіне және берілетін сигналдарды растайтынына көз жеткізуі қажет. Егер ұстап қалынатын әуе кемесі командирінің назарын аударуға 1-сериялы сигналдарды пайдалану арқылы бірнеше рет жасалған әрекет сәтсіз болса, ұстап қалынатын әуе кемесі үшін ешқандай қауіп тудырмау шартымен шекті шара ретінде форсаждың көмегімен жүргізілетін визуалды әсерді қоса алғанда, осы мақсат үшін сигнал берудің басқа да әдістерін пайдалануға болады;

3) метеорологиялық жағдайлар немесе жергілікті жер бедері кейбір жағдайларда ұстап қалатын бөлімшенің жетекші әуе кемесінің немесе жеке ұстап қалатын әуе кемесінің ұстап қалынатын әуе кемесінен біршама жоғары және алдағы позицияны иелену қажеттігін туындатуы мүмкін. Бұл жағдайда ұстап қалатын әуе кемесінің командирі өзінің әуе кемесі ұстап қалынатын әуе кемесінің командиріне кез келген уақытта анық көрінуі үшін барлық қажетті шараларды қабылдауы тиіс.